

Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және бюджетке төлеу туралы Нұсқаулық N 33

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 1995 ж. 28 маусым N 161. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 ж. 6 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 78. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

7. "Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және бюджетке төлеу туралы" N 33 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 28 маусымдағы N 161 V950078_ бұйрығы. ----

Ескерту: Бүкіл мәтіндегі "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", Заңмен", "Заңға", Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

I. Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеушілер

1. Салық жылында салық салынатын кірісі бар заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен басқа) заңды ұйымдардан табыс салығын

төлеушілер (бұдан әрі - табыс салығы) болып табылады.

Табыс салығын төлеушілерге сондай-ақ резидент емес заңды тұлғалар, олардың филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер жатады.

Табыс салығын төлеушілер салықты төлеуді өздері тұрған жер бойынша жүзеге асырады.

Өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін, сондай-ақ өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін ұқсатудан түскен өнімдерін сатудан алынған кірістер бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер табыс салығын төлеушілерге жатпайды.

Заңды тұлға өздерінің филиалдары, өкілдіктері мен басқа да оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін табыс салығын Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе осы Нұсқаулықтың 6 қосымшасына сәйкес облыстардың бюджеттеріне төлеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңды тұлғаның өтініші бойынша оның бөлімшелері жеке балансы және банк шоты болған кезде дербес салық төлеуші ретінде қарауы мүмкін. Бұл ретте, тұрған орны бойынша оның функцияларының бөлігін орындайтын тұрақты жұмыс орындары жабдықталған заңды тұлғаның кез-келген аумақтық оқшауланған құрылымдық бөлімшесі заңды тұлғаның өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі деп ұғынылады. Егер ол бір айдан артық мерзімге құрылған болса, жұмыс орны тұрақты деп есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацы алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V 9 7 0 0 6 8 _

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту: 1-тармақ 3, 6-абзацтармен толықтырылды, 5-абзац алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

2. Заңды тұлғаға өзінің қатысушыларынан құрылтайшыларынан бөлек салық салынуы тиіс. Соның ішінде консорциумда да, жай серіктестіктің шарты

бойынша алынған кіріс оған қатысушылар арасында бөлініп, олардың әрқайсысының табысы құрамында салық салынады.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің құқықтық мәртебесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда салық қызметі өздігінен оны жеке салық төлеуші ретінде белгілеуге құқылы.

Мәселен, шаруашылық жүргізуші субъектіні тіркеу туралы құжаттарға сай ол заңды тұлғаның филиалы болып табылады. Бірақ та осы субъектіні құруға бірнеше заңды және жеке тұлғалар қатынасып, құрылтайшы болды, сондықтанда ол филиал болып табылмайды. Осыған байланысты шаруашылық жүргізуші субъект жеке салық төлеуші болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту: 2-тармақ 1-абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

II. Салық салынатын табысты есептеу

3. Жылдық кіріс жиынтығы арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін және шегеріммен белгіленетін, салық салынатын кірістер табыс салығы салынатын кешендер болып табылады. Ол салық төленген сәтке, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі курсы бойынша теңгемен есептеледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

4

Ескерту. 4-тармақ алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

5. Резидент емес - заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметінен алған табысын тікелей анықтау мүмкін болмаған ретте салық органы салық салынатын табысты рентабельділіктің 25 % негізге ала отырып, өнімді өткізуден (жұмыстан, қызмет көрсетуден) түскен табыс немесе жасалған шығыс негізінде есептейді.

Бұл жағдайда шығыстарға олар қай жерде жұмсалғанына қарамастан Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің шығыстары ғана емес, сол сияқты осындай адамның Қазақстан Республикасындағы оның қызметіне тікелей байланысты шетелдегі шығыстары да жатады. Шығыстар осы нұсқаулық

белгілеген шегерістерге сәйкес есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің
1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

6. Жылдық жиынтық табыс деп заңды және жеке тұлғалардың күнтізбелік жыл ішінде түрлі көздерден алған табысы ұғынылады. Заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысына кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстардың барлық түрі ж а т а д ы , о л а р ғ а :

- өнімді (жұмысты, қызметті) өткізуден түскен табыс (жанама салықтарсыз);
- үйлерді, ғимараттарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезіндегі құнының өсімінен түскен табыс;

- сыйақылар (мүдделер) түріндегі табыс;

- күдікті міндеттемелер бойынша кірістер;

- акциялар бойынша, заңды тұлғаға қатысудан, сондай-ақ заңды тұлғаны жою кезінде мүлікті бөлуден, инфляция деңгейін ескере отырып жарғылық капиталға қатысушының (акционердің) мүлкінің жарналарын қоспағанда, алынатын д и в и д е н д т е р ;

- қайтарусыз алынған мүлік пен ақшалар;

- заңның 138-баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес салық органдары е с е п т е й т і н к і р і с т е р ;

- берілген немесе борышқорға таныған айыппұл, өсім, және санкциялардың басқа да түрлері, экспорттау кезінде төмендетілген құны бойынша активтерді сатудан түскен табыстар; мүлікті жалға беруден түскен табыстар; роялти; мемлекеттік бюджеттен алынған жәрдемақыларды қоспағанда заңды тұлғалар алған жәрдемақылар; кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе кәсіпорынды жабуға келісім бергені үшін алынған табыстар.

Мысал: А және Б заңды тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен айналысады, оның барысында олар бір ауданда бірдей тауарлар сатып өткізеді. Осының нәтижесінде А заңды тұлғасы үшін өткізу нарығы едәуір тарылды. А және Б заңды ұйымдары арасындағы шарт бойынша соңғы аталған тауарларды осы ауданда сатпауға келісім берді, сол үшін А заңды тұлғасынан 100 мың теңге алды. Б заңды тұлғасы үшін 100 мың теңге осындай келісім шарт заңды болып табылады ма, жоқ па - соған қарамастан жылдық жиынтық табысқа кіреді;

- бұрын шегерімге жатқызылған банктердің құрылған провизияларының мөлшерінің к е м у і н е н к і р і с т е р ;

Мысал: Жыл басында Н банкінің проценттерді есепке алмағанда 100 млн. теңге өтелмеген кредиті болды. Н банкі күмәнді резерв және 10 млн. теңге үмітсіз борышқа батты және осы соманы алдыңғы жылдың табысынан шегеріп

тастады. II банкі қолданылып жүрген ережелерге сәйкес күмәнді және үмітсіз борышқа арналған резервті 8 млн. теңге дейін қысқартуы тиіс. Осының нәтижесінде II банкі салық салынуға жататын 2 млн. теңге табыс алды.

- жалпы сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бұрын шегерімге жатқызылған сақтандыру резервтерінің кемуінен кірістер;

- есепті жылы анықталған өткен жылдардағы табыс; борыштарды есептен шығарудан түсетін табыстар; қосымша топтағы құн балансынан тыс тіркелген активтер; өтелетін шегерістер, ұтыстар; кәсіпкерлік қызметте қолданылмаған, объектілерді пайдалану кезінде алынған шығыстардан кірістердің артуы; басқа да табыстар.

Ұтыстар - бұл, заңды тұлғалардың конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, салымдар бойынша, лотереялар бойынша заттай және ақшалай түрде алған табыстардың кез келген түрі.

Әлеуметтік саладағы объектілерді пайдаланудан түскен кірістер, әлеуметтік сала бойынша шығарылған шығынды жабуға жатады. Бұл ретте, шығыннан кірістердің артуы жылдық жиынтық кірісті арттырады.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту: 6-тармақ 4-абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

Ескерту. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

7. Өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан түскен табыс жөнелтілген өнім, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер үшін алынған (алынатын) ақшалай және басқадай қаржылар және басқа да операцияларды қамтиды. Ол баспа-бас мәміле кезінде алынған барлық түсімдерді қамтиды.

Сыйлау актісі негізінде заңды тұлға алған мүлік және ақшалай қаржылар

оның кәсіпкерлік қызметтен түсетін табысы болып есептеледі.

Заңды тұлғаның міндеттемелерді есептен шығару оның табысы болып табылады.

Есептен шығару түріндегі табыс сипаты салық төлеуші мейлі қызмет көрсетсе ме, кредиторға басқа табыс әкеле ме немесе есептен шығару тегін жүргізіле ме, жоқ па - бұған байланысты болмайды.

Мысалы. А заңды тұлғасы Б заңды тұлғасына 5000 теңге қарыз.

Б заңды тұлғасы А-ны осы міндеттемеден босатсын. А заңды тұлғасы осының нәтижесінде Б заңды тұлғасы қандай да болмасын А-дан пайда алды ма, жоқ па - соған қарамастан 500 теңге табыс алады.

Алынған тауарлар бойынша туындаған және туындаған сәтінен бастап екі жыл мерзімінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер күмәнді деп танылады және салық төлеушінің жиынтық жылдық кірісіне енгізілуге жатады.

Егер бұрын кіріс деп танылған несиелік берешек төленген болса, онда салық төлеушінің жиынтық жылдық кірісі жасалған төлеу көлеміне азайтылуға жатады. Жиынтық жылдық кірісті бұлай азайту бұрын кіріске жатқызылған көлем шектерінде өтеу жасалған сол есепті кезеңде жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.

8. Жиынтық жылдық табыстан мыналар алып тастауға жатады:

- Қазақстан Республикасындағы төлеу көзінде бұрын салынған, заңды тұлғалар алған дивидендтер;

- заңды тұлғалар алған және солардың кәсіпкерлік әрекетімен байланысты жағымды бағамдық айырмашылық;

9 Шетел валютасындағы есеп операциялары" бухгалтерлік есеп стандарттарының ережелеріне сәйкес курстық айырым - бұл курстың өзгеруі кезінде есептік валютадағы қаржылық есеп берудің бір және дәл сондай бірлік санының және бухгалтерлік есеп жүйесіндегі көрініс нәтижесінде туындайтын айырым.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан алынған кіріспен байланысты операцияларды жасау кезінде сомаларды бекітумен шетел

валютасындағы айырым салық салу мақсатында ескеріледі;
- ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын сатқан кезде құн өсуінен
т ү с е т і н т а б ы с ;

- заңды тұлғалардың зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарға сәйкес
алған және жеке зейнетақы шоттарына жолдаған инвестициялық табыстары;
- эмитенттің бағалы қағаздар рыногына бастапқыда өз акцияларын
орналастырған кезде акциялар құнының олардың кесімді құнынан артып кетуі.
Өз акцияларын бастапқы орналастыру эмитенттің жарғылық капиталды
қалыптастырған кезде акцияларды орналастыруы болып табылады.

М ы с а л ы :

Жабық акционерлік қоғам (бұдан былай - қоғам) 01.01.1998 ж. бастапқы
эмиссия кезінде номиналдық құны 80 мың теңге 50 акция шығарды.

Осы қоғам 15.05.1998 ж. номиналы бойынша 5 өз акциясын сатып алды және
оларды 90 мың теңге баға бойынша сатты.

Өз акцияларын сатудан түскен 100 мың теңге (50 дана x 2 мың теңге) және 50
мың теңге (5 дана x 10 мың теңге) болды.

- мемлекеттік кәсіпорындардан мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ Қазақстан
Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мекемелерден мемлекеттік
кәсіпорындар тегін негізде алған негізгі қаражаттардың құны.

Қоғамның жылдық жиынтық табысы өз акциясының құны 100 мың теңге
мөлшерінде олардың номиналдық құнынан арту сомасына түзетіледі

- Егер қоғам ашық акционерлік қоғам болып табылса, онда ашық
акционерлік қоғамның акцияларын сатудан түскен кіріске салық салынуға
жатпайды.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1998.07.10. N 62

бұйрығымен.

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту: 8-тармақ 4-абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен.

V990887_

Ескерту. 8-тармақ 4-5 бөлшектермен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен.

V991039_

Ескерту. 8-тармақ 5 бөлігі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі N 301 бұйрығымен.

V001104_

Ескерту. 8-тармақтың соңғы абзацы алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

9.

Ескерту. 9-тармақ алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

10. Заңды тұлғалардың жиынтық жылдық табысынан осы Нұсқауға сәйкес шегерілуге жатпайтын шығыстардан басқа оны алумен байланысты барлық шығыстар шегеріледі.

Осы Нұсқауда нормалар шегіндегі шығыстарды шегерімдерге жатқызу жағдайлары анықталуы мүмкін.

Заңды тұлғалардың жиынтық жылдық кірісінен оны алумен байланысты және белгіленген тәртіппен салық салу кезінде негізгі құралдарды сатып алу, оларды орналастыру жөніндегі шығындар мен осы Нұсқаудың 61 тармағына сәйкес капиталдық сипаты бар басқа да шығындар, сондай-ақ жинақтама зейнеткерлік қорларға төленетін міндетті зейнеткерлік жарналарды қоспағанда, ескерілетін барлық шығындар, соның ішінде еңбекке ақы төлеу, олардың қызметкерлеріне табыс салығы салынған материалдық және әлеуметтік игіліктер беру жөніндегі шығындар шығарылып тасталады.

Салық заңдарымен реттелетін шығындар белгіленген нормалар шектерінде есептен шығарылады.

Есептен шығарулар кәсіпкерлік қызметтен кіріс алуға байланысты шығындарды растайтын құжаттар болған жағдайда жүргізіледі.

Іссапарлық, өкілдік шығындар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шектерінде есептен шығарылады.

Табиғи монополистердің шығындары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар шектерінде есептен шығарылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі

Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24

бұйрығымен. V960015_

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің

1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.
Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.
Ескерту: 10-тармақ 1, 2 абзацтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

11. Банктер мен осы Нұсқаудың 14-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда басқа да ұйымдар беретін, алынған несиелер үшін сыйақылар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы бойынша несиелер (заемдар) жөнінен аталған ставканың 50 процентіне теңгемен көбейтіліп, және Лондон банкаралық рыногының ставкасы бойынша, несиелер (заемдар) жөнінен 100 процент шетел валютасымен көбейтіліп есепті кезең үшін есептелген сомалардың шамасында шегеруге жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қайта қаржыландыру ставкасы мен Лондон банкаралық рыногының ставкасы несиені (заемды) алу сәтінде қолданылады. Шетелдік валютамен несие (заем) алған кезде 21.07.97 ж. дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы , 21.07.97 ж. бастап Лондон банкаралық рыногының ставкасы қолданылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен. V960015_

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 11-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.

12. Табыс алуға байланысты ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарына жұмсалған шығыстар шегеріліп тасталады, бұған негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға, оларды орнатуға, жұмсалған шығыстар мен күрделі сипаттағы басқа шығындар кірмейді.

13. Сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушылар төлейтін сақтандыру сыйақысы жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларынан басқасынан шегеріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

14. Салық мақсатында тіркелген активтерге салық төлеушінің бухгалтерлік

балансында ескерілетін және кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер жатады.

Негізгі құралдарға салық мақсатында құны 40 айлық есепті көрсеткіштен асатын және қызмет ету мерзімі бір жылдан артық материалдық активтер жатады .

Материалды емес активтерге кәсіпкерлік қызметінде ұзақ мерзімді кезеңде (бір жылдан артық) заңды (құрылтайшылар мен қатысушылардың шығынын қоса есептегенде) және жеке тұлғалар пайдаланылатын материалды емес объектілер ж а т а д ы .

Тіркелген активтердің құнына салық төлеуші шегерімге құқығы бар шығындардан өзге, оларды сатып алу, өндіру, салу, монтаждау және орнату жөніндегі шығындар, сондай-ақ олардың құнын өсіретін басқа да шығындар е н г і з і л е д і .

Тіркелген активтердің құны салық заңдарымен белгілеген тәртіппен және шарттармен амортизациялық аударымдарды есептеу арқылы шегерімге ж а т қ ы з ы л а д ы .

Салық салу мақсатында тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу мен есепке алу, жөндеуге жұмсалған шығыстар мен басқа да шегерімдер тәртібі осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында белгіленген.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

15. Осы қосымша топқа кіретін негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге жұмсаған шығыстар бойынша әрбір қосымша топқа қатысты шегерім жасауға р ұ қ с а т е т і л е д і .

Әрбір қосымша топ бойынша негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге жұмсалған шығыстар сомасы тиісті қосымша топтың салық кезеңінің соңындағы құн балансының 15 проценті мөлшерінде шегеріледі. Аталған шектен асатын сома қосымша топтың құн балансын арттырады.

Егер салық төлеуші өзге есеп кезеңін (ай, тоқсан) қолданса, онда жөндеуге жұмсалған шығыстар тиісті есеп беру жылының соңындағы қосымша топтың құн б а л а н с ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Мемлекеттік және жергілікті бюджеттен алынған субсидиялар есебінен жөндеуге жұмсалған шығыстар шегерімге жатпайды және топтың құн балансын к ө б е й т п е й д і .

Егер, тіркелген активтердің есебі салық салу мақсатында әрбір объекті бойынша жүргізілген жағдайда, осы тармақпен белгіленген шектен тыс жөндеуге жұмсалатын шығыстар жөндеуге жұмсалған тиісті негізгі құрал жабдықтардың к ұ н ы н а р т т ы р у ғ а ж а т қ ы з ы л а д ы .

Ағынды жалдау жағдайындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын негізгі құралдардың жөндеу шығындарына жалға алушының жүргізген сомалары аталған негізгі құралдар жалға алушының қосымша тобының баланстық құндағы шегеріміне есептелмейтін болғандықтан, жалға алушыдан шегеруге жатпайды. Жалға беруші жалға алушыларға олардың жалға берген негізгі құралдарын жөндеу жөніндегі шығындарын өтеген жағдайда, осы шығындар жалға берушіден жалпы белгіленген тәртіппен шегерілуге жатады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

16. Бағалау, жайғастыру, жалпы әкімшілік шығыстар және қол қою бонусы мен коммерциялық табу бонусын төлеумен байланысты шығыстарды қоса алғанда жер қойнауын пайдаланушы геологиялық зерттеу, барлау және пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсаған шығыстары жеке топ құрап, жер қойнауын пайдаланушының ұйғарымы бойынша айқындалған нормалар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру басталған сәттен бастап амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегеріледі, бірақ 25 процент көлемінде амортизациялаудың шекті нормаларынан асырылмады.

Осы шығыстар жер қойнауын пайдаланушы геологиялық зерттеу жүргізу және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары кезеңінде жасалған шарт шеңберінде жүзеге асырылған кірістер сомасына оларды азайту арқылы түзетілуі тиіс, пайдалы қазбаларды (тәжірибелі-өнеркәсіптік мақсаттардан басқа) сатудан алынған кірістерден, осы Нұсқаудың 8-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табыстан шегерілуге жататын кірістерден және осы Нұсқаудың 50-тармағына сәйкес салық салудан босатылған кірістерден басқа.

Осы тармақпен белгіленген тәртіп сондай-ақ салық төлеушінің табиғи ресурстарды геологиялық зерттеу, әзірлеу немесе пайдалану құқығын алуға байланысты шеккен материалдық емес активтер шығындарына, сондай-ақ мемлекеттің келісім-шарттық аумақтарда жүргізген тарихи шығындарының орнын

толтыруда жер қойнауын пайдаланушылардың бюджетке нақты төлеген сомаларына қолданылады.

алынып тасталынды.

V011388_

алынып тасталынды.

V011388_

Егер салық төлеуші материалдық емес активтерді сатып алу жөнінде шығындар жұмсамаса, онда осы материалдық емес активтердің құны шегерілуге жатпайды (гудвилл) санаткерлік меншік.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақта бірінші және екінші азатжолдар жаңа редакцияда -
ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10.
N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 16-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту: 16-тармақ 1, 2, 3-абзацтармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен.

V990887_

Ескерту. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

17. Өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге - Қазақстан Республикасының резиденттеріне, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асырушы және кіріс есептелген сәттен бастап екі жыл ішінде қанағаттандырылмаған резидент емес заңды тұлғаларға өткізу нәтижесінде туындаған күмәнді талаптар шегерімге ж а т а д ы .

Салық төлеуші күмәнді талаптарды салықтық мақсаттарда өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу нәтижесінде туындаған шегерімдерге, талаптарға жатқызған кезде, күмәнді талаптарды шегерімге жатқызу сәтінде заңды тұлғалар арасында құрылған салыстыру актілерімен, заңды тұлғаның тауарлық-материалдық қорларды нақты алуын растайтын, тауарлық-материалдық қорларды алуға шот-фактураларда, шот-хабарламаларда, сенім хаттарда белгіленген тәртіпте рәсімделген тиісті құжаттармен расталуы керек. Күмәнді талаптарды шегерімге жатқызудың осы тәртібі халықпен есептесу кезіндегі коммуналдық қызметтер бойынша туындаған талаптарға таратылмайды .

Жоғарыда аталған құжаттардан өзге (салыстыру актісінен басқа) борышкер-заңды тұлғаны тарату кезінде осы заңды тұлғаның таратылуын тіркеу, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті жою және оны мемлекеттік Тіркеуден шығару туралы әділет органдары бұйрығының көшірмесін қосымша ұ с ы н у қ а ж е т .

Борышкер-салық төлеуші банкрот деп танылған жағдайда жоғарыда аталған барлық құжаттарға (салыстыру актісінен басқа) қосымша оны банкрот деп тану туралы сот шешімінің көшірмесін ұсыну қажет.

Осы борышкерлік қарыз заңды тұлғаның бухгалтерлік есебіндегі - сатып алушылармен және 1997 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемелері департаментінің N 72 бұйрығымен бекітілген тапсырыс берушілермен есеп айырысуды есепке алу жөніндегі жаршыдағы тіркелімде көрсетілуі керек.

Бұл ретте, күмәнді деп танылған немесе күмәнді қарыздар бойынша өндіріп алу, және (немесе) резерв құру үшін нақты емес борышкерлік берешектерді бухгалтерлік шығынға жатқызу салық салу мақсатында есепке алынбайды.

МЫСАЛ: Б заңды тұлғасының А заңды тұлғасы алдындағы 1998 жылғы 1 наурызда есептелген өтелмеген берешегі 120,0 мың теңге құрайды (соның ішінде ҚҚС 20,0 мың теңге). Аталған заңды тұлғалар арасында жасалған шартта Б заңды тұлғасының берешектерді өтеу мерзімі 1998 жылдың 01 желтоқсаны деп белгіленген.

А заңды тұлғасының қаржылық есеп беруді құру кезінде Б заңды тұлғасының 1999 жылдың қорытындылары бойынша борышкерлік берешегі (талабы) бухгалтерлік есеп жөніндегі ережелерге сәйкес үмітсіз деп танылды және осы сомаға күмәнді берешектер бойынша резерв құрылды.

Салық салу мақсатында А заңды тұлғасы 100,0 мың теңге (ҚҚС-сыз) көлеміндегі аталған борышкерлік берешекті шегерімге тек қана кіріс есептелген сәттен бастап екі жыл аяқталуы бойынша, яғни, 2000 жылға Декларация құру кезінде жатқызуда құқылы.

Банктердің күмәнді талаптарға қарсы провизиялар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп белгілеген мөлшерде шегерім жасауға құқығы бар.

Мысал: Банк 1000 мың теңге сомасында күмәнді талаптарға қарсы провизиясы (резервтік қоры) болды (өтелмеген 10000 мың теңге кредит сомасының 10 проценті). Жылдың аяғында өтелмеген кредит 12000 мың теңге, ал резерв қоры - 1200 мың теңге болды. Бұл жағдайда банк 200 мың теңге мөлшерінде резервтік қордың өсім сомасын жылдық жиынтық қорынан шегеріп тастайды.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен. V960015_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

18. Жалпы сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормаларға сәйкес

сақтандыру резервтеріне аударымдар сомаларын шегереді. Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға өмірді сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымымен жасалған қайта сақтандыру шарттарына қабылданған аударымдар сомасынан басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормаларға сәйкес сақтандыру резервтеріне аударымдар сомаларын шегереді.

Заңдарға сәйкес жасалған, өзара шарт негізінде жер қойнауын игерумен айналысатын заңды тұлға осы кен орнының жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды аяқтауға байланысты, кен орындарын ашу (резерв қоры) зардаптарын жою қорына аударылған шегеруге құқылы. Кен орындарын ашу зардаптарын жою қорына аударымдарды аудару көлемі мен тәртібі кен орындарын ашу зардаптарын жоюға арналған шығындар сомаларының жобасынан шыға отырып, Құзыретті органдардың келісімі бойынша, шарттарға салық сарабын жүргізу, кен орындарын ашудың барлық мерзіміне жер қойнауын пайдалану шартымен тағайындалды. Егер, кен орындарын ашу зардаптарын жою бойынша нақтылы шығындар, көрсетілген қорға есептелген аударымдардан төмен болған жағдайда, пайдалы айырмашылық, жер қойнауын пайдаланушының салық салынатын кірісіне енгізіледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24
бұйрығымен. V960015_

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік
салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

18а. Салық төлеушілердің уақытша еңбекке жарамсыздық, жүктілік пен босану бойынша демалысына ақы төлеу жөніндегі шығындары есепті кезеңде есептелген еңбекке ақы төлеу қорынан 1,5 процент шегінде есептен шығарылады

Аталған шығындардың есепті айда белгіленген нормадан артығы келесі айда есептен шығаруға жатқызу үшін ауыстырылады. Уақытша еңбекке жарамсыздық, жүктілік пен босану бойынша демалысына ақы төлеу жөніндегі шығындардың белгіленген нормадан артық сомаларын ауыстыру есепті салық жылының шегінде болуы мүмкін. Салық жылы ішінде есептен шығаруға жатқызылмаған

мұндай шығындардың артық сомалары жиынтық жылдық кіріс және жасалған есептен шығарулар туралы жыл декларациясының қорытындылары бойынша заңды тұлғаның таза кірісі есебіне жатқызылады.

Есептен шығаруға сондай-ақ қызметкерге зақымданумен немесе солардың жұмысына байланысты денсаулығының өзге бүлінуімен, сондай-ақ асыраушысынан айырылумен келтірген залалды өтеуге заңдарда белгіленген көлемде өтеуге бағытталған шығындар да жатады.

Қызметкерге зақымданумен немесе денсаулығының өзге бүлінуімен, сондай-ақ асыраушысынан айырылумен келтірген залалды өтеу жөніндегі нақты шығындардың заңдарда белгіленген нормалардан артығы заңды тұлғаның таза кірісі есебіне жатқызылады.

Ескерту. 18а-тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19 N 519 V990802_ бұйрығымен.

19. Салық төлеушілер тауар-материалдық қорларды салық мақсаттары үшін есепке алу бухгалтерлік есеп стандартымен сәйкес жүргізеді. Салық төлеуші бекітілген әдістің тауарлық-материалдық қорлардың өз құнының бағасы: (орташа ұстамды құн, ФИФО, ЛИФО және спецификалық идентификацияның) біреуін таңдауы тиіс және салық қызметі органдарының рұқсатынсыз келесі жылдарда бір әдістен екіншісіне көше алмайды. Осындай рұқсатты алудың шарты ретінде салық төлеуші өзінің жылдық жиынтық табысына қажетті түзету жасауын салық қызметі органдары талап ете алады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен. V960015_

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 19-тармақтың бірінші абзацы өзгертілді, екінші-бесінші абзацтар алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

20. Сонымен бірге жылдық жиынтық табыстан:

- есептелген сома шегінде төленген салықтар, соның ішінде құнды қағаздар мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық идентификациялау нөмірін беру эмиссиясын тіркеу үшін алымдар, әлеуметтік

салық, жер салығы, заңды тұлғалардың мүлкіне салық, көлік құралдарына салық;

- бюджетке енгізуге жататынды қоспағанда, айыппұлдар мен өсімдерді қоса есептелген сома шегінде төленген тұрақсыздық төлемі;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шығындар нормативтеріне сәйкес мемлекеттік әлеуметтік саланы ұстау үшін заңды тұлғалар ш е к к е н ш ы ғ ы н д а р ;

- Жылдық жиынтық табыс алу үшін кәсіпкерлік қызметте үш жылдан аса пайдаланылған құрылыстарды сату кезінде пайда болған шығындар шегеріліп т а с т а л а д ы .

Жер қойнауын игерушінің қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік салаларын дамытуға нақтылы жұмсалған (төленген) шығындары, жер қойнауын пайдалану шарттарында белгіленген сомалар шегінде ;

- заңдарға сәйкес жасалған, жер қойнауын пайдалану шарттары негізінде қызметтерін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, барлық салық төлеушілер үшін көзделген, шегерімдерден басқа, салық салынатын кірістердің сомасын анықтау кезінде роялтилердің бойынша шегерімдерге құқысы бар.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 20-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту: 20-тармақтың 2-абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 б ұ й р ы ғ ы м е н . V 9 9 0 8 8 7 _

20-1. Бұрынғы салық жылы үшін ағымдағы салық жылында төленген салықтар оларды төлеу жүргізілген сол салық жылында шегерімге жатады.

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

21. Бағалы қағаздарды сату кезінде пайда болған шығын шегеріс жасауға жатпайды. Аталған шығын басқа бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құнның өсімінен түскен табыстың есебінен өтеледі.

Егер осы аталған шығын сол шығын жасалған жылы өтелмейтіндей болса,

онда олар бес жылға дейінгі мерзімге алға көшірілуі және бағалы есебінен өтелуі
т и і с .

22. Кәсіпкерлік қызметтен пайда болған шығын (салық салынатын табыстан көзделген шегеріс жасаудың артып кетуі), алдыңғы кезеңдердегі салық салынатын табыстың есебінен өтеу үшін үш жылға дейін қосып мерзімге алға көшіріледі. Шығындарды көшірудің мысалы осы нұсқаулықтың N 3 қосымшасында келтірілген.

Жер қойнауын пайдалану шарты бойынша жүзеге асырылатын қызметке байланысты жинақталған шығындарды кірістерге салықты есептеу кезінде, жер қойнауын пайдаланушы толық жеті жылғы мерзімге дейін ауыстырады. Бұл ретте, барлауға және өндіруге жасалған шарт бойынша кен орындарын барлау және орналастыру шығындарына байланысты жинақталған шығындарды ауыстыру, пайдалы қазбаларды өндіру басталған жылдан басталады.

Мысал: "Х" компаниясы сутегін барлауға және өндіруге шарт жасады. Іс барысында, осы шарт бойынша компания төрт жыл бойына барлау жұмыстарын жүргізіп, бесінші жылы коммерциялық маңызы бар мынадай кен орнын ашады және сол жылы сол кен орнын игеруге және мұндайды өндіруге кіріседі.

Бұл жағдайда, компанияның геологиялық зерттеулерге, барлауға және пайдалы қазбаларды өндірудің даярлық жұмыстарына, жаздырылған бонустардың және коммерциялық ашу бонустарының төлемдеріне жұмсалған барлық шығындар өндіру басталған жылдан бастап, өткен барлық жылдар көлемінде қорландырылуы керек. Аталған шығындар бойынша, салық заңдарына сәйкес айқындалған, жинақталған шығындар сомасын ауыстыру мұндай өндіру басталған жылдан - бесінші жылдан бастап басталады және әр жылдың шығыны одан кейінгі жеті жылғы мерзімге дейін ауыстырылуы мүмкін.

Осы тармақтың жоғарыда аталған ережелері бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдардың шегеріміне жатқызудан салық жылы ішінде алынған шығындарға қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Ескерту. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту: 22-тармақтың 1-абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

Ескерту. 22-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

23. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шығыстар, теріс бағамдық айырма шегеріс жасауға жатпайды. Шегерістер, егер олар осы Нұсқаулықтың 10-тармағының ережелеріне сәйкес келмесе, жасалмайды.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

24. Заңды тұлға есептеме жүргізу әдісі бойынша салық салу мақсатында шығыстар мен кірістерді анықтайды.

Есептеу әдісі деп, төлеу мерзіміне қарамастан, мүлікті өткізу және қосып алу мақсатымен өзге заңды немесе жеке тұлғаға жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, жүк жөнелту сәтінен табыстар мен шегерімдерді есептейтін - салықтық е с е п т і ң ә д і с і н а й т а д ы .

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

II-I. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу
Ескерту. Нұсқаулық II-I. бөлімімен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. II-I. бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

24.1. Өмірді сақтандыру, аннуитет, қайғылы жағдайдан және сырқаттан және инвестициялық кірістен сақтандыру шарттары бойынша олардың сақтандыруды (қайта сақтандыруды) жүргізуі кезінде қайта сақтандыру ұйымы мен өмірді сақтандыру саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы алуға (алынған) жататын сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістерден басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының табыс салығымен салық салынатын объектісі болып осы Нұсқаулықпен көзделген жиынтық жылдық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептелген салық салынатын кірісі б о л ы п т а б ы л а д ы .

24-2. Сақтандыру сыйақылары түріндегі алынған (алуға жататын) кірістер бойынша өмірді сақтандыру, аннуитет, қайғылы жағдайдан және сырқатты сақтандыру шарттары бойынша олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізуі кезінде өмірді сақтандыру мен қайта сақтандыру ұйымының саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының табыс салығын есептеу

мен төлеу тәртібі "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының табыс салығын бюджетке есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 Нұсқаулығымен айқындалған.

III. Халықаралық салық салу

25. Қазақстан Республикасы аумағында кәсіпкерлік қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, сондай-ақ тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасынан табыстар алатын шетел заңды тұлғалары резидент емес салық төлеуші болып табылады.

26. Резидент емес салық төлеушілердің жылдық жиынтық табысы деп Қазақстан Республикасындағы көздерден ғана Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары алған табыстары ұғылады.

Қазақстанда қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмайтын және Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы мәртебесі жоқ Қазақстан Республикасының резиденті емес шетелдік заңды тұлғалардың табысы пайда болған көздері бойынша салық салынуға жатады.

27. Салық мақсаттарында "тұрақты мекеме" термині шетелдік заңды тұлғаның бюджетпен есеп айырысу тәртібін анықтау үшін қолданылады. Бұл термин резидент еместер жүзеге асыратын қатысу және контрактілердің қажетті деңгейін анықтайды, бұлар оны Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс салығын төлеуге тартуға мүмкіндік береді.

28. Тұрақты мекеме деп уәкілдік берген тұлға арқылы жүзеге асырылатын қызметті қоса алғанда, салық төлеушінің сол арқылы кәсіпкерлік қызметті толық немесе ішінара жүзеге асыратын тұрақты қызмет орны.

29. Тұрақты қызмет орны дегеніміз:

- а) бөлімше;
- б) филиал;
- в) офис;
- г) фабрика;
- д) шеберхана;
- е) шахта, мұнай немесе газ бұрғылау, көмір кешені немесе табиғат ресурстарын өндірудің кез келген орны.

Егер кәсіпкерлік қызмет бас кәсіпорыннан нұсқау алатын және өз жұмысы үшін одан сыйақы алатын уәкілдік берілген тұлға жүргізсе, осындай уәкілдік

берілген тұлғаның қызметі, бұлар жеке де, сондай-ақ заңды тұлғалар да болуы мүмкін, тұрақты мекеме құруға әкеліп соғады.

Егер шетелдік заңды тұлғаға тәуелсіз мәртебесі бар агент қызмет көрсетсе, осы агенттің қызметі шетелдік заңды тұлғаның тұрақты мекемесін құруға әкеліп соқпайды. Тәуелсіз мәртебесі бар агент деп өзінің әдеттегі қызметі аясында іс-әрекет жасайтын және заңды түрде де және экономикалық жағынан да шетелдік заңды тұлғадан тәуелсіз тұлға ұғынылады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған шетелдік заңды тұлғаның еншілес компаниясы осындай еншілес компанияның қызметі отау компанияның басшылығымен жүзеге асырылатынына қарамастан өзінің отау (негізгі) компаниясының тұрақты мекемесі ретінде қарастырылмайды, өйткені мұндай еншілес компания салық салу мақсатында тәуелсіз заңды субъект және дербес салық төлеуші болып табылады.

30. Құрылыс алаңы, монтаждау немесе жинау объектісі, сондай-ақ мұндай объектілермен байланысты бақылау қызметін жүзеге асыру жұмысты жүзеге асыру мерзіміне байланыссыз тұрақты мекеме құрады, оған қоса, тұрақты мекеме құрылыс алаңын мердігерге беру туралы актіге қол қойылған сәттен өзінің қызмет етуін бастайды және жұмысты аяқтаған немесе толық тоқтатқан сәтке дейін қызмет етуін жалғастырады.

"Құрылыс алаңы, монтаждау немесе құрастыру объектісі" термині үйлерді, ғимараттарды салу, монтаждауды жүргізу жұмыстарын ғана емес, сондай-ақ көпірлер немесе каналдар құрылысын, труба құбырларын төсеуді және басқа жұмыстарды қамтиды.

Құрылыс немесе монтаждау жұмыстарының табиғаты мынадай да болуы мүмкін: қызмет орны үнемі немесе белгілі бір уақытта ауысып отырады, мысалы, жол құрылысы. Мұндай жағдайда әрбір белгілі бір нүктеде жүргізілген қызмет бірыңғай жобаның бөлігі болып табылады және осы жоба тұрақты мекеме деп қарастырылуы тиіс.

Табиғат ресурстарын барлауға байланысты жұмыстарды жүзеге асырудың өз ерекшелігі бар. Әдетте, мұндай қызметтің тіркелген базасы болмайды және бұл жағдайда табиғат ресурстарын барлауға пайдаланатын ауысып отыратын қондырғы немесе конструкцияның өзі тұрақты мекеме құрайды.

31. Өзінің төлеу көзі Қазақстан болып табылатын тұрақты негізде, контракт немесе басқа да шарттар негізінде инженерлік, консультациялық қызметтер көрсететін басқару жөнінде әртүрлі қызметтер көрсету Қазақстанда тұрақты мекеме құруға әкеліп соғады. Қызметтер көрсету, егер бұл қызметтер Қазақстан Республикасы аумағында көрсетілсе, тұрақты мекеме құрайды. Егер Қазақстанда шетелдік заңды ұйым тұрақты мекеме арқылы әртүрлі қызметтер көрсетсе, ол осы қызметті көрсетуге байланысты шығыстарды ескере отырып, көрсетілген

қызметі үшін алған табысына салық салынады. Бұл жағдайда Қазақстанда осы қызметті көрсетуге байланысты жұмыс істейтін қызметкерлер осыған байланысты алған жалақысына Қазақстанда табыс салығын төлейді. Егер шетелдік заңды тұлға тұрақты мекеме құрмай тұрақты негізде қызмет көрсетпесе , салық төлеу кезінде ұсталуы тиіс.

32. Егер тұрақты мекеменің жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түскен кірісі тұрақты мекеменің шотына соқпай Қазақстан Республикасынан тысқары жерге аударылса, онда салық төлеуші субъект аталған анықтама беріліп отырған органды көрсетіп салық инспекциясы берген, салық төлеуші тұрақты мекеменің тіркеу номері бар анықтама алуы тиіс. Бұл орайда табысты тікелей төлейтін субъект тұрақты мекеме тіркелген салық органына қаржылардың, осы тұрақты мекеменің шотын аттап, үшінші тұлғаның шотына аударылғанын хабарлауға міндетті. Аталған анықтама болмаған жағдайда табыс салығы төлем кезінен ұсталып қалуы тиіс, бұл табыстарға төлем көзінен салық салынады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24
бұйрығымен. V 9 6 0 0 1 5 _

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

33. Егер көрмеге кіру ақылы немесе осы көрмеден тауар сатылатын болса, шетел заңды тұлғасы өткізетін көрмелер тұрақты мекеме құрайды.

34. Тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші Қазақстан Республикасы резиденттері үшін көзделген тәртіппен тұрақты мекемеге байланысты қазақстандық көздерден табысы бойынша табыс салығын төлейді.

35. Кәсіпкерлік қызметтен, соның ішінде тауарлар сатудан, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын, осындай немесе ұқсас кәсіпкерлік қызметтен немесе тауарлар сатудан пайда болатын резидент еместің табысы осы тұрақты мекемеге ж а т а д ы .

36. Резидент емес салық төлеушінің тұрақты мекемемен байланысты емес табысының егер табыс көзі Қазақстан Республикасында болса, жиынтық табысы бойынша төлем көзінде шегеріс жасамай, осы нұсқаулықтың 19-тармағында белгіленген ставкалар бойынша салық салынуы тиіс.

Аталған тәртіп сыртқы сауда шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына енгізілетін шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасының резиденттері төлеген жағдайда қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 36-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

37. Тұрақты мекемемен байланысты емес резидент еместің табысы деп тұрақты мекеме құрмай алған табыс немесе тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен бөлек қызметтен түсетін табыс ұғылады.

Төлем көзіне салынатын салық төлем түріне және төлемнің Қазақстан Республикасының ішінде немесе одан тыс жерлерде жасалғанына қарамай қ о л д а н ы л а д ы .

М ы с а л ы .

Қазақстан Республикасының заңды тұлға-резиденті резидент емес-заңды тұлғадан несие алды. Несие шартына сай резидент емес-заңды тұлғаға төлеуге тиесілі проценттер несие сомасын арттыруға жатқызылады, несие сомасын арттыруға бағытталған проценттер сомасы, егер проценттер шегерімге жатқызылмаса төленді деп саналады. Бұл ретте заңды тұлға-резидент төлем көзінде салық төлеуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 37-тармақ үшінші азатжолмен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту. 37-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

38. "Қазақстандық көздерден алынатын кірістер" деп мыналар ұғынылады:

1) осындай кірістің қайдан төленетініне қарамастан, Қазақстан Республикасында тауарларды өндіруден, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден түскен кіріс;

2) кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс:

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекемелерден а л ы н а т ы н к і р і с ;

егер, мәмілені ресімдеу немесе келісім-шарт жасасу кезінде тауар Қазақстан Республикасының аумағында болса, тауарды Қазақстан Республикасында с а т у д а н т у ы н д а ғ а н к і р і с ;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен және осындай немесе осыған ұқсас сипаты бар кәсіпкерлік қызметтен туындайтын кіріс;

нақты қызмет көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында орналасқан резидентке немесе тұрақты мекемеге шегерім ретінде ол есептелсе, егер басқару, қаржы, консультациялық, аудиторлық, заң және адвокаттық қызмет көрсетуден а л ы н ғ а н к і р і с ;

тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары мен (немесе) жұмыстарды (қызмет көрсетуді) орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе өз деңгейінен кем орындағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл санкциялары);

3) ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сату кезінде құнның өсуінен түскен кірістерден басқа, резидент-заңды тұлғадан және осындай заңды тұлғаның қатысу үлесін сатудан түсетін дивидендтер нысанындағы кіріс;

4) резиденттерден болмаса, егер осы тұлғаның берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар тұлғадан сыйақы (мүдде) нысанында алынған кіріс, берешек бағалы қағаздар бойынша кірістерден
б а с қ а ;

5) Қазақстан Республикасындағы құқығын немесе мүлікті сату пайдалану немесе пайдалану құқығын беру кезінде туындаған роялти нысанындағы кіріс;

6) осындай мүлікке қатысу үлесін сатудан түскен кірісті қоса алғанда, Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кіріс;

7) резидентке Қазақстан Республикасы аумағындағы мүліктерін сатудан түскен өзге де кірістер;

8) Қазақстан Республикасындағы тәуекелдікті сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақы нысанындағы кіріс ;

9) халықаралық байланыс немесе Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттер арасындағы тасымалдау саласында телекоммуникациялық немесе көліктік қызмет көрсетулерден түскен кіріс;

10) Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да кірістер.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 38-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

39. Табыс салығына қосымша ретінде резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесіне осы тұрақты мекеменің таза табысына 15 процент ставка бойынша
с а л ы қ с а л ы н а д ы .

Таза табыс деп осы табыс бойынша төленетін табыс салығы алынып тасталғаннан кейінгі салық салынатын табыс ұсынылады.

Салықтың есептелген сомасы жылдық жиынтық табыс декларациясында және

жұмсалған шығыстарда көрсетіледі.

Таза кіріске салық жиынтық жылдық кіріс және есепті жыл үшін жасалған есептен шығарулар туралы декларация табыс етілген күннен бастап 10 күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірілмей төленеді.

Мысал: Осы нұсқаулықтың 11 бөлімінде көзделген барлық шегерістерді ескере отырып салық салынатын табыс 100 шартты өлшем болды. Табыс салығы - 30 өлшем (30 %). Сонымен таза табыс 70 өлшем (100-30) болады. Таза табысқа салық салу ставкасы 15 % , яғни есептелуге тиісті сома $70 \times 0,15 = 10,5$ өлшем.

Таза табыстың жарғылық капиталды өсіруге жіберілген бөлігі (әрбір акционердің үлесін сақтай отырып) салық салуға жатпайды.

ЕСКЕРТУ. 39-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 39-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту: 39-тармақ 3-абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

40. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден резидент салық төлеуші алған , табыс (барлық географиялық көздерден) жылдық жиынтық табысқа кіреді.

Шетелдік мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының резиденті салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасына қосарлап салық салуды болдырмау мақсатында осы мемлекеттерде алған табыстарынан есептеу жасалады. Бұл жағдайда салық салынатын базаны анықтау және табыс салығын есептеу мақсатында шетелде Қазақстан Республикасы резиденті салық төлеуші алған табыстар жылдық жиынтық табысқа кіреді.

Шетелде төлейтін салықтың есептелген сома мөлшері шетелде алынған табысқа байланысты Қазақстанда есептелінетін сомадан аспауы тиіс.

Мысал: А. мемлекетінде алынған табыс 100 шартты өлшем болды.

А мемлекетінде салық салу ставкасы - 35 % , А мемлекетіндегі салық 35 өлшем болады, Қазақстанда осы табысқа салынатын салық 30 өлшем болған болар еді және нақты есептеу осы шамаға жасалуы тиіс. Қазақстанда осы салық төлеуші 1000 шартты өлшем табыс алды, бұл ретте Қазақстанда оның салық салынатын базасы

$1000 + 100 = 1100$ болды. Қазақстанда салық салу ставкасы 30 %. Қазақстандық ставка бойынша жиынтық табысқа салынатын салық: $1100 \times 0,3 = 330$. А мемлекетінде нақты төленген салықты ескере отырып, Қазақстанда 300 өлшем өндіріп алуға талап етіледі.

Дивидендтер бойынша есептеу мысалы:

А мемлекетінде алынған дивидендтер 100 шартты өлшем болды. Салық 25% ставка, бойынша төленіп, 25 өлшем болды. Дивидендтер қазақстандық салық төлеушінің жылдық жиынтық табысына кіреді ($1000 + 100 = 1100$), бұған 30 % ставка бойынша салық салынады. Өйткені Қазақстанда дивидендке қойылатын салық ставкасы 15 %, А мемлекетінде төленген дивидендке қойылған салықты есептеу кезінде 25 өлшемнің тек қана 15 өлшем есепке қабылдаймыз. Сонымен 330 өлшем ($1100 \times 0,3$) жылдық жиынтық табысқа есептелген салықтан есепке тек 15 өлшем ғана алынады, төлеуге 315 өлшемді талап етеміз.

41. Салық келісімдерінде көзделген салық жеңілдіктері берілуі үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын және ол резиденті болып табылатын мемлекетпен Қазақстан Республикасы жасаған салық келісіміне сәйкес салық жеңілдіктеріне құқығы бар шетелдік заңды тұлға кіріс төлейтін тұлға орналасқан жердегі Қазақстан Республикасының аумақтық салық органына 7А қосымшаның N 1 нысаны бойынша өтінішті тапсырады .

N 1 нысаны бойынша өтінішті толтыру тәртібі 7А қосымшада көрсетілген.

ЕСКЕРТУ. 41-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

42. Асыра төленген соманы қайтару үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын және ол резиденті болып табылатын мемлекетпен Қазақстан Республикасы жасаған салық келісімінің ережелеріне сәйкес ұсталған салықтың қайтарылуына құқығы бар шетелдік заңды тұлға кіріс төлейтін тұлға орналасқан жердегі Қазақстан Республикасының аумақтық салық органына 7Б қосымшаның N 2 нысаны бойынша өтінішті тапсырады .

N 2 нысаны бойынша өтінішті толтыру тәртібі 7А қосымшада көрсетілген.

N 1 және N 2 нысандарды ресімдеу тәртібі осы Нұсқаудың 7 қосымшасында көрсетілген .

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

43. Егер шетелдік заңды тұлғаның жарғылық капиталының 10 процентінен астамы тікелей немесе жанама түрде резидентке тиесілі болса немесе ол өз кезегінде елде жеңілдікпен салық салу арқылы кіріс келтіретін осы заңды тұлғаның дауысқа ие акциясының 10 процентінен астамын алса, заңды тұлға кірісінің резидентке тиесілі осы бөлігі оның салық салынатын кірісіне енгізіледі. Бұл тәртіп, сондай-ақ, заңды тұлға құрамай-ақ кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың басқа үлгілерімен резиденттің қатысуымен қолданылады.

Ұлттық заңдар табыс салығы мен басқа да салық түрлерінің нөлдік немесе төмен ставкасы (Қазақстанда қолданылып жүргеннен 1/3-ке төмен), банк және коммерциялық құпияны жарияламау жөнінде қатаң заңдар, валюталық реттеудің болмауы, құпиялылықты заңды түрде қорғау және банк құпиясына кепілдік беру, мүліктің нақты иесі немесе табыстың нақты иесі жөнінде құпияны сақтау көзделген жағдайда жеңілдікпен салық салынатын ел ретінде қарауға болады.

Мысал: Жеңілдікпен салық салынатын елде тіркелген және осы мемлекеттің резиденті болып табылатын Б компаниясы капиталының 50 % Қазақстан резиденті салық төлеушісіне тиесілі екендігі анықталды. Б компаниясы 1000 шартты өлшем сомасында табыс алды, оның 500-і Қазақстандық салық төлеушіге тиесілі. Осы тармақтың ережелерін қолдана отырып, бұл табыс іс жүзінде Қазақстанға аударылмағанына және 30 (ставка бойынша Қазақстан салығы салынбағанына қарамастан бұл табыс қазақстандық салық төлеушінің жиынтық табысына есептелуі тиіс. Бұл жағдайда жеңілдікпен салық салынатын елде бұл табысқа (500) төленген салыққа есептеу жасалуы мүмкін.

Егер, қандай да бір тұлға Қазақстан қатысушысы болып табылатын, қолданыстағы халықаралық келісімдерде көрсетілген жеңілдік беру құқын алған жағдайда, онда бұл тұлға осы нұсқаулықтың 8-қосымшасының үлгісі бойынша, халықаралық келісімге сәйкес табысқа салық салудан босатуға тіркелген жері бойынша аумақтық салық органы өтініш бере алады.

ЕСКЕРТУ. 43-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Ескерту. 43-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 43-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

IV. Заңды тұлғалар үшін табыс салығының ставкалары және оны бюджетке есептеу тәртібі

44. Меншік нысанына және ұйымдастыру нысанына қарамастан барлық заңды тұлға жөнінде табыс салығы ставкасы қолданылады.

Заңды тұлғалар үшін табыс салығының ставкасы мынадай мөлшерде белгіленеді:

а) осы тармақтың "б" тармақшасында ескерілгеннен басқа заңды тұлғалар үшін - 30 процент;

б) осы Нұсқаулықтың 24-2-тармағында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін - салық жылының ішінде алуға (алынған) жататын сақтандыру сыйақыларының сомасынан 2 процент;

в) негізгі құрал-жабдығы жер болып табылатын заңды тұлға оны тікелей пайдаланудан алған табысынан - 10 процент.

Түрлі ставкалар бойынша салық салынатын кірістері бар заңды тұлғалар олар бойынша жеке есеп жүргізуге және сондай кірістер бойынша "Жиынтық жылдық кіріс және жасалған есептен шығарулар туралы декларация" деген 100-ші нысанға 14-қосымшада белгіленген нысан бойынша есеп беруге міндетті.

Ескерту. 44-тармаққа өзгеріс пен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен. V960015_

Ескерту. 44-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 44-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

44-1. Негізгі қаражаттардың бағалауға дейінгі сомасы 15 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

Ескерту. 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 44-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

45. Жеке тұлғаларға төленетін, заңды тұлға-резидентте қатысу үлесінен алынған кіріске, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға төленетін дивидендтерге 15 процент ставка бойынша төлеу көзінде салық салынуға жатады және төлеу көзінде осы салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар болған жағдайда кейінгі салық салуға жатпайды.

Жарғылық капиталды арттыруға бағытталған таза кірістің бір бөлігі (әрбір акционердің акциясының үлесін сақтауды ескеріп) салық салуға жатпайды.

Қатысушы (акционер) заңды тұлғаға қатысушы үлесін алып қойған

немесе сатқан жағдайда, инфляцияға сай түзетуді ескере отырып, алып қою және сату кезіндегі қатысу үлесінің құны мен қатысушының (акционердің) жарна ретінде жарғылық капиталға енгізген меншікті мүлкінің құны арасындағы айырма ретінде анықталатын құн өсімінің тек 15 процент ставкасы бойынша ғана төлем көзіне салық салынуға тиіс.

М ы с а л ы :

Өзінің жарғылық қоры 10 млн. теңге серіктестік 01.01.1995 ж. құрылған болатын. Серіктестіктің жарғылық капиталына құрылтайшы А жалпы сомасы 4 млн. теңге мүлік салған болатын. Құрылтайшы А 01.01.1998 ж. серіктестіктің құрамынан шықты. Құрылтайшы А шыққан сәтте серіктестіктің меншікті капиталының мөлшері 22 млн. теңгеге жетті. Жарғылық капиталға жарна ретінде салған Құрылтайшы А-ның мүлкінің құны инфляцияға сай түзетуді ескере отырып алып қою сәтінде 5 млн. теңге болды. Құрылтайшы А-ға төленетін қатысу үлесі 9 млн. теңге болды.

Сонымен 4 млн. теңге мөлшеріндегі сома төлем көзінде 15 процент ставка бойынша салық салынуға тиіс (9 млн. теңге - 5 млн. теңге).

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 45-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

46. Заңды төленетін проценттерге тиесілі сомадан 15 процент ставка бойынша төлем көзіне салық салынады. Төлем көзінен осы салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде, ұсталған салық сомасы, салық төлеушіге салық жылы ішінде есептелген табыс салығының есебіне кіреді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына банк-резиденттер, сондай-ақ берешек бағалы қағаздар бойынша заңды тұлға-резиденттерге төленетін сыйақы (мүдде) төлем көзінен салық салуға жатпайды.

Жеке тұлғаларға ұтыстар сыйақы (мүдде) төлейтін заңды тұлғалар төлем көзінде 15 процент ставкасы бойынша салық ұсталады, бұған мемлекеттік (ұлттық) лотерея бойынша ұтыстар кірмейді.

Жеке тұлғаларға банктерде және банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдардағы салымдары бойынша және берешек бағалы қағаздар

бойынша сыйақы төлегенде салық төлем көзінен ұсталмайды.

ЕСКЕРТУ. 46-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 46-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 46-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 46-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. 46-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. 46-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

47. Резидент еместің тұрақты мекемеге қатысы жоқ Қазақстандық көздерден алған табысы шегеріс жасауды жүзеге асырусыз, жиынтық табысы бойынша төлем көзінде мына ставкалар бойынша салық салуға жатады:

а) дивидендтер мен сыйақы (мүдде) - 15 процент

б) тәуекелділікті сақтандыру немесе

- қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін
сақтандыру төлемдері - 5 процент
- в) Қазақстан Республикасы мен басқа
мемлекеттер арасындағы халықаралық
байланыста немесе тасымалда
телекоммуникациялық немесе көлік
қызметі - 5 процент
- г) роялти, басқару және консультациялық
қызметті қоса алғанда, қызмет
көрсетуден түсетін табыс, жал
жөніндегі табыс және басқа табыс
(еңбекке ақы төлеу түрінде алынатын
табыстан басқасы) - 20 процент
- ЕСКЕРТУ. 47-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

48. Төлеушілердің салықты есептеу тәртібі кезекті жылға республикалық
бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңын бекіту кезінде анықталады.

Табыс салығын бас кәсіпорын мен филиалдардың (өкілдіктердің)
орналасқан жері бойынша аймақтар арасында бөлудің тәртібі б-қосымшада осы
Нұсқауға көзделген.

Ескерту. 48-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24
бұйрығымен.

V960015_

Ескерту. 48-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

49. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметкерлерінің кәсіпкерлік
қызметтен байланыссыз, шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы
есебінен алынған тікелей және (немесе) жанама табыстарына төлем көзінде 15
процент ставкасы бойынша салық салынады.

Орналастырылған зейнетақы активтері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін инвестициялық кірістерге төлем көзінде табыс салығы салынбауы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

V. Табыс салығы бойынша жеңілдіктер

50. Мынадай заңды тұлғалардың кірістері салық салудан босатылады:

- акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізуден, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерді қоспағанда, Ауғаныстан соғысы ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (кәсіпорындарсыз). Сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістер деп сату-сатып алу және қызмет көрсетулер операциясынан түскен кіріс ұғынылады;

- Қазақстан Республикасы мүгедектері ерікті қоғамының, Асырауында балалары бар мүгедек аналардың республикалық қоғамының ("Бибі-Ана"), Қазақ зағиптар қоғамының, Ақыл-есі мен дене бітімі кеміс балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және оларды еңбекпен оңалту орталығының, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының, Қазақстан Республикасы "Чернобыль" одағының, сондай-ақ олардың өндірістік ұйымдарының кірістері (акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізуден, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерді қоспағанда), егер осындай ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе:

мүгедектер осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының 51 проценттен кем емесін құраса;

мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу қоры жалпы еңбекке ақы төлеу қорының 51 проценттен кем емесін құраса (есту, сөйлеу, көру қабілетін жоғалтуы бойынша мүгедектер жұмыс істейтін өндірістік ұйымдар үшін 35 проценттен кем емес);

осы тармақшаның үшінші абзацында аталған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) меншігі болып табылса және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған болса;

алынған кірістер оларды құрған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың)

жарғылық мақсаттарын іске асыруға жұмсалады;

- коммерциялық ұйымдар жоғарыда аталған қаржылар қайтарусыз негізде берілген жағдайда демеушілік көмек, кіретін және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмегі, аударымдармен садақалар түрінде алынған табыстар бойынша, сондай-ақ қайтарусыз берілген мүлік бойынша;

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тізбесін белгілейтін х а л ы қ а р а л ы қ ұ й ы м д а р ;

- төтенше жағдайға душар болған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде мүлік алған және оны өз мақсатында жұмсаған заңды тұлғалар.

- мемлекеттік мекемелер мемлекеттің кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік несиелер, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген халықаралық ұйымдар желісі бойынша алынған мүлік бойынша;

- банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің және ұйымдардың, негізгі құралдарды құру және жаңарту үшін үш жылдан аспайтын мерзімге берілген орташа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер бойынша алынған (алуға жататын) сыйақы (мүдде) жөнінде, өзінің мұқтажы үшін, және оларды кейіннен лизинг алушыға бере отырып, тұрғын үйлер лизингтері бойынша үш жылдан астам мерзімге тұрғын үй сатып алуға және салып алуға үш жылдан аспайтын мерзімге жеке тұлғаларға берілген и п о т е к а л ы қ н е с и е л е р ж ө н і н д е .

- негізгі қызметпен байланысты кірістер бойынша "Байқоңыр" кешенінің объектілерінің мүлкі базасында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

14-21 абзацтар алынып тасталынды V011582_

- халықаралық ұйымдар мен шетел мемлекеттері тегін негізде қаржыландыратын ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды орындаудан алынған кірістер бойынша ұйымдар;

- бес жылдан аспайтын мерзімге негізгі құралдарды қаржылық лизингі бойынша алған, оларды кейіннен лизинг алушыға беретін, сыйақы (мүдде) ж ө н і н д е г і ұ й ы м д а р ;

- қызметінің ерекше түрі ауыл шаруашылығын қаржыландыру болып табылатын, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м д а р .

Түрлі ставкалар бойынша салық салынатын кірістері бар және (немесе) табыс салығын салудан босатылған заңды тұлғалар олар бойынша жеке есеп жүргізуге және сондай кірістер бойынша "Жиынтық жылдық кіріс және жасалған есептен шығарулар туралы декларация" деген 100-ші нысанға 14-қосымшада белгіленген нысан бойынша есеп беруге міндетті.

Егер өздерінің кірісі табыс салығын төлеуден босатылуға жататын заңды

тұлғалар өзге де кәсіпкерлік қызметтен табыс алатын болса, олар салық төлеуден босатылған объектілер және жалпы белгіленген тәртіппен салық салынуға жатпайтын өзге объектілер бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс пен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен.

V960015_

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ өзгеріс пен толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 50-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 50-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту: 50-тармақтың 2-абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен.

V990887_

Ескерту. 50-тармақ жетінші бөлшекпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен.

V991039_

Ескерту. 50-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. 50-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

51. Өздерінің қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 30 процентін мүгедектер құрайтын өндірістік ұйымдардың салық салынатын кірісі мүгедектер еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығындардың екі еселік сомасына және мүгедектерге қатысты әлеуметтік салық сомасынан 50 процентке қосымша азайтылады.

ЕСКЕРТУ. 51-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

52. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы (мүдде) салық

салынудан босатылады.

ЕСКЕРТУ. 52-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 52-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту: 52-тармақтың 2-абзацы өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен.

V990887_

Ескерту. 52-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен.

V991039_

53. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың салық салынатын табысы кәсіпкерлік қызметпен алынатын табысқа салынатын салықтың екі процентінен аспайтын мөлшерде (осы жеңілдікті есептемегенде) қайырымдылық және білім беретін қызметпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарға ақша қаражатын қоса алғанда қайтарусыз берген мүлігінің сомасына азайтылады. Коммерциялық емес ұйымдарды қайырымдылық мақсатына алынған, бірақ нысаналы мақсатқа пайдалынбаған қаражат салық салуға жатады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың салық салынатын т а б ы с ы :

а) Астана қаласындағы тұрғын үй жұмсалған және ағымдағы жылы

нысаналы мақсатта нақты пайдаланылған қаржылар сомасына кемітіледі.

б) айына әрбір қызметкерге шаққандағы жиырма есеп айырысу көрсеткішінен аспайтын мөлшерде мемлекеттік емес жинақтық зейнетақы қорларына аударылатын.

Ескерту. 53-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді -
ҚР Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының
1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен.

V960015_

ЕСКЕРТУ. 53-тармақ в-тармақшасымен толықтырылды - ҚР Қаржы
министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1
бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 53-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 53-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

54. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында құрылған тұрмысы төмен азаматтарға қолдау көрсету жөніндегі жалпы ұлттық және аймақтық қорларға қызмет көрсететін банктердің салық салынатын табысы осы қорларға өтеусіз аударылатын қаржының сомасына азайтылады.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі

Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығымен.

V960015_

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 54-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

54а.

ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық 54а-тармағымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 54а-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. 54а-тармақ алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

54б. Салық төлеушілерге инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісім-шартқа сәйкес салық салынатын кірісті алу сәтінен бес жылға дейінгі мерзімге табыс салығын төлеуден босату берілуі мүмкін, бірақ келісім-шарт жасау сәтінен 8 жылдан астам емес.

Табыс салығы бойынша жеңілдіктерді ұсынудың нақты мерзімдері экономиканың басым бағыты мен инвестициялардың негізгі капитал көлеміне байланысты және келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша белгіленеді.

Аталған жеңілдік берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда табыс салығы Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып салық төлеуші қызметінің бүкіл кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге жатады.

Ескерту. Нұсқаулық 54б-тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 54б-тармағының бірінші бөлшегі жаңа редакцияда, екінші бөлікпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_

VI. Салықты есептеу және төлеу тәртібі

55. Салық төлеушілерге берілген жеңілдіктерді және белгіленген ставкаларды ескере отырып, салық салынатын табыстың шамасына сүйеніп, салық сомасы дербес анықталады.

56. Салық салынатын табыс есептелген кезде түсім, басқа да кірістер, сондай-ақ шетел валютасымен шеккен шығын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің операция (төлем) жасалған күнгі ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

57. Салық қызметі салық салынатын уақыт біткеннен кейін бес жыл ішінде есептелген салық сомасын есептеуі немесе қайта қарауы мүмкін.

57-1. Рыноктық бағадан мәмілелерді жасау кезінде қолданылатын бағаның ауытқуы кезінде салық қызметі органдары трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы заңдарға сәйкес салық салу объектілерін түзетеді.

Ескерту. 57-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

58. Тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді сату бойынша шектелген айналымы бар және негізінен қолма-қол ақшамен жұмыс істейтін, сондай-ақ қызметкерлер олардағы шектелген саны бар заңды тұлғалар бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі салықтарды есептеу мен төлеу тәртібін патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданудың жағдайын анықтайды.

Жерді пайдаланумен ауыл шаруашылығы өнімін шығаратындар, өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін ұқсататын және сататын, сондай-ақ жас төлді өсірумен, омарташылықтан бастап өз өндірісінің өнімін ұқсататын және сататын толық кезеңдегі мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының (оның ішінде асыл тұқымды) ауыл шаруашылығы өнімін шығаратын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіпте патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданады.

Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіпте декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданады.

ЕСКЕРТУ. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 58-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 58-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту: 58-тармақтың 3-абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

Ескерту. 58-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

59. Бухгалтерлік есеп жүргізу салықтық және тәртібі бұзылған, есеп құжаттары жойылған немесе жоғалған, сондай-ақ салық салу объектісін, анықтау мүмкін емес жағдайда, салық қызметі органдары салық салу объектісі мен салықты тікелей және жанама әдістер (активтер, айналым, өндіріс шығындары және т.б.) негізінде анықтайды.

ЕСКЕРТУ. 59-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

60. Сол сияқты басқа тұлғалар мен органдар аталған табыстың алыну заңдылығын даулаған жағдайда, табыс салық салуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша табыс бюджетке алынуға жататын болса, онда аталған табыс одан төленген салық сомасы шегеріліп алынады.

ЕСКЕРТУ. 60-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

61. Тіркелген активтердің құнына оларды сатып алу, өндіру, салу, монтаждау мен қондыру жөніндегі шығындар, сондай-ақ салық төлеушінің есептен шығаруға құқығы бар шығындарды қоспағанда, олардың құнын арттыратын басқа да шығындар енгізіледі.

Егер тіркелген активтердің бір бөлігі ғана сатылатын болса, онда тіркелген активтердің сату сәтіндегі құны қалған және сатылған бөліктер арасында б ө л і н е д і .

ЕСКЕРТУ. 61-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 61-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 61-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

62. Активтерді өтемсіз негізде беру және (немесе) төмендетілген құны бойынша сату кезінде беруші (сатушы) тұлға активтерінің құны - салық салу мақсатында айқындалатын өзіндік құн негізге алынып, ал алушы тұлға активтерінің құны - берілетін (сатыларын) активтердің кіріске алынған бағалау құны бойынша белгіленеді. Бұл ретте тұтас алғанда салық жылы үшін активтердің құны өнімнің атаулары бойынша бөлмей-ақ анықталады.

Салық салу мақсатында айқындалатын сатылған қаражаттардың өзіндік құнымен және өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) сатудан туындаған кіріс арасындағы теріс айырма сататын (беретін) тұлғаның кірісі болып табылады.

Заңның 5-бабына сәйкес өзіндік құн салықтық мақсаттарда өзіне тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуға, өндіруге және сатуға байланысты шығындарды қосады. Бұл ретте, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуға, өндіруге және сатуға байланысты шығындар м ы н а л а р д ы қ о с а д ы :

- сатылған өнім (жұмыс, тауар) бойынша шығыстар;
- алынған кредиттер үшін сыйақы (мүдде);

- ғылыми-зерттеуге, жобалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыстар ;

- негізгі қаражаттардың амортизациялық аударымдары;

- жөндеуге шығыстар ;

- геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар ;

- материалдық емес қаражаттардың амортизациялық аударымдары;

- жылдық жиынтық кіріс алуға байланысты басқа да шығындар.

Осы тармаққа сәйкес салық салу мақсатында туындайтын кіріс салық жылы үшін заңды тұлғаның жүргізілген ұстап қаулыларында және Жиынтық жылдық кіріс туралы декларация мәліметтері бойынша айқындалады.

Экспорттық операциялар бойынша төмендетілген құнымен активтерді сату кезіндегі салық салу мақсатында айқындалған, сатылған активтердің сатылатын бағасы мен өзіндік құны арасындағы айырма сатушы тұлғаның табысы болып табылады .

М ы с а л ы :

А заңды тұлға салық жылы ішінде жалпы сомасы 1 млн. теңге тауарлар сатып алды. Аталған тауарларды сақтау, жеткізу, тасымалдау жөніндегі шығындары 100 мың теңге болды, сонымен салық салу мақсатында белгіленетін тауарлардың өзіндік құны 1,1 млн. теңге болды.

А заңды тұлға осы тауарларды 900 мың теңге бағамен В заңды тұлға-резидент емеске экспортқа шығарып сатты.

А заңды тұлға жылдық жиынтық табысты есептеген кезде 900 мың теңге сомасындағы тауарларды сатудан түскен табыстан басқа, сату кезінде 200 мың теңге сомасында алынған айырманы есепке алады.

Барлық салықтарға қатысты баспа-бас операциялар бұл операцияларды есеп-фактураларымен міндетті түрде ресімдей отырып, қолданылып жүрген бағалар бойынша өнімді (жұмысты, көрсетілген қызметті) сату ретінде қарастырылады .

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ 1,2-абзацтармен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V 9 8 0 5 4 8 _ бұйрығымен .

Ескерту. 62-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 62-тармақ 2-10 бөлшектермен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен . V 9 9 1 0 3 9 _

Ескерту. 62-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. 62-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

63. Заңды тұлғалар, осы нұсқаудың 1-тармағына сәйкес дербес болып табылатын дербес салық төлеушілер олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері Нұсқаулықтың 5А қосымшасына сәйкес салық органдарына тиісті салық жылының 20 қаңтарына дейінгі айлар бойынша бөліп табыс салығының болжалынып отырған сомасы туралы анықтаманы табыс етуге тиіс. Аванстық төлемдер сомасын бюджетке салық қызмет органдарында мәлімделген салық жылына болжалынып отырған табыс салығы сомасының, 1/12 бөлігін негізге ала отырып, әр айдың жиырмасынан кешіктірмей төленуге тиіс. Есепті салық жылының қаңтары үшін аванстық төлемдер анықтама тапсырылған күннен бастап 5 күн ішінде төленеді, бірақ 25 қаңтардан кешіктірілмеуі тиіс.

Маусымдық жұмыс сипатындағы салық төлеушілер салық жылы ішінде төленуге тиіс аванстық төлемдер сомасын салық қызметі органдарымен келісім бойынша төлеуі тиіс.

Төлеуші орналасқан жердегі салық органы филиалдар мен бөлімшелердің тарамдалған жүйесі бар салық төлеушінің өтініші бойынша өзге мерзім белгілеуі мүмкін, бірақ белгіленген мерзімнен 20 күннен аспауы тиіс.

Салық төлеушілер есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның екінші айының 15-іне дейін тоқсан сайын салық қызмет органдарына 6 В-қосымшаға сәйкес табыс салығы бойынша алдын-ала есептеулерді тапсырады.

Аталған есептеулерді тапсырғаннан кейін төленуге тиісті табыс салығы енгізілген аванстық төлемдердің сомасынан асып түскен жағдайда салық төлеуші асып түскен соманы аванстық төлемнің кезектік мерзімі басталғанға дейін бюджетке төлеуге міндетті. Енгізілген аванс төлемдердің сомасы төлеуге тиісті табыс салығының сомасынан асып түскен жағдайда артық төленген сома есептеледі немесе қолданыстағы заңдарға сәйкес салық төлеушіге қайтарылады.

Салық төлеуші негізгі құралдарды бағалаудан түскен табыс салығы бойынша осы Нұсқаулықтың 5В қосымшасында белгіленген нысан бойынша негізгі құралдарды бағалау жүргізген айдан кейінгі айдың 15-не дейін есеп ұсынуға міндетті.

Негізгі құралдарды бағалаудан түскен табыс салығын төлеу бағалау жүргізілген сәттен бастап келесі ай ішінде жүргізіледі.

Негізгі құрал жабдықтарды бағалаудан түскен сома салық төлеушінің жиынтық жылдық кірісіне енгізілуге жатпайды.

ЕСКЕРТУ. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.
ЕСКЕРТУ. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.
Ескерту. 63-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.
Ескерту. 63-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_
Ескерту. 63-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_
Ескерту. 63-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

64. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде төленген салық сомасы Қазақстан Республикасында табыс салығын төлеген кезде есептеледі.

Есептелетін соманың мөлшері Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ставкалар бойынша есептелген сомадан аспауы тиіс.

65. Жылдық жиынтық табыс пен шегеріс жасау туралы декларацияны заңды тұлғалар, сондай-ақ осы Нұсқаудың 1-тармағына сәйкес дербес салық төлеуші болып табылатын заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де құрылымдық бөлімшелері салықты тіркейтін жердегі салық қызметі органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін тапсырады. Декларацияның нысаны, қосымшалар және оларды толтыру жөніндегі Нұсқама осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген.

Салық декларациясына салық төлеуші немесе салық төлеуші болмаған жағдайда не болмаса ол іс-әрекет жасауға қабілетсіз болса, оның заңды өкілі қол қояды.

Салық төлеушіге салық декларациясын құрастыру жөнінен қызмет көрсететін аудитор аталған декларацияға қол қойып, мөр басуға және салық төлеушінің өз тіркеу нөмірін көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлғалар салық органдарына табысы туралы декларациялар мен бірге сол сияқты декларацияда көрсетілген деректердің ақиқаттығы туралы аудитордың қорытындысын табыс етеді. Шетелдік резидент емес заңды тұлғалар N қосымшада көрсетілген нысан бойынша декларация тапсырады. Мұндай қорытынды салық органына есепті жылдан кейінгі жыл ішінде табыс етілуі тиіс, бірақ аудиторлық тексеру өткізілгеннен кейін 10 күннен кешіктірмеуі тиіс.

Салық декларациясына салық төлеуші немесе салық төлеуші болмаған жағдайда не болмаса ол іс-әрекет жасауға қабілетсіз болса, оның заңды өкілі қол қояды.

Салық төлеушіге салық декларациясын құрастыру жөнінде қызмет көрсететін аудитор аталған декларацияға қол қойып, мөр басуға және салық төлеушінің өз тіркеу нөмірін көрсетуге міндетті.

Салық декларациясы салық қызметі органдарына әкеліп тапсыру тәртібімен немесе хабарлама арқылы тапсырыс хатпен почта арқылы беріледі. Салық комитетінің келісімімен салық декларациясы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитеті белгілеген нысан бойынша ақпараттың электрондық көздері арқылы тапсырылуы мүмкін.

Заңдармен белгіленген мерзімнің соңғы күнінен 24 сағатқа дейін байланыстың өзге ұйымына немесе почтаға тапсырылған салық декларациялары.

Салық органдарының салық декларациясын қабылдауы алдын ала тексерусіз жүргізіледі. Мұның өзінде, тапсырылған декларациядағы мәліметтердің шынайылығы мен толықтығы үшін салық төлеуші жауап береді.

ЕСКЕРТУ. 65-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V 9 8 0 5 4 8 _ бұйрығымен.

Ескерту. 65-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 65-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_

66. Салық комитеті органының басшысы салық декларациясын тапсырудың мерзімін, егер салық төлеуші осы мерзім жеткенге дейін оны ұзарту жөнінде өтініш берсе, үш айдан аспайтын уақытқа ұзарта алады. Осы бапқа сәйкес декларация тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін ұзартпайды.

ЕСКЕРТУ. 66-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980548_ бұйрығымен.

67. Заңды тұлғалар, сондай-ақ осы Нұсқаудың 1-тармағына сәйкес дербес салық төлеушілер болып табылатын филиалдар, өкілдіктер және өзге де құрылымдық бөлімшелер соңғы есеп айырысуды жүргізеді және төлейді, есепті жылға жиынтық жылдық табыс және шегеріс жасау жайындағы декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей табыс етілген күннен бастап 10 күн өткен соң түпкілікті есеп айырысады.

Резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесі осы тұрақты мекеменің таза табысына салықты есепті жылы жүргізілген шегерімдер мен жылдық жиынтық

табыс декларациясы тапсырылған күннен бастап 10 күн ішінде төлейді, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей.

Ескерту: 67-тармақ 2-абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

Ескерту. 67-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_

67-1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрақты мекемелер, және (немесе) Қазақстан Республикасының резиденттері салық жылы үшін төленбеген, қазақстандық көздерден алған кірістерін шегерімге жатқызған кезде жылдық жиынтық кірісі және жүргізілген шегерімдер туралы декларация берген күннен бастап 10 күннің аяқталуы бойынша Заңның 50-бабы 1-тармағына сәйкес төлем көзінен ұсталған салықты аударуға міндетті, бірақ, есеп беру жылынан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмеуі керек."

Төлем көзінен ұсталатын салықты ұстап қалғаны және бюджетке аударғаны үшін жауапкершілік кіріс төлеуші тұлғаға жүктеледі. Салық сомасын ұстамаған кезде, кіріс төлеуші тұлға бюджетке ұсталмаған салық және соларға байланысты айыппұлдар мен өсімақылар сомаларын енгізуге міндетті.

Ескерту. 67-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

68. Салық қызметі органдарының тексеріс актілері бойынша есептелген салықтарды, алымдарды, басқа да міндетті төлемдерді, айыппұлдарды және өсімдерді төлеуге салық төлеуші келіскен кезде аталған сомаларды төлеудің мерзімі 60 күнге ұзартылады және аумақтық салық органымен келісілген және еркін нысанда салық төлеуші жасаған кестеге сәйкес әрбір 15 күн сайын тең үлестермен осы кезең мерзімі ішінде төлеуге жатады.

Салық қызметі органдарымен тексеріс актілері бойынша есептелген салықтарды, алымдарды, басқа да міндетті төлемдерді, айыппұлдарды және өсімдерді төлеу мерзімін ұзарту осы тармақтың ережелеріне сәйкес Заңның 70-бабы 3-тармағында және 152-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайлардан басқа бюджетке салықты уақтылы төлемегені үшін өсім төлеуден салық төлеушіні босатпайды.

Осы тармақтың ережелері салық қызметі органдарының тексеріс актілері бойынша есептелген төлем көзінен ұстап қалуға жататын заңды тұлғаның кірісінен табыс салығы сомасына қатысты қолданылмайды.

Салық төлеуші өтеу кестесімен белгіленген тексеріс актілері бойынша есептелген салықтарды, алымдарды, басқа да міндетті төлемдерді, айыппұлдарды және өсімдерді төлеу мерзімін бұзған кезде өтеу кестесін қолдану тоқтатылады

және аумақтық салық органдары тексеріс актілері бойынша есептелген және төленбеген соманы салық төлеушінің банк шотынан өндіріп алуды жүргізеді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакция - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V 9 9 1 0 3 9 _

69. Салық қызметінің салық төлеушіге жіберген хабарлама қағазы немесе басқа да құжаттары жазбаша жасалып, оларға тегі мен аты-жөні көрсетілген бастықтың немесе уәкілді лауазымды адамның қолы қойылуға, сондай-ақ елтаңбалы мөрмен расталып, салық төлеушіге жіберілуге не болмаса тапсырылуға тиіс. Құжаттар оның мекен-жайына хабарламамен жеткізілсе немесе тапсырыс почтасымен жіберілсе, белгіленген тәртіппен тапсырылған б о л ы п с а н а л а д ы .

70. Бюджетке аударылған табыс салығының төлем талаптарының төлеуші төлем мерзімі келгенге дейін немесе төлем мерзімінде, ал инкассалық тапсырмаларды төлеу мерзімінде тапсырады және бірінші кезекте атқарылады.

71. Егер төленген салық сомасы есептелген сомадан асып кетсе, салық қ ы з м е т і :

1) табыс салығының артық төленген сомасы салық төлеуші төлейтін басқа салықтардың есебіне жатқызылады;

2) салық төлеушінің келісуі бар болған жағдайда қалдығын алдағы төлемдер жөніндегі міндеттемелер есебіне жатқызылады;

3) Қалдығы 20 күн мерзім ішінде төлеушінің жазбаша өтініші бойынша салық төлеушіге қ а й т а р а д ы .

Ескерту. 71-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V 9 9 1 0 3 9 _

72. Салық төлеушіден негізделген жазбаша өтініш алынса, аумақтық салық органының басшысы тиісті салық органының басшысымен келісіп осы Нұсқауда белгіленген жергілікті бюджетке толық көлемде төленуі тиіс салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бір салық ж ы л ы н а н а с ы р м а й д ы .

Салық төлеушінің тіркелген жері бойынша жергілікті атқарушы органның өтініші алынғаннан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп осы Нұсқауда белгіленген осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бір салық ж ы л ы н а н а с ы р м а й д ы .

Салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Салықтар төлеу мерзімін ұзарту осы Нұсқаудың 72-1-тармағында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда бюджетке салықтар жарнасын уақтылы енгізбегені үшін өсімнен босатпайды.

Салық төлеушілерге төлем көзінде ұсталған заңды тұлғалардан табыс салығын төлеуге пұрсат берілмейді.

Салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзарту құқығы құқықты басқа тұлғаға беру кезінде берілмейді.

Салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзартуға оларды төлеу бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепіл берілгеннен кейін рұқсат беріледі.

Салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы кепіл қатынастарына Заңда реттелмеген бөлігіндегі кепіл туралы жалпы ережелер қолданылады.

Ескерту: 72-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен. V990887_

72-1. Олардың бірден бір қызметі - жылу өндіру, бөлу және тасымалдау

салаларында қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғаларға салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзарту кезінде пұрсат берілген кезеңге өсім есептелмейді.

Ескерту: 72-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыз N 929 бұйрығымен.

V990887_

! _____ ! _____ ! _____

_____ 1 _____ ! 2 _____ ! 3 _____ ! 4 _____

I. Сыйақы (мүдде) алумен байланысты
кірістер 100

Басқа банктердегі сыйақы (мүдде) алумен
байланысты кірістер 110

Облигациялар және басқа бағалы қағаздар
бойынша сыйақы (мүдде) алумен байланысты
кірістер 120

Кері сату жағдайымен сатып алынған бағалы
қағаздармен операциялар бойынша сыйақы
(мүдде) алумен байланысты кірістер 130

Банкілерге ұсынылған қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) алумен байланысты кірістер	140
Заңды тұлғаларға (банктерден басқа) ұсынылған қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) алумен байланысты кірістер	150
Жеке тұлғаларға (халыққа) ұсынылған қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) алумен байланысты кірістер	160
Сыйақы (мүдде) алумен байланысты басқа кірістер	170
II. Сыйақы (мүдде) төлеумен байланысты кірістер	200
Заңды тұлғалардың (банктерден басқа) депозиттері бойынша төленген сыйақы (мүдде)	210
Жеке тұлғалардың (халықтың) депозиттері бойынша төленген сыйақы (мүдде)	220
Қазақстан Республикасы Халықтық банкі кредиттері бойынша төленген сыйақы (мүдде)	230
Банкаралық кредиттер және депозиттер бойынша төленген сыйақы (мүдде)	240
Қазақстан Республикасы Үкіметі кредиттері бойынша төленген сыйақы (мүдде)	250
Банкаралық операциялардың кейбір түрлерін жүргізетін ұйымдардың кредиттері бойынша төленген сыйақы (мүдде)	260
Сыйақы (мүдде) төлеумен байланысты басқа шығыстар	270
III. Сыйақы (мүдде) алумен байланысты таза кірістер	300
IV. Сыйақы (мүдде) алумен байланысты емес кірістер	400
Акционерлік капиталға акциялардан және басқа инвестициялардан кірістер	410
Қызмет көрсету, төлемдерді аудару және комиссиялық жарналар үшін төлем	420
Қаржы операцияларынан кіріс/шығыстар	430
Қайта бағалаудан кіріс/шығыстар	440
Сыйақы (мүдде) алумен байланысты емес басқа	

|_____|
Қаржылық есептеменің кірісін (шығынын) декларация бойынша
кіріспен салыстыру

1 Қаржылық есептеме бойынша таза кіріс (шығын) |_____|

2 Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы |_____|

3 Салық салынуға тиісті, бірақ осы жылғы бухгалтерлік есепте |_____|
көрсетілмеген кіріс |_____|

а

| |

б

| |

в

| |

г

| |

д

| |

е

| |

3а, 3б, 3в, 3г, 3д, 3е бойынша жиынтық |_____|

4 Бухгалтерлік есепте көрсетілген, бірақ осы декларацияның |_____|
шегерімдеріне енгізілмеген шығыстар |_____|

а

| |

б

| |

в

| |

г			
д			
е			
4а, 4б, 4в, 4г, 4д, 4е бойынша жиынтық			
5 1-4-жолдардың сомасы			
6 Бухгалтерлік есепте көрсетілген, бірақ осы декларацияға енгізілмеген кіріс			
а			
б			
в			
г			
д			
е			
ж			
ба, бб, бв, бг, бд, бе, бж бойынша жиынтық			
7 Бухгалтерлік есеп бойынша шығыстарға жатқызылмаған осы декларацияның шегерімдері			

а			
б			
в			
г			
д			
е			
ж			

7а, 7б, 7в, 7г, 7д, 7е, 7ж бойынша жиынтық	
8 6-7-жолдардың сомасы	
9 Салық салынатын кіріс (5-8-жолдар)	
(Нәтиже декларацияның 32-жолының мөлшеріне тең келуі керек)	

Салық төлеушінің атауы _____
 | 100 - нысан |

СТТН ||||| _____
 ||||| _____
 | 15б-қосымша |

Үлестірілмеген кіріс (жабылмаған зиян) сомаларының болуы мен қозғалысы туралы

1 Жыл басындағы сальдо (жыл басына 15-қосымшаның 26-жолынан | |

көшіріледі) _____

2 Қаржылық есептеме бойынша таза кіріс (шығын) _____

3 Үлестірілмеген кірістің басқа да өсулері _____

а

б

в

в

4 Жиынтығы (1-3-жолдар сомасы) _____

5 Дивидендтерді төлеуге жіберілгені _____

6 Үлестірілмеген кірістің басқа да кемітулері _____

а

б

в

7 Жиынтығы (5-6-жолдар сомасы) _____

8 Жыл соңындағы сальдо (4-7-жолдар).

Белгілі бір сома жыл соңында 15-қосымшаның 26-жолының
сомасына тең келеді _____

Заңды тұлғаның
жылдық жиынтық кірісі мен
жасалған шегерімдері туралы
декларацияны толтыру жөніндегі
Нұсқама

Ескерту. Нұсқаулық өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен.

V991039_

Ескерту. Нұсқаулық өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Жалпы ережелер

100-нысанның мақсаты

100-нысан - "Жылдық жиынтық кіріс және жасалынған шегерімдер туралы декларация" (бұдан әрі - декларация) - заңды тұлғаның, сондай-ақ Заңның 6-бабы 7-тармағына сәйкес дербес салық төлеуші болып табылатын заңды тұлғаның (бұдан әрі - заңды тұлға) құрылымдық бөлімшелеріне кәсіпкерлік қызметтен алған кірісін мағлұмдауға арналған. Онда алынған кірістер, жасалынған шегерімдер, ұшыраған шығындар және салық салу үшін берілген жеңілдіктер бойынша алынған есептемелер көрсетіледі. 100-нысан, сондай-ақ, заңды тұлғаның есеп беру кезеңіндегі салықтық міндеттемесін есептеуге арналған.

100-нысан декларациядан және қосымшалардан тұрады. Қосымшалардың

құрамына белгіленген нысандағы қосымшалардан басқа еркін нысанда жасалынған анықтамалар, ведомостар кіреді.

Декларацияда көрсетілген белгілі бір кірістер мен шегерімдер болмаса, олар бойынша тиісті қосымшалар жасалынбайды.

Декларация тапсыруға міндетті тұлғалар - Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңының 49-бабы (бұдан әрі - бап).

100-нысан бойынша декларацияны меншік нысанына, қызмет түріне және салық жылында салық салынатын кірісі бар немесе жоқ екендігіне қарамастан, барлық заңды тұлғалар жергілікті салық тіркеу орнына тапсырады.

34-баптың ережелері бойынша кірістері салық салудан толық босатылған заңды тұлғалар декларацияны басқа заңды тұлғалармен қатар тапсырады.

Декларацияны тапсыру мерзімдері - 49-бап

Қазақстан Республикасының салық заңдарында заңды тұлғалардан алынатын кіріс салығы жөніндегі декларацияны есеп беру жылынан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін тапсырады деп белгіленген. Егер декларацияны тапсыру мерзімі демалыс немесе мереке күнімен тұспа-тұс келсе, декларация келесі жұмыс күні болып саналатын күні тапсырылады.

Заңмен белгіленген мерзімнің соңғы күнінде сағат жиырма төртке дейін поштаға, телеграфқа немесе басқа да байланыс мекемесіне тапсырылған салық декларациялары, мерзімінде берілген деп есептеледі.

Салық қызметі салық төлеушілерден он екі айға жетпейтін мерзім ішінде декларацияны тапсыруды мынадай жағдайларда талап ете алады:

- Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті аяқтаған немесе тоқтатқан жағдайда - 49,3-бап. Салық төлеуші заңды тұлғаға декларацияның себебі және күні, қашан және қай кезең үшін декларация тапсырылуға тиіс екендігі көрсетілген салық органының жазбаша хабарламасы тапсырылады.

- Салық төлеуші - заңды тұлға таратылғанда - 49.4-бап. Тарату комиссиясы немесе салық төлеуші бұл туралы салық қызметіне кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды. Салық жылының өткен кезеңдегі қызметіне арналған декларация тарату туралы шешім қабылданғаннан кейінгі 15 күннің ішінде тапсырылады.

- 49-баптың 3-тармағы

Декларацияны тапсыру мерзімін ұзарту - 146-бап.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық

комитетіне декларацияны тапсыру мерзімін үш айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы өтініш бере алады. Декларацияны тапсыру мерзімін ұзарту туралы шешімді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті қ а б ы л д а й д ы .

Мұндай жағдайда декларацияны тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеу немесе аванстық төлемдер жасау мерзімін өзгертпейтінін есте сақтау қажет.

Декларация мен оның қосымшаларына кім қол қояды

Декларацияға басшы немесе уәкілетті адам және бас бухгалтер (егер штаттық кестеде бас бухгалтердің лауазымы жоқ болса, бухгалтер) қол қояды. Уәкілетті адам екінші басшы, сондай-ақ ұйымның қаржылық басқармасының басшысы немесе орынбасары бола алады. Декларация жасау жөніндегі жұмысқа аудитор қатыстырылған жағдайда, 100-нысанға аудитор да қол қояды, ол өзінің СТТН-ін, аудитор куәлігінің нөмірін көрсете отырып мөрін басады.

100-нысанның қосымшаларын толтырған кезде, барлық қосымшаларға бас бухгалтер (егер штатта бас бухгалтердің лауазымы болмаса - бухгалтер) қол қояды, қосымшаларды жасау жөніндегі жұмысқа аудитор шақырылған жағдайда қосымшаларға аудитор да қол қояды, ол өзінің СТТН-ін, аудитор куәлігінің нөмірін көрсете отырып мөрін басады.

Салықтың есептеу әдісі - 40-бап

Салық төлеуші салық салу мақсатында кірістер мен шығыстарды есептеу әдісі бойынша айқындайды.

Есептеу әдісі - салықтық есептеу әдісі бұл әдіс бойынша кірістер мен шегерімдер, төленетін уақытына қарамастан, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген, мүліктер сату мақсатында жөнелтілген және кіріске алынған сәттен бастап есептеледі. Сонымен, бұл кірістер мен шегерімдер олардың түсу және ақша қаражатының төлену уақытына қарамастан, қай есеп беру кезеңіне қатысты болса, сол есеп беру кезеңінде қабылданады.

Ұзақ мерзімді шарт кезіндегі салықты есепке алу - 41-бап

Бір жылдан аса мерзімге жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарт (келісім) ұзақ мерзімді шарт болып табылады.

Ұзақ мерзімді шарттарға қатысты кіріс және шегерімдер салық жылы ішінде олардың іс жүзінде орындалу бөлігінде ескеріледі. Шарттың орындалған бөлігінің көлемін салық жылының соңына дейін ұшыраған шығындарды осы

шарт бойынша жиынтық шығындармен салыстыру арқылы анықталады.

Декларация беру орыны

Ескерту. Тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Декларация салық төлеуші - заңды тұлғаның салықтық тіркелген орны бойынша салық органына ұсынылады. Салық төлеушілер салық декларацияларын аумақтық салық органдарына: келу тәртібімен; тапсырыс хатымен хабарлай отырып пошта бойынша; белгіленген нысандарға сәйкес және белгіленген мерзімдерден кешіктірмей басшының және (немесе) заңды тұлғаның бас бухгалтерінің электронды қолымен куәландырылған ақпараттардың компьютерлік өңделуіне рұқсат етілетін электронды түрде.

Есеп құжаттарын жасау және сақтау - 143, 148-баптар
Ескерту. Тарау өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Декларацияда көрсетілген мәліметтер есеп құжаттарымен расталуға тиіс. Есеп құжаттарын заңды тұлғаның сақтау мерзімі салық заңдарында бес жылға белгіленген талап-арыздың ескіру мерзімі бойынша белгіленеді. Декларацияда келтірілген кірістер, шегерімдер, ұшыраған шығындар және жеңілдіктер туралы мәліметтерді растайтын құжаттарды салық төлеушілер декларацияны жасаған және тапсырған күннен бастап 5 жыл бойы сақтауға міндетті. тіркелген активтердің алғашқы және ағымдағы құнын растайтын құжаттама салық салу мақсатында белгіленген бүкіл амортизациялық кезең бойы сақталуға тиіс. Негізгі қаражаттар бойынша лизингке алынған лизинг бойынша мәмілені растайтын құжаттамалар, лизинг шартының әрекеті мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

Сонымен қатар барлық тапсырылған декларациялардың екінші даналарын сақтай отыру қажет, олардың алдағы кезеңдердің декларацияларын жасауға және , қажет болса, тапсырылған декларацияларға талап-арыздың ескіру мерзімі шегінде түзетулер енгізуге көмегі тиеді.

Есепке алу құжаттамалары электронды немесе магнитті иегерде сақталатын салық төлеушілер салық қызметі органдарының талабы бойынша құжаттардың көшірмелерін барлық деректемелері көрсетілген қағаз тасығыштармен ұсынады.

Салық төлеушінің шетел тілдерінде жасаған есепке алу құжаттары салық қызметінің талабы бойынша қазақ және орыс тілдерінде аударылуға тиіс.

Жыл қорытындысы бойынша кіріс салығын төлеу - 52-бап

Салық төлеуші есеп беретін салық жылы ішінде декларация тапсырған күннен бастап мемлекеттік бюджетпен 10 күн ішінде түпкілікті есептеседі. Кіріс салығын төлеудің соңғы күні декларация тапсыру күніне байланыссыз есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірі болып табылады.

Салықты және айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту - 152-бап

1. Салық төлеушіден негізделген жазбаша өтініш алынса, аумақтық салық органының басшысы тиісті салық органының басшысымен келісіп осы Нұсқауда белгіленген жергілікті бюджетке толық көлемде төленуі тиіс салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бір салық жылынан асырмайды.

Салық төлеушінің тіркелген жері бойынша жергілікті атқарушы органның өтініші алынғаннан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп осы Нұсқауда белгіленген осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бір салық жылынан асырмайды.

Салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Салықтар төлеу мерзімін ұзарту осы Нұсқаудың 2-тармағында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда бюджетке салықтар жарнасын уақтылы енгізбегені үшін өсімнен босатпайды.

Салық төлеушілерге төлем көзінде ұсталған заңды тұлғалардан табыс салығын төлеуге пұрсат берілмейді.

Салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзарту құқығы құқықты басқа тұлғаға беру кезінде берілмейді.

Салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзартуға оларды төлеу бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепіл берілгеннен кейін рұқсат беріледі.

Салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы кепіл қатынастарына Заңда реттелмеген бөлігіндегі кепіл туралы жалпы ережелер қолданылады.

2. Олардың бірден бір қызметі - жылу өндіру, бөлу және тасымалдау салаларында қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғаларға салықтар және (немесе) айыппұлдарды төлеу мерзімін ұзарту кезінде пұрсат берілген кезеңге өсім есептелмейді.

Ескерту. "Салықты және айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту - 152-бап" бөлімі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Кіріс салығы бойынша аванстық төлемдер - 51-бап
Ескерту. Бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Аванстық төлемді салық төлеуші әрбір айдың 20-нда төлеп отырады. Аванстық төлем сомасы салық төлеуші өз бетімен белгілеген және салық қызметі органына мәлімдеген салық жылындағы мөлшерленген кіріс салығының он екіден бір бөлігін құрайды. Маусымдық сипаты немесе басқа шарттары бар жұмыстарға байланысты кірістер жөніндегі аванстық төлемдер туралы сомасын салық төлеуші салық қызметінің органдарымен келіседі.

Салық төлеуші салық декларациясын ұсынғаннан кейін аумақтық салық органдары айыппұл санкцияларын ұсынады.

Дауларды шешу. Шағым жасауға деген құқық - 165-бап

Салық төлеуші салық қызметі жасаған есепке алуды немесе басқа шешімді шағым беру арқылы бұздыра алады. Шешімді қайта қарау туралы өтініш әкімшілік тәртіппен салық қызметінің шешім шығарған бөлімшесіне беріледі. Өтініште салық төлеуші өзінің шағымы негізделген құжаттарды көрсетеді және себептері туралы жазады.

Салық қызметінің жоғары органына және сотқа шағым беру 165 және 166-баптарда ескерілген.

163-164-баптар - өсімақылар мен айыппұлдар

Салық төлеуші Заңның 139-бабында белгіленген аумақтық салық органында есепке қою туралы өтініш беру мерзімін бұзса он айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

Салық төлеуші Заңның 139-2-бабында белгіленген кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлерін аумақтық салық органдарында тіркеусіз жүзеге асыруы, осындай қызметті жүзеге асырудың басы жиырма бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

Салық төлеуші салық декларацияларын аумақтық салық органдарында есепке қою орны бойынша 180 күннен артық емес заңдармен белгіленген мерзімде ұсынбауы төленбеген, бірақ, осы декларация негізінде төленуге тиісті салық сомасынан он процент көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

Салық төлеуші салық декларациясын аумақтық салық органына заңдармен белгіленген мерзімнің аяқталуы бойынша 180 күн ішінде ұсынбаса, декларация беру төленбеген, бірақ, осы декларация негізінде төленуге тиісті салық сомасынан елу процент көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

Салық төлеуші кірістер мен шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерін бұзса, егер бұл әрекеттер бір есептік салық кезеңі ішінде жасалса, он айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға әкеледі. Егер осы әрекеттер бір есептік салық кезеңінен астам уақыт ішінде жасалса немесе кірісті төмендетуге әкелсе, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға әкеледі. Кірістер мен шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу объектілерін бұзу деп осы баптың мақсаттары үшін алғашқы құжаттардың, бухгалтерлік есеп тіркеулерінің болмауы, активтердің бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру шоттарында және салық төлеушілердің міндеттемелерінде әрдайым өз уақытында немесе дұрыс көрсетілмеуі ұғынылады.

Салық салу базасының төмендеуі немесе салық кезеңінің қортындысы бойынша салықты дұрыс есептемеу нәтижесінде салық сомасын төлемеу немесе толық төлемеу салықтың төленбеген сомасынан 50 процент көлемінде айыппұл салуға әкеледі.

Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі операциялардың есепте көрсетілмей өткізілгені үшін аталған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құнының 100 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. "Өсімақылар мен айыппұлдар 160-163-баптар" бөлімінің бірінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929 V990887_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Салық төлеушінің атауы, орналасқан жері

Атауы. Тиісті жолдарға заңды тұлғаның ресми атауын баспаша әріптермен жазыңыз немесе басыңыз (Жарғыда немесе өзге де құрылтай құжаттарында көрсетілуі бойынша).

Орналасқан жері. Салық төлеушінің мекен-жайы: қаласы, облысы, көшенің атауынан кейін үйдің нөмірін көрсетіңіз, бөлмелерге бөлінген болса, бөлмесін де көрсету керек. Егер салық төлеуші ауылды жерде тұрса, онда ауданын көрсетіңіз.

Егер көрсетілген мекен-жай бойынша почта хабарды жеткізе алмаса, және абоненттік жәшік болса, 14-қосымшаның төмен жағында абоненттік жәшіктің нөмірін көрсетіңіз.

Ескерту: Егер декларация тапсырғаннан кейін мекен-жайы өзгерген болса, онда салық төлеуші өзінің жаңа мекен-жайын хабарлауға міндетті.

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН) - 139-бап

Салық қызметі әрбір салық төлеушіге тіркеу нөмірін береді, ол барлық салықтарға қатысты пайдаланылады.

Декларацияның 100-нысанында және оның барлық қосымшасында көрсетіледі.

Банктің атауы және банк шоттары

Егер салық төлеуші бірнеше банктің қызметін пайдаланса, немесе бірнеше шоты болса, онда декларацияның 100-нысанында орын жетіспеген жағдайда, банктердің атаулары мен әрбір банктегі шоттардың нөмірлері декларацияға қосымша тіркелетін жеке бетте көрсетіледі.

Бастапқы, кезекті, тарату декларациялары

Егер заңды тұлғаны тіркегеннен кейін бірінші декларация болып табылатын декларация тапсырылса, онда салық төлеуші "бастапқы декларация" деген ұяны қосу белгісімен белгілейді; заңды тұлға қызметін аяқтаған немесе тоқтатқан, таратқан жағдайда, "тарату декларациясы" деген ұя белгіленеді. Басқа жағдайларда "кезекті декларация" деген ұя белгіленеді.

Есептеу әдісі - 40, 41-баптар

Ескерту. Бөлім алып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлімінің 5-тармағы 3-1), 14-1) тармақшалармен толықтырылды
- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929

V990887_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573
бұйрығымен.

V991039_

Ескерту. Бөлім өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы
N 667 бұйрығымен.

V011582_

1. Жылдық жиынтық кіріс дегеніміз заңды тұлғаның салық жылы ішінде алған және әртүрлі көздерден алуға тиісті кірісі.

2. Салық төлеуші - заңды тұлғаның, сондай-ақ өзінің қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның (бейрезиденттің) жылдық жиынтық кірісі олардың Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде салық жылы ішінде алған немесе алуға тиісті кірістерінен құралады.

3. Салық төлеуші - шетелдік заңды тұлғаның (резидент еместің) жылдық жиынтық кірісі қазақстандық көздерден алынған кірістерден тұрады:

1) осындай кірістің төленетін орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тауарларды өндіруден, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен кірістер;

2) кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер:

Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан тұрақты мекемеден алатын кіріс;

егер, тауар мәмілелер ресімдеу немесе келісім-шарттар жасасу сәтінде Қазақстан Республикасының аумағында болса, тауарларды Қазақстан Республикасында сатудан пайда болатын кіріс;

Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызмет сияқты немесе соған ұқсас сипаттағы кәсіпкерлік қызметтен пайда болатын кіріс;

егер нақты қызмет көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме немесе резидентке шегерім ретінде лд есептелсе, басқару, қаржы, консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заң және адвокаттық қызмет көрсетулерден алынатын кіріс;

егер Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметімен байланысты Қазақстан Республикасында орналасқан резидент және (немесе) тұрақты мекемеге шегерім ретінде олар есептелсе, тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша және (немесе) жұмыстарды (қызмет көрсетуді)

орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісім) бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе толық орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұл санкциялары);

3) резидент - заңды тұлғалардан түсетін және ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сату кезінде құнының өсуінен түсетін кірістерден басқа, осындай заңды тұлғаның қатысу үлесін сатудан түскен дивидендтер нысанындағы кірістер;

4) резиденттерден болмаса, егер осы тұлғаның берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, тұрақты мекемесі немесе Қазақстан Республикасы аумағында мүлкі бар тұлғадан алынатын сыйақы (мүддесі) нысанындағы кіріс берешек бағалы қағаздар бойынша кірістерден басқа;

5) Қазақстан Республикасындағы құқықтарын немесе мүліктерін сату, пайдалану немесе пайдалану құқығын беру кезінде пайда болатын роялти нысанындағы кіріс;

6) осындай мүліктерге қатысу үлесін сатудан түсетін кірістерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүліктен алынатын кіріс;

7) Қазақстан Республикасы аумағындағы мүліктерді резиденттерге сатудан түскен басқа да кірістер;

8) сақтандыру немесе Қазақстан Республикасындағы қауып-қатерлерді қайта сақтандыру келісім-шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылар нысанындағы кіріс;

9) халықаралық байланыстарда телекоммуникациялық немесе көліктік қызмет көрсетулерден немесе Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттер арасындағы тасымалдаулардан түскен кіріс;

10) Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде пайда болатын, алдыңғы тармақшалармен қамтылмаған басқа да кірістер.

4. Жылдық жиынтық кіріске тиіп жөнелтілген өнім, орындалған жұмыс, қызмет көрсету және салық төлеуші алуға тиісті (алған), өзара есеп айырысу ретінде үшінші адамға бағытталған немесе тікелей және (немесе) жанама шығындарды өтеуге бағытталған басқа операциялар үшін төленген ақшалай немесе басқа қаражаттар кіреді.

5. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістерді қоса алғанда, мыналарды

қосатын кірістердің барлық түрлері заңды тұлғаның жылдық жиынтық кірісіне жатады:

1) өнімнің (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізуден түскен кіріс борышкер таныған немесе тағылған айыппұлдар, өсімдер және санкциялардың

басқа да түрлерінің есебімен;

2) ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сатқан кездегі құнының өсімінен түскен кіріс;

3) сыйақы (мүдде) түріндегі кіріс;

3-1) Күдікті міндеттемелер бойынша кірістер;

4) дивидендтер;

5) ұтыстар;

6) өтеусіз алынған мүлік және ақша;

7) мүлікті жалға беруден түскен кірістер;

8) роялти;

9) заңды тұлғалардың мемлекеттік бюджеттен алған субсидияларынан басқа алған субсидиялары;

10) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе кәсіпорындарды жабуға келіскені үшін алынған кірістер;

11) бұрын шегерімге жатқызылған құрылған банктер провизияларының мөлшерінің кемуінен кірістер;

11-1) жалпы сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін бұрын шегерімге жатқызылған сақтандыру резервінің кемуінен кірістер;

12) міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кірістер;

13) Заңның 20-6-бабы 1-тармағына және 47-бабына сәйкес 20-4-бабының 3-тармағына кіріске қосылатын сомалар;

14) 44-бапқа сәйкес өтемақы берілетін шегерілімдер;

14-1) 138-баптың 1-тармағына сәйкес бағаны түзету кірістері;

15) экспорт жағдайында активтерді төмендетілген құны бойынша өткізуден түскен кірістер;

16) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын объектілерді пайдалану кезінде алынатын шығыстардан кірістердің артуы.

1-жол. Өнімдерді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізуден түскен кіріс

Салық төлеуші алған және алуға тиісті кірістердің тиелген тауар-материалдық қорлар, орындалған жұмыстар, қызмет көрсеткені үшін бартерлік операциялар, сатып алушының үшінші адамның шотына аударым жасауы секілді төлемнің түрлеріне байланыссыз (жанама салықтарсыз) кірістердің жалпы с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

2-жол. Ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сатқан кездегі құнының өсімінен түскен кіріс.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Осы жолды толтырғанда 1-қосымшаның деректері пайдаланылады. Е бағанының 36-жолында белгіленген соманы көрсетіңіз.

2-жолда заңды тұлғаның және оның кәсіпкерлік қызметімен байланысты алынған бағамдық айырма көрсетіледі.

1 - Қ О С Ы М Ш А

Ғимараттарды, құрылыстарды, салынған жайларды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сатқан кездегі құнының өсімінен түскен кіріс.

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің

2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_
Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

Бұл қосымшада үйлер, ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын қаражаттардың - жер учаскелерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін, анықталмаған жабдықтарды, тоқтатылған объектілерді, кітапхана қорларын және басқа да амортизациялауға жатпайтын активтерді олардың құнын инфляция түзетуін ескеріп сату кезіндегі құн өсімінің алынған және алынуы тиіс табысы көрсетіледі. Бағалы қағаздарды сату кезіндегі құн өсімінің табысы да осында көрсетіледі.

Салық салынатын табыс салу кезінде үйлер, ғимараттар мен құрылыстарды сатудан тартқан шығынды айқындау кезінде егер сатылған үйлер, ғимараттар мен құрылыстар кәсіпкерлік мақсатында кемінде үш жыл пайдаланылса ғана ескеріледі. Басқа жағдайларда үйлер, ғимараттар мен құрылыстар сатудан алынған шығындар жылдық жиынтық кірістің азаюына алып келмейді.

Амортизациялауға жатпайтын активтерді сатудан тартқан шығын ескерілмейді және жылдық жиынтық табыстың азаюына әкеп соқпайды.

Бағалы қағаздарды сату кезінде тартылған шығындар шегеруге жатпайды, бірақ бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құн өсімінің табысы есебінен өтеледі. Егер тартылған шығындар осы жылы өтеу мүмкін болмаса, олар көшіріліп, бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құн өсімінің табысы есебінен келешектегі кезеңдерде өтеледі. Аталған шығындарды көшіру мен өтеу бес жыл бойы жүргізіледі. Егер аталған шығындар бес жыл ішінде өтелмесе, өтелмеген шығын салық салу мақсатында ескерілмейді (26-бап).

I бөлімнің А бағанында үйлер, ғимараттар және құрылыстардың бұрынғы салық жылы үшін Декларацияға 9-қосымшасының М бағанының тиесілі жолдарынан көшірілген салық есебі бойынша айқындалған қалдық құны көрсетіледі.

Егер объект есепті жылы сатып алынып, сатылған болса, осы бағанда объектінің бастапқы құны көрсетіледі.

II және III бөлімдердің А бағанында жер учаскелерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін, анықталмаған жабдықтарды, тоқтатылған объектілерді, кітапхана қорларын және басқа да амортизациялауға жатпайтын активтердің бастапқы (баланстық) құны, сондай-ақ бағалы қағаздардың құны бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша есепті кезеңнің басында көрсетіледі.

Олардың құны өндірістік мақсаттарға арналған өз құрылысы бойынша шығындар шегерімі ретінде бұрын қабылданған және құрылысы аяқталмаған объектілерді сату кезінде аталған объектілерді сату кезіндегі табыс өсімі құны

болып сатылған толық құны танылады. Мұның өзінде А,В,Г бағандары
т о л т ы р ы л м а й д ы .

В бағанында салық төлеушінің есепті кезеңде нәтижесінде олардың құнын
өсірген үйлер, ғимараттар құрылыстар, амортизациялауға жатпайтын
активтерге салған күрделі қаржысы көрсетіледі.

Г бағанында Ат+Вт мәндерінің сомасы ретінде сату кезіндегі мүлік
құны айқындалады.

Д бағанында салық төлеуші алған немесе алуға тиісті үйлер,
ғимараттар, құрылыстар, амортизациялауға жатпайтын активтердің құны,
сондай-ақ салық төлеушімен алынған немесе алынуға тиісті бағалы қағаздар
көрсетіледі.

Е бағанының 36 жолында айқындалған үйлер, ғимараттар, құрылыстарды,
амортизацияланбайтын қаражаттарды сату кезінде алынған (алынуға тиісті)
өсім құны табысы құны декларацияның 2 жолына көшіріледі.

15 жол бойынша айқындалған үйлер, ғимараттар, құрылыстарды сату
шығыны декларацияның 30 жолына көшіріледі.

3-жол. Сыйақы (мүдде) нысанында кіріс

Осы жолды толтырғанда, 2-қосымшаның деректері пайдаланылады. Бағанның
11-жолында белгіленген соманы көрсетіңіз.

2-ҚОСЫМША

Сыйақы (мүдде) нысанындағы кіріс

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Осы қосымшада салық төлеушілердің Қазақстан Республикасында сияқты Қазақстан Республикасынан тыс та алған сыйақылары (мүддесі) көрсетіледі. Резидент - банктермен, жинақтаушы зейнетақы қорларына, сондай-ақ бағалы берешек қағаздар бойынша заңды тұлға-резиденттерге төленетіннен басқа Заңның 32 бабына сәйкес заңды тұлғаларға төленетін сыйақы (мүдде) төлем көзінен тиесілі соманың 15 проценттік ставкасы бойынша алынады. Ұсталған салық сомасы төлем көзінен салық ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде, салық төлеушіге салық жылы үшін есептелген табыс салығы есебіне жатады. Салық төлеуші сыйақыны Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алатын кезде бөлек қосымша толтырады. Бұл ретте, Б бағаны бойынша сыйақы (мүдде) алынған ел көрсетіледі. Қазақстан Республикасынан тыс төленген есептелетін сомалардың көлемі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ставка бойынша осы кіріске Қазақстан Республикасында есептелетін сомадан аспауы к е р е к .

"Ұйымның атауы" деген бағанда сыйақы (мүдде) алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

"СТТН" Б бағанында сыйақы (мүдде) алынған салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Анықтаманың N __ берілген күні" деген В бағанында төлем көзінде сыйақы (мүдде), кіріс салығы туралы анықтаманың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Анықтаманы төлеуші заңды тұлға сыйақыны (мүддені) төлегенде береді.

Г бағанында "Сома" ұсталған салық сомасын қоса алғанда, есептелген сыйақы (мүдде) сомасы көрсетіледі. Г бағаны бойындағы жол сомасы Декларацияның 3 жолына ауыстырылады.

Д бағанында "Ұсталған салық" осы салықтың ұсталғанын растайтын

құжаттар болған кезде салық төлеушіге төленуге (төленген) тиісті сыйақы (мүдде) сомасынан ұсталған сома көрсетіледі.

Бұл ретте, Д бағанының 11 жолы бойында көрсетілген, Қазақстан Республикасында есептелген сыйақыдан (мүддеден) ұсталған салық сомасы 14-1 қосымшасының 1 тарауы бв жолына ауыстырылады.

Жол жетіспеген кезде қосымша ұқсас ведомость жасалады.

3-1 жол. Күдікті міндеттемелер бойынша кірістер.

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша, сондай-ақ еңбек ақы бойынша пайда болған және пайда болған сәттен бастап екі жыл ішінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер күмәнді деп танылады және салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне қосуға жатады.

Бұл ретте, салық төлеуші тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша пайда болған күмәнді міндеттемелер бойынша, сондай-ақ міндеттеме сомалары, несиегердің атауы, міндеттеменің құрылған жылы және айы көрсетілген еңбек ақы төлемдері бойынша пайда болған міндеттемелер бойынша өз бетімен бөлек қ о с ы м ш а құ р а й д ы .

4-жол. Дивидендтер

Бұл жолды толтырғанда 3-қосымшаның деректері қолданылады. Г бағанының 11-жолында белгіленген соманы көрсетіңіз.

Осы жол бойынша, сондай-ақ қатысушының (акционердің) заңды тұлғадағы қатысу үлесін қайтарып алу немесе сату кезінде алынатын, қайтарып алған немесе сатылған сәттегі қатысу үлесінің құны мен инфляцияға байланысты түзетуді ескере отырып жарғылық капиталға қосылған үлес ретінде енгізілген қатысушының (акционердің) меншікті мүлкінің құны арасындағы айырмашылықпен айқындалатын құнының өсімі көрсетіледі.

3-ҚОСЫМША

Дивидендтер

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

3-қосымшада салық төлеушінің Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлерде алған дивидендтер көрсетіледі. 5.10-бапқа сәйкес заңды тұлғаның қатысушылары (акционерлері) арасында бөлінген таза кірістің бөлігі, сондай-ақ заңды тұлғаның таратылған кездегі мүлкін бөлудегі түскен кірістері дивидендтер болып табылады, жарғылық капиталға инфляция ескеріле отырып салынған жарналар бұған қосылмайды. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде дивиденд алғанда, салық төлеуші жеке қатысушыны толтырады. Олай болғанда Г бағанында ұсталған салық сомасын қоса алғанда дивидендтердің есептелген сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, Б бағаны бойынша дивиденд алынған ел көрсетіледі, Г бағаны бойынша ұсталған салық сомасын қоса алғанда, дивидендтердің есептелген сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, Қазақстан Республикасынан тыс төленген есептелетін сомалардың көлемі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ставка бойынша осы кіріске Қазақстан Республикасында есептелетін сомадан аспауы керек.

"Ұйымның атауы" деген бағанда дивиденд алынған заңды тұлғаның толық
а т а у ы к ө р с е т і л е д і .

"СТТН" Б бағанында дивидендтер алынған салық төлеушінің тіркеу нөмірі
к ө р с е т і л е д і .

"Анықтаманың N-і және берілген күні" деген В бағанында дивидендтердің
төлеу кезде дивидендтерге салынған кіріс салығын ұстау заңды тұлға берген
анықтаманың нөмірлері және берілген күні көрсетіледі.

"Сома" деген Г бағанында Қазақстан Республикасында алынған дивидендтер
сомасы көрсетіледі, бұған растайтын құжаттар бар болғанда ұсталған салықтар
қосылмайды. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде дивиденд алғанда, салық

төлеуші Г бағанында ұсталған салық сомасын қоса алғанда, дивидендтерді есебіне жазылған сома көрсетіледі.

"Ұсталған салық" деген Д бағанында растайтын құжаттар бар болғанда салық төлеушіге дивидендтер төлегенде, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ұстаған салық сомасы көрсетіледі.

Жолдар жетіспесе, ұқсас қосымша ведомость жасалады.

5 - ж о л . Ұ т ы с т а р

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

5-жолда салық төлеушінің конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, салымдар, заттай және (немесе) ақшалай алған ұтыстарының жалпы сомасы беріледі.

6-жол. Қайтарымсыз алынған мүлік пен ақша

Декларацияға алынған мүлік пен ақшаның мәні ашылған, осы мүлікті (ақшаны) берген заңды немесе жеке тұлғаның атауы мен мекен-жайы көрсетілген ведомость қоса тіркеледі. Мұндай жағдайда төтенше оқиғаға ұшыраған жағдайдағы ізгілік көмек түрінде алынған мүлікті қоса алғанда, өтеусіз алынған бүкіл мүлік кіріс болып табылады.

Төтенше оқиғаға ұшыраған жағдайдағы ізгілік көмек түрінде алынған және соған байланысты пайдаланылған мүліктің құны декларацияның 34.1-жолында шегерілуге тиіс.

7-жол. Мүлікті жалға беруден түскен кірістер

Осы жолды толтырғанда 4-қосымшаның мәліметтері пайдаланылады. Г бағанының 11-жолында белгіленген соманы көрсетіңіз.

4- ҚОСЫМША

Мүлікті жалға беруден түскен кіріс

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің

V990802_

бұйрығымен.

Бұл қосымшада салық төлеушінің Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде жалға берген мүлкі үшін алған және алуға тиісті жалдық төлемнің с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

А бағанында жалға беруші жалға берілген мүліктің түрін көрсетеді.

Б бағанында алушының жалға алынған мүліктің орналасқан жері көрсетілген толық мекен-жайы көрсетіледі.

В бағанында жалға беру шартының нөмірі және күні көрсетіледі.

Г бағанында жалға беруші есеп беріліп отырған салық жылында жалға беру шартына сәйкес алған және алуға тиесілі жалдық төлем көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жалға берілген мүлік үшін жалдық төлем алса және алуға тиісті болса, онда Г бағанында жылдық төлемнің есебіне жазылған сома көрсетіледі. Ондайда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кірісті төлегенде Ұсталған салықты төлеуші 14-1 қосымшаның 1-бөлімінің бв-жолында есепке алады және есептеледі.

8 - ж о л Р о я л т и

Салық төлеуші қоса тіркеп отырған қосымшаға сәйкес бұл жол роялти түрінде алынған кіріс бойынша толтырылады. Салық төлеуші қосымшаны роялти төлеген заңды және (немесе) жеке тұлғалардың атауын және олардың әрқайсысынан алынған соманы көрсете отырып, еркін түрде жасайды.

9-жол. Заңды тұлғалардың мемлекеттік бюджеттен алған субсидияларынан б а с қ а а л ғ а н с у б с и д и я л а р ы

Алынған құралдардың мәні ашылған, субсидия жасау мақсаты қосымша баяндалған және субсидияның кімнен алынғаны көрсетілген ведомость қоса т і р к е л е д і .

10-жол. Кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе кәсіпорындарды жабуға

келіскені үшін алынған кірістер

Мысал. А және Б деген заңды тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен айналысады, қызмет барысында олар бір ауданда біркелкі тауарларды сатып жүреді. Соның нәтижесінде А деген заңды тұлғасы үшін өткізу рыногы айтарлықтай тарылды. А және Б деген заңды тұлғаларының келісімі бойынша соңғысы бұл ауданда аталған тауарларды сатып алуға келісті, сол үшін А деген заңды тұлғасынан 100 мың теңге алды. Б деген заңды тұлғасы үшін 100 мың теңге жылдық жиынтық кіріске қосылады.

11-жол. банктер және жер қойнауын пайдаланушылардың резервтік қорларының мөлшерін азайтудан түскен кірістер
Ескерту. Бөлім толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_
Ескерту. Бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

Бұл жолды банк мекемелері жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.
Банктердің кірісіне декларацияның 8а және 8б қосымшаларындағы деректерге сәйкес есептелген провизияның төмендетілген сомасы қосылады.
Егер кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығындар салық төлеушінің резервтік қорға бөлген қаржыларынан төленген болса, оның оң айырымы жер қойнауын пайдаланушылардың салық салынатын кірісіне енгізілуге тиіс.

11-1-жол. Сақтандыру резервтерінің кемуінен кірістер.
Осы жол жалпы сақтандыру шарттары бойынша олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізуі кезінде сақтандыру ұйымдары толтырады.

Сақтандыру ұйымдарының кірістеріне декларацияға осы 8в қосымшасына сәйкес есептелген резервтің кемуінен сома енгізіледі.

12-жол. Міндеттемелерді есептен шығарудан кірістер

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Заңды тұлғаның міндеттемелерін есептен шығару оның кірісі болып табылады. Міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кіріс сомасы есептен шығарылған кредиторлық қарыз сомасына тең.

Ескерту. 12 жол бөлімінің 2, 3-абзацтары алынып тасталынды -
ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929

V990887_

бұйрығымен.

13 жол. 20-6-баптың және 47-баптың 1-тармағына сәйкес 20-4-баптың
3-тармағына кіріс

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Егер I және II топтағы активтерден басқа, шыққан тіркелген активтердің құны салық жылының соңында қосымша топ құн балансынан асып кетсе, асып кеткен мөлшері салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне қосылуға жатады және Декларацияның 13 жолы бойында көрсетіледі.

Бұл ретте, осы қосымша топтың құн балансы салық жылының соңында нөлге тең болады. Декларацияның 13 жолын толтыру кезінде 9 қосымшаның Е бағанындағы деректер пайдаланылады.

Осы жол бойында, активтерді қайтарымсыз негізде беру және (немесе) төмендетілген құн бойынша сату кезінде салық төлеуші алған теріс айырмашылық көрсетіледі. Бұл ретте, салық салу мақсатында айқындалған аталған активтердің төмендетілген құны және қайтарымсыз берілген активтердің өз құны бойынша активтерді сатудан түскен кіріс арасында пайда болған айырмашылық теріс айырмашылық болып табылады.

Бұл ретте, активтердің құны тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы бойынша бөлінбестен есеп беру кезеңіне біртұтас айқындалады.

Активтерді экспорттық операциялар жөніндегі төмендетілген құн бойынша сату кезінде сату бағасы мен салық салу мақсатында айқындалатын сатылған активтердің өз құны арасындағы айырмашылық сатушы тұлғаның кірісі болып табылады.

Сондай-ақ осы жолға 20-4-баптың 3-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған оларды пайдалану сәтінен бастап үш жылдың аяқталуына дейін есепті салық жылында есептен шыққан жаңа негізгі қаражаттар бойынша есептелген амортизациялық аударымдар сомасы енгізіледі.

14-жол. 44-бапқа сәйкес өтемақы берілетін шегерімдер

Бұл жолда салық жылы ішінде алдыңғы кезеңдерде шегерімге жатқызылған күмәнді талаптар бойынша алынған өтелу сомасы көрсетіледі. Егер бұрын әйтеуір бір сома шығын ретінде шегерімге жатқызылған, бірақ салық төлеуші төлемеген болса немесе борышты кредитор шығарып тастаса, онда мұндай сома бұл жолда салық төлеушінің еркін түрде жасаған ведомосына сәйкес кіріс ретінде көрсетіледі.

14-1 жол. 138-баптың 1-тармағына сәйкес сәйкес бағаны түзету
кірістері

Ескерту. 14-1 жолы бөлімімен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929

V990887_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Бұл жолды салық төлеуші осы Нұсқаудың 57-1-тармағының негізінде толтырады.

14-2 жол. Айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары және басқа да санкциялар бойынша кірістер.

Борышкер таныған және (немесе) сотпен тағылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары және басқа да санкциялар бойынша кірістер осы жол бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 14-2 жолы бөлімімен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен.

V991039_

14-3 жол. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын объектілерді пайдалану кезінде алынған шығыстардың кірісін арттыру.

Осы жол бойында кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған шығыстар кірісінің артуы көрсетіледі.

Ескерту. 14-3 бөлімімен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

15-жол. Басқа да кірістер

Ескерту. Бөлім өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Бұл жерде салық төлеушінің 1-14-3-жолдарда көрсетілмей қалған кірісі көрсетіледі. Алынған кірістің түрі және сомасы салық төлеушінің тіркеп отырған ведомосында көрсетіледі. Егер "Басқа кірістер" деген тізім бір ұстанымнан ғана тұратын болса, онда алынған кіріс бойынша мәліметтерді декларацияда ведомость қоса тіркемей-ақ, 15-жолда жақшада беруге болады. "Басқа кірістер" деген заңды тұлға алатын мысалдардың бірі 6-қосымшаның 11б-жолында (iii) белгіленген, тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны бағалау әдісін өзгертудің нәтижесінде алынған кіріс болып табылады.

Активтер экспорттық операциялар бойынша төмендетілген құнмен өткізілген жағдайда өткізілген баға мен өткізілген активтердің өзіндік құны арасындағы айырмашылық өткізуші тұлғаның салық салынатын кірісі болып табылады.

15-жолда салық төлеуші бұрын 20.10-бапқа сәйкес шегерілімге

жатқызылған үш жылға жуық мерзімнен кейін сатылған технологиялық жабдықтың қалған амортизациясының құнын немесе сомасын көрсетеді.

16-жол. Жылдық жиынтық кіріс

Жылдық жиынтық кірістің сомасы 1-ден 15-ке дейінгі жолдар сомасын қосу арқылы анықталады.

17-жол. 13-бапқа сәйкес жылдық жиынтық кірістің түзетілуі

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. 17-жолдың 4-абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929

V990887_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Мыналар жылдық жиынтық кірістен алып тасталуына тиіс:

- растайтын құжаттары болған жағдайда ұсталған салықтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында алынған дивидендтер;

- заңды тұлға алған және оның кәсіпкерлік әрекетіне байланысты оңды бағамдық айырмашылық;

- ашық акционерлік қоғамдардың, акциялар өткізген кездегі құнның өсімінен алынатын кіріс;

- зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарға сәйкес алынған және дербес зейнетақы шотына жіберілген инвестициялық кірістер;

- меншікті акциялар құнының олардың тіркелген құнынан, оларды бағалы қағаздар рыногында алғаш орналастырған кезде эмитент алған артық құн;

- мемлекеттік кәсіпорындардан мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мекемелерден мемлекеттік кәсіпорындар тегін негізде алған негізгі қаражаттардың құны.

18-жол. Түзетуден кейінгі жылдық жиынтық кіріс

16-жолдың 17-жолдан шегерілуі.

ШЕГЕРІМДЕР

19-жол. Өткізілген өнімдер (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығындар

Сатылған өнімнің (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) өзіндік құны салық салу мақсатында салық заңдарында реттелген шығындардан басқа өнімді, жұмыстарды, қызмет көрсетуді сатып алуға, өндіруге және сатуға байланысты барлық шығындар жатады. 6-қосымшаның 10-жолында белгіленген сома енгізіледі. 6-қосымшаның 4-жолын толтыру үшін 5-қосымша толтырылады.

Банктер ба-қосымшасының 3-жолы бойынша белгіленген соманы енгізеді. ба-қосымшасының 1-жолын толтыру үшін 5-қосымша толтырылады.

5 - Қ О С Ы М Ш А

Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығындар

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Осы қосымшада салық төлеушінің өнім шығаруға (жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетулерге) тікелей қатынасатын және әкімшілік персонал қызметкерлерінің еңбегін төлеуге шығыс сомасын көрсете отыра өз қызметкерлеріне еңбегін төлеуге, сондай-ақ өнімді жұмысты, қызметті) сатумен айналысатын қызметкерлерге шығыстар көрсетіледі.

"Қызметкерлердің жалақысы" деген 1-жолда өнімді өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің, әкімшілік қызметкерлердің және сатумен айналысатын қызметкерлердің есебіне жазылған жалақының жалпы сомасы көрсетіледі.

"Қызметкерлердің кіріс салығы салынатын материалдық және әлеуметтік игіліктері" деген 2-жолда өнім өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлерге, әкімшілік қызметкерге және өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) сатумен айналысатын қызметкерлерге берілетін материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі. Және мынау ескерілуге тиіс: 2-жолға қызметкерлерге берілген және 29-баптың ережелеріне сәйкес жеке тұлғада салық салынған материалдық және әлеуметтік игіліктер е н г і з і л е д і .

Шаруашылық субъектінің таза табысы есебінен алынған, кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ, шаруашылық субъектілері қызметкерлерінің тікелей және жанама кірістеріне төлем көзінде 15 проценттік ставка бойынша салық салынады және шегерімге жатқызылмайды.

"Еңбекке ақы төлеу жөніндегі басқа шығындар" деген 3-жолда 1 және 2 жолдары қызметкерлерге еңбекке ақы төлеу жөнінде көрініс таппаған шығындар көрсетіледі. Мысалы: қайта құрылуына, қызметкерлер санының және штатының қысқаруына байланысты қызметкерлерге төленетін төлемдер.

"Еңбекке ақы төлеу жөніндегі жиынтық шығындар" деген 4-жолда төлеу жөніндегі шығындардың жалпы сомасы анықталады.

"Негізгі құралдарды жөндеумен айналысатын қызметкердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығындар" деген 5-жолда өндірістік мақсаттағы негізгі құралдарды жөндеумен айналысып жүрген қызметкерлердің есебіне жазылған жалақы сомасы, соларға берілген материалдық қаржылардың сомасы көрсетіледі.

"Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шегерімге тиісті барлық шығындар" деген 6-жолда шегерімге тиісті еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығындар көрсетіледі.

Өткізілген өнімдер (Жұмыстар, қызметтер) бойынша шығындар
Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Кез келген салық төлеуші үшін өнімдер (жұмыстар, қызметтер) сатып алу, өндіру, сату кіріс табу құралы болып табылады. Сондықтан ол салық жылының басында және аяғында тауар-материалдық қорларды есепке алмай тұра алмайды. Өзінің алғашқы декларациясын беретін салық төлеуші де жылдың басында тауар-материалдық қорлар тіпті болмауы мүмкін. Тауар-материалдық қорларды есепке алу" 7 бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес мынадай түрдегі қаражаттар тауар-материалдық қорларға жатады:

1) шикізаттар, материалдар, сатып алынатын шала өнімдер мен жинақтаушы бұйымдар, құрылғылар мен детальдар, отын, ыдыс пен ыдыстық материалдар, қосалқы бөлшектер, жұмыстарды, қызметтерді пайдалану немесе орындауға арналған өзге де материалдар;

2) аяқталмаған өндіріс, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер;

3) субъектінің қызметі барысында сатуға арналған дайын өнімдер, тауарлар.

- Тауар-материалдық қорлардың құрамы (бұдан әрі - ТМҚ) "Тауар-материалдық қорларды есепке алу" деген бухгалтерлік есептің 7-стандартымен анықталады.

1-жол. "Жылдың басындағы тауар-материалдық қорлар". Тауар-материалдық қорлардың жылдың басындағы құны тауар-материалдық қорлардың алдыңғы салық жылының соңындағы құны болып табылады. Материалдар жыл басындағы бухгалтерлік баланс бойынша анықталатын мәліметтерге сай толтырылады.

2-жол. "Жылдың аяғындағы тауар-материалдық қорлар". Бұл жол жыл соңындағы бухгалтерлік баланс мәліметтері бойынша толтырылады. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылған немесе пайдаланылатын тауар-материалдық қорлардың құны 1 және 2 жолдарда көрсетілетініне назар аударыңыздар.

Ескерту. 2 жол өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

3-жол. "Сатып алынған материалдар, тауарлар, жұмыстар және қызметтер".

Салық төлеушінің жыл бойында сатып алынған материалдарының (

шикізаттың және материалдардың, сатып алынған жартылай фабрикаттардың және комплект бұйымдардың, конструкциялар мен бөлшектердің, отынның, қосалқы бөлшектердің және басқалардың), тауарлардың, орындалған жұмыстардың және салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне қажетті сырт ұйымдар көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі.

4-жол. "Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығындар". Бұл жолды толтыру үшін 5-қосымшаның 6-жолында белгіленген сома көшіріледі.

Ескерту. 4 жол өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

5-жол. "Тауар-материалдық қорлардың инфляция деңгейі ескерілген толық бағалау сомасы". ТМҚ (тауар-материалдық қор) есептеп шығару үшін пайдаланылған әдіс және оны қайта бағалау есептері көрініп тұрған ведомості
қ о с а т і р к е ң і з .

6-жол. "Өзіндік құнға енгізілетін басқа шығындар". Өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру, сату жөніндегі барлық басқа шығындардың 3-жолда ескерілмеген жиынтық көлемін енгізіңіз. Мұның өзінде а) және б) тармақшаларында Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген іссапарлық және өкілдік шығыстар көрсетілуі қажет. В) тармақшасында Қаржылық-шаруашылық қызметтің бас жоспар шоттары ІХ бөлімінің шоттарында көрсетілген өнім шығарумен (жұмыстарды орындаумен, қызмет көрсетулермен) тікелей байланысты шығындарға жатқызылған алдағы кезеңдер шығыстарынан басқа есепті кезең шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдер шығыстары көрсетіледі.

Мынаған ерекше көңіл бөліңіз: осы қосымшаның 3, 4, 6-жолдарында келтірілген деректер декларацияның 20-30-жолдарында көрсеткендерді қ а й т а л а м а й т ы н б о л с ы н .

Ескерту. 6 жол өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

7-жол. "Жиынтығы". Жиынтық (1-2-жолдар)+3 - 6-жолдардың сомасы.

8-жол. "Жөндеу шығындарына қосылған ТМҚ құны". 21-бапқа сәйкес салық төлеушінің негізгі құралдарды жөндеу жөніндегі шегерімге тиісті шығындары қосымша топтың құн балансынан 15 процентке шектелген. Салық төлеуші жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланған тауар-материалдық қорлардың іс жүзіндегі құнын анықтау және оны 8-жолда көрсету қажет.

9-жол. "Кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылмаған ТМҚ құны".
Кәсіпкерлік қызметке арналған тауар-материалдық қорларды салық төлеуші басқа мақсат үшін пайдаланған кезде осы жол толтырылады.

10-жол. "Сатылған өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны".

7-жолдың сомасынан 8, 9-жолдардың сомаларын шегеру арқылы шығарылады

10-жолдың деректерін декларацияның 19-жолына апарыңыз.

- ТМҚ өзіндік құнын бағалау әдістері "Тауар-материалдық қорларды есепке алу" деген бухгалтерлік есептің 7-стандартында сипатталған.

6а-ҚОСЫМША

Қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі шығындар

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Банктер бұл қосымшаны "Кірістер мен шығындар туралы есеп" деген N 2 нысан негізінде толтырады.

1-жол. "Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығындар". Бұл жолды толтыру үшін 5-қосымшаның 6-жолында анықталған сома көшіріледі.

2-жол. "Кеңсенің және жабдықты ұстауға арналған шығындар". 2-жолда кеңсені және жабдықты ұстауға бағытталған шығындар көрсетіледі.

3-жол. "Сот шығындары". 3-жолда банктердің сот шығындары көрсетіледі.

4-жол. "Сыйақыны (мүддені) төлеуге байланысты емес басқа шығындар".

Алдыңғы жолдарда көрсетілмеген және шегерімге тиісті басқа шығындар көрсетіледі. Шеккен шығындардың мәні ашылған ведомость қоса тіркелуге тиіс.

5-жол. "Қаржылық қызмет көрсету жөніндегі барлық шығындар". 1-ден 4-ке дейінгі жолдардың сомасы анықталады.

20-жол. "Алынған кредиттер(займдар) үшін төленетін сыйақы(мүдде)".

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

7-қосымшаны толтырып болған соң, осы қосымшаның И бағанының
11-жолында алынған соманы осы жолда көрсетіңіз.

7-ҚОСЫМША

Алынған кредиттер(займдар) үшін төленетін сыйақы (мүдде)

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

Осы қосымша Заңның 16-бабына сәйкес банктер мен басқа да ұйымдардан теңге және шетелдік валютада алынған кредиттер (займдар), оның ішінде, финанстық лизинг, үшін сыйақы (мүдде) бойынша шегерімдерді айқындауға арналған.

Алынған кредиттер (займдар), оның ішінде, финанстық лизинг, үшін сыйақы (мүдде) есепті кезең үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы бойынша есептеліп, кредиттер (займдар) бойынша аталған ставканың теңгедегі 50 процентке арттырылған және кредиттер (займдар) бойынша шетелдік валютада Лондон банкаралық рыногының ставкасы бойынша 100 процентке арттырылған сомалар шегінде шегеруге жатады.

Егер есепті кезең үшін төленген (төленуі тиіс) сыйақы (мүдде) сомасы өз құрылысы бойынша шығыстар құрамындағы шегерімге жатқызылса, осы қосымша толтырмайды.

А бағанында кредит берген мекеменің толық атауы көрсетіледі.

Б бағанында кредит берген салық төлеуші-ұйымның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

В бағанында кредит шартының нөмірі және күні көрсетіледі.

Г бағанында кредит алынған сәт: күні, айы, жылы көрсетіледі.

Д бағанында алынған кредиттің сомасы көрсетіледі.

Е бағанында кредит шартының талаптарына сәйкес белгіленген ставкасын қолдана отырып, салық төлеушінің алынған кредит үшін сыйақыны (мүддені) төлеуге арналған іс жүзіндегі шығындары көрсетіледі.

Ж1 бағанында теңгемен кредит алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы көрсетіледі, шетел валютасымен кредит алғанда, Лондон банкаралық рыногының кредит алған күнгі ставкасы көрсетіледі.

Ж2 бағанында салық заңдары рұқсат берген ставкасы көрсетіледі, яғни Ж1 бағанында көрсетілген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 150 процентке сәйкес қайта қаржыландыру ресми ставкасы, Лондон банкаралық рыногының 200 проценттік ставкасы.

Осы орайда мынаны ескеру қажет: шетел валютасымен алынған кредиттер жөніндегі сыйақыны (мүддені) анықтау үшін Лондон банкаралық рыногының

ставкасы 1997 жылғы шілденің 21-нен бастап қолданылады, бұл күнге дейін сыйақы (мүдде) сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасын қолдану арқылы анықталады.

3 бағанында Ж2 бағанындағы көрсетілген ставканы қолданып алынған кредит үшін сыйақы (мүдде) көрсетіледі.

И бағанында шегерімге тиісті сыйақы (мүдде) сомасы беріледі, бұл сома Е және 3 бағанында көрсетілген сомалардың ең төменгі сомасы ретінде анықталады.

Әрбір алынған кредит бойынша жолдар жеке толтырылады.

21-жол. Күмәнді талаптар

Ескерту. Бөлім толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

21-жолда бұрын жылдық жиынтық кіріске енгізілген, бірақ кіріс есептеле бастаған күннен бастап екі жыл бойы салық төлеуші алмаған (5.27- және 17 баптар) сатылған өнімге (жұмыстарға, қызмет көрсетуге) төленген дебиторлық берешек сомасы енгізіледі. Бұл жолда 8-қосымшаға сәйкес қабылданған есептеп шығарылған күмәнді талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі. Банктер 8а және 8б - қосымшаларын толтырады.

Банктердің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген мөлшердегі күмәнді және үміт үздірген талаптарына қарсы ұстаным бойынша шегерім жасауға құқы бар, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Салық комитетінің 1996 жылғы 26 желтоқсандағы N 10-2 және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1996 жылғы 26 желтоқсандағы N 411 бірлескен хаты.

- 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген кредиттер бойынша барлық

қажетті сома мөлшерінде;

- 1995 жылғы 1 қаңтардан кейін берілген кредиттер бойынша - берілген және жыл ішінде өтелмеген кредиттердің 50 проценттік сомасы шегінде.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары 8а қосымшасын толтырады.

Сақтандыру резервтерін қалыптастырудың мөлшерін сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдары Сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілейді.

8-ҚОСЫМША

Күмәнді талаптар

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен.

V991039_

Ескерту. 8-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі N 301 бұйрығымен.

V001104_

Өнімдерді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді сатудың нәтижесінде пайда болған және кіріс есептеле бастаған күннен бастап екі жыл ішінде борышкер қанағаттандырмаған салық төлеушінің талаптары күмәнді талаптар болып табылады.

Қосымшаның салық салыну үшін кем дегенде екі жыл есебіне жазу әдісін қолданып жүрген салық төлеушілер толтырады.

А бағанында мекен-жайына салық төлеуші өнім тиіп жөнелткен, жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен және берешегі екі жыл бойы өтелмеген ұйымның атауы көрсетіледі.

Б бағанында құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі, салық төлеушіде осы құжат бойынша дебиторлық берешек жазулы тұр.

В бағанында өнімдерді (жұмыстарды орындауды, көрсетілген қызметтерді) сату жөніндегі дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

Г бағанында В бағанында салық төлеуші көрсетілген берешектен алынатын салықтардың есептелген айын және жылын көрсетеді.

Д бағанында күмәнді талап болып табылатын және жоғарыда көрсетілген шарттарды орындаған жағдайда шегерімге тиісті дебиторлық қарыз сомасы көрсетіледі.

Мысал: 1995 жылғы қыркүйекте ұйым 7200 мың теңге сомасына өнімді тиеп жөнелтті. Осы ұйымның салық есебіне жазу әдісі қолданылады және 1995 жылдың екінші жартыжылдығы үшін заңды тұлғалардан алынатын кіріс салығының сомасын анықтағанда, салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне өнімді өткізуден түскен 6000 мың теңге сома енгізілген, ал 1200 мың теңге қыркүйек айы үшін бюджетке төленуге тиісті ҚҚС сомасын есептемегенде е с е п к е а л ы н а д ы .

Өнімді алушы 1996, 1997 жылдардың 7200 мың теңге мөлшеріндегі берешегі ө т е л м е г е н .

Бұл жерде өнімді тиеп жөнелткен салық төлеуші 1997 жылдың ҚҚС тоқсаны үшін заңды тұлғалардан алынатын кіріс салығының алдын ала есебін жасағанда және 1997 жылдың декларациясында ҚҚС-ның 6000 мың теңгесіне күмәнді талап ретінде қарап, шығарып тастағаннан қалған берешектің барлық алынбаған сомасын шегерімдердің құрамына енгізген. 1997 жылдың қыркүйегі үшін ҚҚС бойынша декларация жасағанда, салық салынатын айналымның мөлшері 1200 м ы н т е н г е к е м и д і .

Салық төлеуші өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) сату нәтижесінде туындайтын ұстап қалуларға, талаптарға салық мақсаттарында күмәнді талаптарды жатқызу кезінде белгіленген тәртіпте ресімделген тиісті мынадай құжаттармен расталуы тиіс: ұстап қалуға күмәнді талаптарды жатқызу кезі сәтінде заңды тұлғалар арасында жасалған салыстыра тексеріс актілерімен, заңды тұлғаның тауар-материалдық запастарды алуға сенімхаттармен, шот-фактуралармен. Осы ереже халықпен есеп айырысу жөніндегі коммунальдық қызмет көрсететін заңды тұлғаларға таралады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардан (салыстыра тексеру актісінен басқа) басқа дебитор заңды тұлғаны тарату жағдайында қосымша осы заңды тұлғаны таратуды тіркеу туралы әділет органдары бұйрығының көшірмесін, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және оны Тізімнен алып тастау туралы куәлікті ұсыну қажет .

Осы дебиторлық берешек Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Бухгалтерлік есеп әдістемесі және аудиті департаментінің 1997 жылғы 24 қарашадағы N 72 бұйрығымен бекітілген сатып алушылар және тапсырыс берушілермен есеп айырысу есебі бойынша ведомоста - заңды тұлғаның бухгалтерлік есеп тізілімінде көрсетілуі тиіс.

Мұның өзінде, күмәнді қарыздар деп танылған дебиторлық берешек немесе өндіріп алу үшін және (немесе) күмәнді борыш бойынша резерв құру бухгалтерлік есепте шығыстарға жатқызу салық салу мақсатында есепке а л ы н б а й д ы .

Ескерту. 8 қосымшаның "Күдікті талаптар" бөлімінің соңғы абзацы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929 V990887_ бұйрығымен.

22-жол. Резервтік қорларға бөлінген қаржылар
Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

Сақтандыру ұйымдары және жер қойнауын пайдаланушылар (18-бап) белгіленген тәртіппен резервтік қорларға қаржы бөледі.

Жалпы сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарымен шегерімге Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормаларға сәйкес сақтандыру резервтеріне аударымдардың сомасы жатады.

Қайта сақтандыру бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарымен өмірді сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарымен жасалған қайта шарттарды сақтандыру қабылданған бойынша аударымдар сомасына басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормаларға сәйкес сақтандыру резервтеріне аударымдар сомасы ш е г е р і м г е ж а т а д ы .

Өзінің қызметін заңға сәйкес жасасқан шарт негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына байланысты кен орнын (резервтік қорды) игерудің зардаптарын жою қоры үшін бөлінген қаржылар сомасын шегеруге жатқызуға құқылы. Осы қор үшін бөлінетін қаржылардың көлемін және бөлу тәртібін кен орнын игеру зардаптарын жоюға арналған шығындардың жобалық сомалары негізінде құзыретті органның келісімі бойынша шарттарға салық сараптарын жүргізу барысында кенді игерудің толық мерзіміне арналған шарт белгілейді. Егер кен орнын игерудің зардаптарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығындар аталған қоры үшін бөлінген қаржыдан кем болған жағдайда, оның оң айырмасы декларацияның 15-жолына жер қойнауын пайдаланудың салық салынатын

кірісіне енгізілуге тиіс.

Резервтік қорларды қалыптастыру жөніндегі есептерді салық төлеуші декларацияға қоса тіркейтін қажетті деректерді көрсете отырып жасалған ведомоста келтіреді.

23-жол. Ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар

Негізгі құралдарды сатып алуға, орнатуға және күрделі сипаттағы басқа шығындарға арналған шығындардан басқа кіріс табуға байланысты ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар

бойынша шегерімдер жасалады.

Мынаған назар аударыңыз, осында көрсетілген сомалар декларацияның басқа жолдарында қайталанып қойылып жүрмесін.

24 жол. Амортизациялық аударымдар және тіркелген активтер бойынша шегерімдер

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

24а)-е) жолдары 9 қосымша негізінде толтырылады. Осы қосымша басқару және өткізу саласындағы өнімдерді (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндіруде тікелей пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдарды есептеуге арналған.

24а жолында 9 қосымшаның I бөлімінің Ж бағанындағы "Барлығы" жолы бойындағы сома көрсетіледі.

24б жолында 9 қосымшаның I бөлімінің Ж1 бағанындағы "Барлығы" жолы

бойындағы сома көрсетіледі.

24в жолында 9 қосымшаның I бөлімінің З бағанындағы "Барлығы" жолы бойындағы сома көрсетіледі.

24г жолында 9 қосымшаның I бөлімінің М бағанындағы "Барлығы" жолы бойындағы сома көрсетіледі.

24д жолында 9 қосымшаның I бөлімінің Л бағанындағы "Барлығы" жолы бойындағы сома көрсетіледі.

24е жолында 9 қосымшаның II бөлімінің Ж бағанындағы "Барлығы" жолы бойындағы сома көрсетіледі

9-ҚОСЫМША

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Амортизациялық аударымдар, жөндеуге жұмсалған шығындар және тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер.

Салық төлеушілердің бухгалтерлік балансында есептелетін және кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын негізгі қаражаттар және материалдық емес активтер тіркелген активтер болып табылады.

Амортизациялық аударымдардың сомалары есеп беру кезеңі соңындағы қосымша топтың құн балансын және салық заңдарымен белгіленген нормаларды ескере отырып есептелген, тіркелген активтер бойынша шегерілуге жатады. Тұрғын үйлер, ғимараттар және құрылыстар (бұдан әрі - құрылыстар) бойынша амортизация әрбір құрылысқа бөлек есептеледі.

Салық төлеуші амортизациялық аударымдарын әрбір тіркелген активтері

бойынша бөлек есептеуге құқылы. Бұл ретте, қосымша топтың құн балансы салық төлеушінің әрбір тіркелген актив бойынша бөлек жүргізілетін есеп деректері негізінде айқындалады.

Құны бұрын 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған салық заңдарына сәйкес шегерімге жатқызылған технологиялық жабдықтар және (немесе) жеке құрылыс объектілері салықтық мақсаттарда амортизациялық аударымға есептеу үшін ескерілмейді.

Негізгі құралдар - I бөлімінде:

"Топ N" бағанында 20-4-баптың 1-тармағына сәйкес салық салу мақсатында амортизациялық аударымды есептеу үшін қосымша топтың нөмірі көрсетіледі.

"Қосымша топ N" бағанында 20-4-баптың 1-тармағына сәйкес салық төлеушілердің амортизациялық аударымдарын есептеу жүргізілетін негізгі құралдардың негізгі тобы қосымша тобының амортизациялық нөмірі көрсетіледі.

A бағанында әрбір қосымша топ бойынша амортизацияның шекті нормасы 20-4 баптың 1 тармағына сәйкес процентпен көрсетіледі.

A1 бағанында әрбір қосымша топ бойынша салық төлеушінің қолдануындағы амортизациялық нормалар процентпен бірақ, A бағанында көрсетілген шектен аспай көрсетіледі.

A2 бағанында әрбір қосымша топ бойынша жаңа негізгі қаражаттар жөніндегі қосымша амортизациялық нормалар 20-4 баптың 1 тармағына сәйкес көрсетіледі.

Әрбір салықтық қосымша топ жөніндегі B бағанында заңдармен белгіленген шегерілімге жатқызылу шегінен астам және Заңның 20-6-бабына сәйкес түзетілген, өткен жылы жүргізілген жөндеуге шыққан шығындар сомасына көбейтілген, өткен салық жылында салық салу мақсатында есептелген, өткен салық жылының соңында қосымша топтың құн балансының амортизациялық аударымдарының сомасына азайтылған сияқты айқындалатын қосымша топтың құн балансының жыл басындағы көлемі көрсетіледі. B бағанының тиісті жолдарына өткен салық жылындағы 9 қосымшаның "Қосымша топтың салық жылы соңындағы түзетуді есепке алған құн балансы" бағанындағы тиісті мәндер көшіріледі.

B-бағанында Заңның 20-8-бабына сәйкес бухгалтерлік есепте оны жүзеге асыру жағдайы кезінде негізгі қаражаттарды қайта бағалау сомасы көрсетіледі.

G бағанында қосымша топтар бөлігінде салық жылы ішінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ жарғылық қорға салым ретінде түскен негізгі-құралдардың құны көрсетіледі. Осы баған бойынша салық жылында топтың I және II құн балансына енгізілген аяқталған құрылыс объектісінің құны көрсетіледі.

Г1 бағанында 20-4-баптың 3-тармағына сәйкес қосымша амортизациялық аударымдар есептелген жаңа негізгі құралдардың есеп беру кезеңінде пайдалануға енгізілген құны көрсетіледі.

Д бағанында салық жылында негізгі құралдарды сатудан алынған және/немесе алынуға тиісті сома және жарғылық қорға салым ретінде берілген сатылған негізгі құралдардың құны көрсетіледі. Бұл жолда сондай-ақ кесімді активтерді сақтандыру жағдайында есептен шығару, жоғалту, жою, бүлінуі, жоғалуы кезінде сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру ұйымы сақтандырушыға төлейтін сақтандыру төлемінің сомасын ескеріп айқындалған кесімді активтердің құны, егер сақтандыру шартына сәйкес тиісті сақтандыру сомалары кесімді активтер сомасына жататын болса, онда есептен шығарылған кесімді актив құны кесімді активтің сақтандырылмаған бөлігіне жататын баланстық құнды және сақтандыру төлемдерінің сомасы ретінде айқындалады, негізгі құралдардың тегін берілген, басқа да себептері бойынша істен шыққан баланстық құны көрсетіледі.

Е бағанында 20-6 және 21-баптардың ережелеріне сәйкес түзету жүргізілмеген салық жылының соңындағы қосымша топтардың құн балансының көлемі айқындалады. Бұл ретте, салық жылының соңындағы қосымша топтың құн балансының мөлшері қосымша топтың құн балансының салық жылы басындағы мөлшерінің, негізгі құралдарды қайта бағалау мөлшерінің, түскен негізгі құралдар құны мөлшерінің қосындысынан қосымша топтың негізгі құралдарының шығарылған сомасын (Бтобы +/- Втобы + Гтобы - Дтобы) шегеру арқылы анықталады.

Ж бағанында салық заңдарына сәйкес есепті салық жылындағы амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі (ЕхтобыА1тобы).

Ж1 бағанында Нұсқаулықтың N 2 қосымшасы III-бөлімінің 19-тармағымен белгіленген тәртіпте айқындалатын бағалау сомасының амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі (Вх тобыА1тобы).

З бағанында бірінші салық жылында пайдалануға енгізілген жаңа машиналар және жабдықтар бойынша амортизациялық аударымдардың қосымша есептелген сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, 20-4-баптың 3-тармағына сәйкес оларды пайдаланудың үш жылдық кезеңі аяқталғанға дейін сатқан жағдайда, қосымша нормалар бойынша есептелген амортизациялық аударым сомасы есеп беру кезеңінде жиынтық жылдық кірістің ұлғаюына жатады (Г1 x А1).

Негізгі құрал-жабдықтардың әрбір қосымша тобы бойынша негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге (күрделі, орташа, ағымдағы, келесі күрделі жөндеуге енгізу) шыққан нақты шығыстар сомасы 21-бапқа сәйкес салық жылының аяғындағы құн балансынан 15 процент шегіндегі шегерімдерге жатады. Бұл ретте, шегерілім осы қосымша топқа кіретін негізгі құрал-жабдықтарды

жөндеуге шығыстар бойынша әрбір қосымша топтарға қатысты жіберіледі. Ағымдағы жалға алынған негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге жалгер шығарған шығыстар сомасы ағымдағы жалға берілген негізгі құрал-жабдықтар жал берушінің қосымша топтарының құн балансына қосылғанмен шегерімге жатпайды. Жалгердің жалдаған негізгі құрал-жабдықтарын жөндеуге жұмсаған шығынын жал беруші өтеген жағдайда, осы шығыстар жалға берушіден белгіленген тәртіпте шегерімге жатқызылады.

Жоғарыда аталған шектен асатын негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге салық төлеуші жұмсалған нақты шығыстар сомасы негізгі құрал-жабдықтардың қосымша топтарының құн балансын арттырады.

Кәсіпкерлік мақсаттар үшін қосымша топтардың пайдаланылатын негізгі құралдарын жөндеуге салық төлеуші жұмсаған барлық нақты шығыстар сомасы И және К бағандарында" көрсетіледі.

Л бағанында оның бастапқы және шегерілімге жататын құнының кем дегенде 5 %-тің құрайтын салық жылының соңындағы негізгі құралдардың қалдық құны көрсетіледі.

М бағанында, егер салық жылының соңында осы қосымша топтардың барлық тіркелген активтері өткізілсе немесе таратылса, М бағанында көрсетілген сомаға тең салық жылының соңындағы қосымша топтың құн балансы көрсетіледі.

Материалдық емес активтер ІХ топ, 9 қосымша топ ІІ бөлімінде:

А бағанында кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі.

Б бағанында 20-4-бапқа сәйкес амортизацияның шекті нормасы процентпен көрсетіледі.

Б1 бағанында салық төлеушінің қолдануындағы амортизациялық нормалар материалдық емес активтер бойынша, бірақ Б бағанында көрсетілген шектен аспайтын процентпен көрсетіледі.

В бағанында алдыңғы салық жылында есептелген және Заңның 20-6-бабына сәйкес түзетілген амортизациялық аударым сомасына азайтылған алдыңғы салық жылының соңындағы қосымша топ балансының құны сияқты айқындалатын жыл басындағы материалдық емес активтердің қосымша топтың баланс құнының мөлшері көрсетіледі.

Г бағанында салық жылы ішінде сатып алынған, қайтарымсыз берілген, сондай-ақ жарғылық қорға салым ретінде берілген материалдық емес активтердің құны көрсетіледі.

Д бағанында салық жылы ішінде материалдық емес активтерді сатудан (шығарудан) алынған және/немесе алынуға тиіс сома және жарғылық қорға материалдық емес салым ретінде берілген материалдық емес активтердің сату құны көрсетіледі. Осы жолда сондай-ақ қайтарымсыз берілген, басқа да себептер

бойынша шығып қалған материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі.

Е бағанында 20-6-баптың ережелеріне сәйкес салық жылының соңында түзету жүргізілмеген материалдық емес активтердің қосымша топ балансы құнының мөлшері айқындалады. Бұл ретте, салық жылы соңындағы материалдық емес активтердің қосымша топ балансының құны қосымша топ материалдық емес активтерінің шығу құны шегерілген түскен материалдық емес активтер құнының мөлшеріне салық жылының басындағы қосымша топ баланс құнының мөлшері сомасы сияқты айқындалады (В тобы +Г тобы - Д тобы).

Ж бағанында салық заңдарына сәйкес есептік салық жылындағы амортизациялық аударым сомасы айқындалады (ЕхтобыБ1тобы).

З бағанында оның бастапқы және шегерілімге жататын құнының кем дегенде 5 %-тін құрайтын салық жылының соңындағы материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі.

И бағанында егер, салық жылының соңында қосымша топтардың барлық материалдық емес активтері өткізілсе немесе таратылса, Е бағанында көрсетілген сомаға тең салық жылының соңындағы қосымша топтың баланс құны көрсетіледі.

10-ҚОСЫМША

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Пайдалануға енгізілген жаңа негізгі құралдардың құны
А бағанында 20-4-баптың 3-тармағына сәйкес қосымша амортизациялық аударымдар есептелетін пайдалануға енгізілген жаңа негізгі құралдардың атауы көрсетіледі.

Б бағанында жаңа негізгі құралдардың пайдалануға енгізілген айы және жылы көрсетіледі.

В бағанында енгізілген жаңа негізгі құралдардың құны (қосымша топтар бойынша берілген бағанның сомалары тиісті қосымша топ бойынша 9 қосымшаның I бөлімі Г1 тобына көшіріледі) көрсетіледі.

Г бағанында 20-4-баптың 3-тармағына сәйкес қосымша амортизациялау

есептелген негізгі құралдардың шығарылған күні көрсетіледі.

Ескерту. Пайдалануға енгізілген жаңа машиналар мен жабдықтар бойынша артылған нормалар жөнінде амортизациялық, аударымдарды қосымша есептеу кезінде, соңғы жылдардағы декларацияның қосымшасына салық төлеуші жаңа негізгі құралдарды салық төлеуші кәсіпкерлік қызметте үш жылдан кем емес пайдаланып отырғанын растауға міндетті.

11-ҚОСЫМША

Өндірісте технологиялық жабдықтың құны

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Қосымшадағы ескерту өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

А бағанында технологиялық жабдықтың түрі (атауы) көрсетіледі.

Б бағанында технологиялық жабдықты пайдалануға беру күні көрсетіледі.

В бағанында сатып алынған технологиялық жабдықтың құны көрсетіледі.

Г бағанында салық салу мақсатында осы технологиялық жабдыққа арналған
амортизация нормасы көрсетіледі.

Д бағанында салық салу мақсатында салық төлеуші есептеп шығарған,
амортизацияға бөлінген қаржылар сомасы көрсетіледі.

Е бағанында салық есебінде анықталған технологиялық жабдықтың қалдық
құны көрсетіледі.

Ж бағанында шегерімге жатуға тиісті технологиялық жабдықтың құны көрсетіледі.

З бағанында технологиялық жабдықты құнының шегерімге енгізілген күні көрсетіледі.

И бағанында технологиялық жабдықтың шығарылуы (сатылуы) көрсетіледі.

Ескерту. Осы қосымша 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған салық заңына сәйкес үш жылдан кем емес өндірісте салық төлеуші бұрын шегеріміне жатқызылған пайдаланған технологиялық жабдықтың қалдық амортизациясы сомасынан немесе құнды салық төлеушілер толтырады. А-В-бағандары үш жылдан кем емес кәсіпкерлік қызметінде технологиялық жабдықтың пайдаланылғанын растау үшін бұрынғы жылдардың декларациясы негізінде анықтамалық ретінде толтырылады.

25-жол. Жөндеуге арналған шығындар

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

9-қосымшаға сәйкес толтырылады, бұл жолға 9-қосымшасының И-бағаны бойынша алынған сома жазылады. Назар аударыңыз: осы жерде енгізіліп отырған жөндеуге арналған шығындар туралы деректер басқа қосымшаларда қайталанбауға тиіс.

Салық төлеуші негізгі құралдарды жөндеуге арналған алдағы шығындарға байланысты резервті құрған жағдайда, осы резервке бөлінген қаржылардың сомасы шегерімге жатпайды.

26-жол. Сақтандыру сыйақылары бойынша шығындар

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

Заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметіне байланысты сақтандыру шарттарына байланысты төленетін сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. Жинақтау немесе қайтарылатын сипаттағы шарттарға байланысты сақтандыру сыйақылары шегерімге жатпайды. 12-қосымшада сақтандыру шарттарын жасау нөмірлері мен күні, сақтандыру сыйақыларының көлемі және шегерімге енгізуге қажетті басқа да ақпарат көрсетіледі.

26-жолға 12-қосымшаның Г бағанындағы "Барлығы" деген жолдың сомасы енгізіледі.

12-ҚОСЫМША

Сақтандыру сыйақылары бойынша шығындар

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

А бағанында шегерімге қабылданатын жинақтаушы және қайтарылатын сипаттағы сақтандыру сыйақыларынан басқа төлемдердің атауы көрсетіледі.

Б бағанында сақтандыру шарттарының күні және нөмірі көрсетіледі.

В бағанында сақтандыру сыйақысын төлеуге негіз болған төлем құжатының

күні мен нөмірі беріледі.

Г бағанында сақтандыру сыйақысының сомасы көрсетіледі.

27 жол. Әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстар

Ескерту. Нұсқаулық жаңа бөліммен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Осы жолда заңды тұлғаның есепті кезеңдегі уақытша еңбекке жарамсыздығы , жүктілігі мен босануы жөніндегі демалыстарға өз қызметкерлеріне ақы төлеу шығыстары көрсетіледі. Аталған шығыстар Жарлықтың 22-1 бабына сәйкес есепті кезеңдегі есептелген еңбекақы қорының 1,5 проценті мөлшерінде ш е г е р і л е д і .

Еңбекақыны төлеу қорына енгізілген төлемді анықтау кезінде "Әлеуметтік салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 10 ақпандағы бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде 1999 жылғы 10 ақпанда N 49 бұйрықпен келісілген, ҚР Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 наурызда N 716 тіркеу нөмірімен тіркеуден өткен N 46 Нұсқаулықтың N 5 қосымшасын басшылыққа алу қажет.

Олардың жұмысына байланысты мертігуіне, денсаулығына өзге де зақым тиюіне, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты заңдарда белгіленген мөлшерде зиянды өтеуге төлеуге жұмсалған шығыстар шегеруге жатқызылады.

Шегерімге қабылданған шығыстар тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

Белгіленгені шектеуден асқан уақытша еңбекке жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы жөніндегі демалыстар күндерін төлеуге арналған шығыстар сомасы, сондай-ақ белгіленген нормативтерден тыс олардың жұмысына байланысты мертігуіне, денсаулығына өзге де зақым тиюіне, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты зиянды өтеуге төленген сомалар заңды тұлғаның таза табысы есебінен жүзеге асырылуы тиіс.

Декларацияның 26-1 жолына 12-1 қосымшаның 6 жолындағы сома енгізіледі.

12-1 Қосымша

Әлеуметтік төлемдерге жұмсалатын шығыстар

1 жол бойынша өз қызметкерлеріне уақытша жұмысқа жарамсыздығы күндеріне, жүктілігі мен босануына байланысты есепті кезеңде төленетін заңды тұлғаның нақты шығыстары көрсетіледі.

2 жол бойынша есепті кезеңде есептелген еңбекақыны төлеу қорының мөлшері көрсетіледі.

3 жол бойынша Жарлықтың 22-1-бабына сәйкес еңбекақы төлеу қорына есепті кезең үшін есептелген 1,5 процент көлемінде белгіленген жүктілігі мен босануына байланысты уақытша жұмысқа жарамсыздығы демалыстары күндерін төлеуге шығыстар бойынша рұқсат етілген шегерім мөлшері көрсетіледі.

4 жол бойынша 1 және 3 жолдарда аталған мөлшерлердің ең азы көрсетіледі.

3 жол бойынша айқындалған белгіленген нормадан жүктілігіне байланысты өз қызметкерлеріне еңбекке қабілетсіздігі күндері және демалыстарға ақы төлеу жұмыс берушінің нақты шығыстарынан асқан жағдайда 5 жол толтырылады, онда 1 және 4 жолдарда көрсетілген айырмашылық шегі көрсетіледі.

6 жол бойынша заңды тұлғаның қызметкерлерге олардың жұмыстарымен байланысты жарақатымен немесе өзге де денсаулығы зақымдануы, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты заңдарда белгіленген мөлшерде зиянды өтеуге төлем шығыстары көрсетіледі.

7 жол бойынша қызметкерлерге жарақатымен немесе өзге де денсаулығы зақымдануы, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты заңдарда белгіленген мөлшерде зиянды өтеуге төлем көрсетіледі.

8 жол бойынша 6 және 7 жолдарда көрсетілген шектердің ең азы көрсетіледі.

7 жол бойынша айқындалған белгіленген нормадан қызметкерге жарақат немесе өзге де денсаулыққа келтірілген залалдардың орнын толтыру, сондай-ақ асыраушысын жоғалумен байланысты жұмыс берушінің нақты шығыстары асқан

жағдайда 9 жол толтырылады, онда 6 және 8 жолдарда көрсетілген шек а й ы р м а с ы к ө р с е т і л е д і .

10 жол бойынша шегерімге қабылданған әлеуметтік төлемдерге шығыстар көрсетіледі, ол 4 және 8 жол мәндерін қоса отыра айқындалады.

10 жолдың мәліметтері Декларацияның 26-1 жолына көшіріледі.

28-жол. Геологиялық зерделеуге және табиғи ресурстардың өндіру үшін дайындық жұмыстарына арналған шығындар

Ескерту. Бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Бұл жолды жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық зерделеуге, пайдалы қазба байлықтарды өндіруге қажетті барлау және дайындық жұмыстарына жұмсалған шығындарын бағалау, игеру шығындарын, жалпы әкімшілік шығындарын және жазылу бонусы мен коммерциялық көрініс бонусын төлеуге байланысты шығындарды қосқанда жылдық жиынтық кірістен амортизацияға бөлінетін қаржылар түрінде шегерімге тиіс және олар бөлек топ құрайды. Осы топ бойынша амортизацияға бөлінетін қаржылар пайдалы қазба байлықтарды өндіре бастаған алғашқы бес жыл бойы 2-топтың негізгі құралдарының шекті нормасы бойынша бөлінеді (25%), ал құнның қалған бөлігі бес жыл өткеннен кейінгі амортизациялық кезеңнің кез келген уақытында жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша белгіленетін нормалар бойынша көрсетіледі.

28-жол.

Ескерту. Бөлім алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Қазақстан Республикасының резидент еместеріне төленетін
қазақстандық көзден алынатын кірістер

А бағанында салық төлеушілерден қазақстандық көзден кіріс түсіретін

Қазақстан Республикасының резидент емесінің атауы көрсетіледі.

Б бағанында 33-бапқа сәйкес қазақстандық көзден алынатын кіріс түрі көрсетіледі.

В бағанында салық төлеушінің Қазақстан Республикасының резидент емесінің қазақстандық көздерден алатын кірісіне аударған сомасы көрсетіледі.

Г бағанында 33-бапқа сәйкес төлем көзінен ұсталатын табыс салығының ставкасы көрсетіледі.

Д бағанында төлем көзінен ұсталатын табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Е бағанында кірістің қазақстандық көзден төленетін күні көрсетіледі.

Ж бағанында есептелген, бірақ қазақстандық көзден төленбеген шегерімдерге жатқызу күні көрсетіледі.

29-жол. Салықтар, айыппұлдар және өтемақы шығындары

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. 29-жол толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

29-жол. 29а-жолда 25-бапқа сәйкес жылдық жиынтық кірісті (ҚҚС, акциз) анықтағанға дейін шығарып тасталған салықтардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттерде төленген кіріс салығынан және үстеме пайдаға салынатын салықтан басқа төленген салықтар көрсетіледі.

Салық төлеуші қолданатын салық есебі әдісіне қарамастан есепке жазылған сома шегіндегі төленген салықтар шегерімге тиіс екендігін атап өту қажет.

Бұрынғы салық жылы үшін ағымдағы салық жылында төленген салықтар төлем жүргізілген сол салық жылында шегерімге жатады.

29б-жол. 29б-жолда шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін сот кесіп берген немесе салық төлеуші мойындаған айыппұл, өсімпұл, тұрақсыздық айыбының сомасы көрсетіледі. Мұның өзінде есептелген сома шегіндегі төленген тұрақсыздық айыбы шегерімге жатады. Шегерімге бюджетке төленген айыппұлдар мен өсімдер жатпайды.

29в-жол. 29в-жолда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 26 шілдесіндегі N 1021 "Мемлекеттік әлеуметтік сала объектілерін ұстауға арналған шығындар нормативтері туралы" өзгертулері мен толықтырулары ескерілген қаулысына сәйкес заңды тұлғалардың мемлекеттік әлеуметтік саланы ұстауға арналған шығындары көрсетіледі.

1. Балансында әлеуметтік сала объектілері бар заңды тұлғалар үшін төмендегідей нормативтер белгіленген:

	ең аз есеп
	көрсеткішінің
	төменгі мөлше.
	рі бойынша
күніне 1 төсекке қабылданатын аурухана бойынша	- 1,6
күніне 1 балаға шаққандағы балалар бақшасы жөнінде	- 0,4
күніне 1 дәрігерлік лауазымға арналған есеп бойынша	- 1,3
күніне 1 балаға есептегенде балалардың демалыс лагері	

бойынша	- 0,6
күніне 1 шаршы метр деп есептегенде тұрғын үй және жатақхана бойынша	- 0,01

2. Мемлекетті әлеуметтік саланы ұстауға қаражатын аударған немесе мүлкін берген заңды тұлғалар бұл шығындарды кәсіпкерлік қызметтен түскен салық салынатын кірістің (бұл жеңілдікті есепке алмай) екі проценті мөлшерінде шегерімге жатқызады.

Салық салынатын кіріс жоқ болғанда, көрсетілген шығындар салық салу үшін шегерімге жатпайды.

30-жол. Салынған жайларды өткізуден ұшыраған шығындар

Бұл жолға 1-қосымшаның 15-жолында белгіленген сома енгізіледі.

31-жол. Шегерімдер - барлығы

19-дан 30-ға дейінгі жолдар сомалары көрсетіледі.

32-жол. Салық салынатын кіріс

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Жылдық жиынтық кіріс пен шегерімдердің айырмасы (18-жол 31-жолдан шегеріледі) ретінде анықталады.

Есеп беру жылының нәтижелері бойынша зиян шеккен жағдайда, бұл сома дөңгелек жақшаға алынады.

32-1 жол. 20-8 баптың 4-тармағына сәйкес көшіруге жатпайтын залал

Осы жол бойынша заңды тұлғаның 20-8-баптың 2-тармағында көрсетілген сомалардан артық негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдар шегеріміне жатқызу нәтижесінде салық жылы ішінде алған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер декларацияның 32 жолы бойынша көрсетілген сома 246 жолы бойында көрсетілген сомадан артық болса, онда 32-1 жолы бойына 246 жолы бойындағы көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 246 жолы бойында көрсетілген сома 32 жол бойындағы көрсетілген сомадан артық немесе тең болған жағдайда, онда 32-1 жолы бойына 32 жол бойындағы көрсетілген сома көрсетіледі.

Ескерту. 32-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

32-2 жол. Көшіруге тиісті залал

Осы жол бойынша көшіруге жатпайтын (32 жолдан алынған 32-1 жолы) залал сомасына кеміген есепті жыл қорытындысы бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған салық заңдарына сәйкес келесі салық кезеңінде көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 32-2-бөліммен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

33-жол. 27-бапқа сәйкес кәсіпкерлік қызметтен шеккен зиян

Ескерілген шегерімдердің жылдық жиынтық кірістен алып кетуі ретінде анықталған кәсіпкерлік қызметтен шеккен зиян үш жыл мерзімге дейін келесі кезеңдердің салық салынатын кірісі есебінен өтелу үшін көшіріледі.

Шарт бойынша жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыру қызметіне байланысты пайда болған зиян жеті жыл мерзімге көшіріледі.

Жоғарыда аталған ереже 20-8-баптың 2-тармағында аталған сомадан артық негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдар шегеріміне жатқызу нәтижесінде есептік салық жылы ішінде алынған залалдарға қолданылмайды.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. 33-бөлімінің 1-абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929 V990887_ бұйрығымен.

Ескерту. 33-бөлім толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

34-жол. 34-бапқа сәйкес салық салудан босатылған кірістер

Ескерту. Бөлім толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1573 бұйрығымен. V991039_

Ескерту. Бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

1) Төтенше жағдайларға байланысты және атқаратын міндеті бойынша жұмсалған ізгілік көмек.

34.1-жолда декларацияның алтыншы жолынан төтенше жағдайға байланысты алынған және атқаратын міндеті бойынша жұмсалған ізгілік көмек көрсетіледі.

2) мүгедектердің еңбегін төлеу жөніндегі шығындардың екі еселенген сомасы , сондай-ақ мүгедектерге қатысты әлеуметтік салық сомасының 50 проценті.

34.2-жолды қызметкерлерінің жалпы санының 30%-тен кем емесін мүгедектер құрайтын өндірістік ұйым толтырады.

3) Мемлекеттік бағалы қағаздарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары бойынша сыйақы (мүдде) 34.3-жолда декларацияның 3-жолынан салықтан толық босатылған мемлекеттік бағалы қағаздарға байланысты сыйақы (мүдде) көрсетіледі.

4) Коммерциялық емес ұйымдарға берілетін қайырымдылық жарналар.

34.4-жолда салық төлеушілер қайырымдылық қызметпен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүліктің және ақшаның

декларацияның 32-жолында белгіленген салық салынатын кірістің екі проценттен аспайтын мөлшеріндегі сомасы көрсетіледі.

Егер өтеусіз берілген мүліктің және ақшаның іс жүзіндегі сомасы салық салынатын кірістің екі процентінен кем сома болып шықса, жұмсалған шығындардың іс жүзіндегі сомасы салықтан босатылады.

5)

6) Банктердің қайырымдылық қорларына өтеусіз бөлген қаржылары (банктер т о л т ы р а д ы) .

34.7-жолы бойынша облыстарда, Астана және Алматы қалаларында құрылған тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі жалпыұлттық және аймақтық қорларға қызмет ететін банктер осы қорларға қайтарымсыз аударымдардың с о м а с ы н к ө р с е т е д і .

7)

8) Ерікті зейнетақы жарналарының сомасы.

9) Негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы (мүдде).

10) Жарлықтың 34-бабының 8-тармағына сәйкес салық салынатын кірістің б о с а т ы л ғ а н ө с і м і .

"Салық жеңілдіктерін беру рәсімін жетілдіру туралы" 1998 жылдың 7 тамызындағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің N 131 қаулысымен бекітілген инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде стандартты салық жеңілдіктерін беру мөлшері мен тәртібінің Ережесіне сәйкес салық салынатын кірістің өсімі осы жол бойынша көрсетіледі, табыс салығына салық салудан босатылады. Табыс салығына салынатын салықтан босатылған, салық салынатын кірістің өсімін анықтау және 34.10 жолын толтыру үшін осы Нұсқаулықтың "Стандартты салық жеңілдіктерін алу кезінде табыс салығының сомасын есептеу" 4а қосымшасын толтыру қажет.

11) 34.11-жолда ұйымдар 34-баптың 1-тармағына сәйкес салықтан босатылған кірістерін көрсетеді. Ондай ұйымдарға мыналар жатады:

- акцизделетін тауарларды өндіру мен сатудан, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерден басқа, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің қазақ республикалық ұйымы (кәсіпорынсыз);

- Қазақстан Республикасының мүгедектерінің ерікті қоғамы, "Бибі-Ана" асырауында баласы бар мүгедек әйелдердің республикалық қоғамы, Қазақ құлағы естімейтіндер қоғамы, Ақылой және физикалық дамуы бұзылған балалар және жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбек қатарына қосу орталығы, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест Қоғамы, Қазақстан Республикасының "Чернобыль" Одағы, сондай-ақ олардың өндірістік ұйымдары (акцизделетін тауарларды өндіру мен сатудан, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерден басқа), егер мұндай ұйымдар

мынадай жағдайларға сәйкес келсе:

- мүгедектер мұндай өндірістік ұйымдардың жалпы жұмысшылары санының кем дегенде 51 процентін құраса;

- мүгедектер еңбегін төлеу қоры жалпы еңбекақы қорының кем дегенде 51 процентін құраса (есту, сөйлеу, көру қабілетін жоғалту бойынша мүгедектер жұмыс істейтін өндірістік ұйымдар үшін 35 проценттен кем емес);

- осы тармақшада аталған қоғамдар (Одақ, Орталық) меншік болып табылса және толықтай солардың қаражаттары есебінен құрылса;

- алынған кірістер оларды құрған қоғамның (Одақтың, Орталықтың) жарғылық мақсатын іске асыруға бағытталса.

-

- Коммерциялық емес ұйымдар. Бұл орайда демеушілік көмек, кіру және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмек жоғарыда аталған қаражаттардың қайтарымсыз негізде берілген жағдайында жасалған аударымдар мен құрбандықтар, сондай-ақ оған қайтарымсыз берілген мүліктен алынған кірістер;

- халықаралық ұйымдар, оның тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

- мемлекеттік мекемелер. Мемлекеттің кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік кредит желілері бойынша, сонымен қатар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халықаралық ұйымдар желісі бойынша алынған мүлікке байланысты кірістер салықтан босатылады.

- негізгі қызметпен байланысты кірістер бойынша "Байқоңыр" кешені объектілердің мүлкі базасында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

- негізгі құралдарды жасауға және жаңартуға үш жылдан аса мерзім берілген орташа және ұзақ инвестициялық кредиттер бойынша алынған (алынуға тиісті) және лизинг бойынша тұрғын үй-жайларды үш жылдан артық емес мерзімде лизинг алушының жеке меншігіне одан кейінгі оларды беру сыйақыға (мүддеге) байланысты банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер және ұйымдар;

- олардың қызметінің айрықша түрі ауыл шаруашылығына несие беру болып табылатын банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Осы жол бойынша Заңның 34-бабындағы 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкіл органымен жасалған келісім-шартқа сәйкес салық салынатын табыс салығынан босатылған заңды тұлғалардың салық салынатын кірістері де көрсетіледі. Мұның өзінде, осы Нұсқаудың "Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыру жөнінде стандартты салық жеңілдіктерін алу кезінде табыс салығын есептеу тәртібі" 4 қосымшасын басшылыққа алу қажет.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің

1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.
Ескерту. 34-жол бөлімінің 3-тармақшасы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік
кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929 V990887_ бұйрығымен.
Ескерту. 34-бөлімнің 11) тармақшасы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

35-жол. Шеккен зияндарын және берілген жеңілдіктерін есептей отырып
с а л ы қ с а л ы н а т ы н к і р і с
Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

32-33- және 34-жолдардың айырмасы ретінде анықталады. Алынған
айырманы 14-1-қосымшасының 1-бөлімнің 1 жолына көшіріңіз.

36-жол. Есептелген барлық салық

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Осы жолды толтыру үшін "Салық есептеу мен жүргізілген төлемдер
бойынша есеп айырысу" 14-1-қосымшасын толтыру қажет. Егер салық
төлеушінің
әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын және (немесе) салық салудан
босатылған кірістері болса, ол "Әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын
және (немесе) салық салудан босатылған табыс салығы есебі" 14 қосымшаны
толтыруы тиіс.

Осы жолға 14-1-қосымшасының 1-бөлімнің 5 жолының мәні көшіріледі.

37-жол. Жүргізілген аванстық төлемдер мен есептемелер сомасы

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

14-1-қосымшасының 1 бөлімінің 6 жолында алынған соманы енгізіңіз.

38-жол. Артық төлемдердің сомалары

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Егер 37-жолда көрсетілген сома 36-жолда көрсетілген сомадан артық болса, онда одан 36-жолдың сомасын шегеріп тастау керек. Алынған шегерім нәтижесі төленген салықтың есептелген салықтан (14-1-қосымшасының 1 бөлімінің 7 жолы) а с қ а н с о м а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

39-жол. Төленетін салықтардың барлығы

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Егер 37-жолда көрсетілген сома 36-жолда көрсетілген сомадан аз болса, онда 36-жолдың сомасынан шегеріп тастау керек. Алынған нәтиже бюджет алдындағы сіздің салықтық (14-1-қосымшасының 1 бөлімінің 8 жолы)

міндеттемеңіз болып табылады.

40-жол. Айыппұл санкциялары

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

14-1-қосымшасының 1 бөлімнің 9 жолын толтырыңыз және осы жолға
алынған нәтижені көшіріңіз.

41-жол. Барлық салық пен айыппұл санкциялары

Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

14-1-қосымшасындағы 1 бөлімнің 10 жолда аталған соманы төлеңіз.

42-жол. Алдағы төлемдердің есебіне жасалған артық төлемдердің
сомасы

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

14-1 қосымшаның II бөлімін толтырыңыз. Осы жолға II бөлімнің

2-жолының сомасын енгізіңіз.

43-жол. Қайтарылуға тиісті артық төлемдердің сомасы

Бұл соманы алу үшін 42-жолда көрсетілген соманы 38-жолда көрсетілген нәтижеден шегеріп тастау қажет. Алынған нәтиже кіріс салығына байланысты артық төлем ретіндегі қайтарылуға тиісті соманы білдіреді.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Тапсырылған декларацияның шындығына және толықтығына басшы немесе өкілетті адам және бас бухгалтер (егер штатта бас бухгалтердің қызметі болмаса, бухгалтер), сондай-ақ декларацияны жасау жұмысына тартылған аудитор жауап береді.

14 ҚОСЫМША

Әртүрлі ставка бойынша салық салынатын және (немесе)
салық салудан босатылған кірістер жөнінде табыс
салығы бойынша есеп айырысу

Ескерту. Нұсқаулық жаңа 14 қосымшасымен толықтырылды - ҚР
М е м л е к е т т і к

кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

Осы қосымша әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын және (немесе)
табыс салығына салық салынуудан босатылған, салық салынатын кірістері бар
заңды тұлғалар толтыруға арналған.

Осы қосымша да Жарлықтың 34-бабы 8-тармағына сәйкес олардың салық
салынатын бөлшегі инвестициялар жөніндегі Қазақстан Республикасы уәкілетті
органмен жасалынған келісім-шартта айқындалған жеңілдік ставкасы бойынша
салық салынып заңды тұлғалармен толтырылады.

Жарлықтың 49-бабының 6-1-тармағына сәйкес әртүрлі ставкалар бойынша
салық салынатын және (немесе) табыс салығымен салық салудан босатылған
кірістері бар заңды тұлғалар олар бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

Бөлек есеп деп олар үшін салық заңдарында табыс салығының әртүрлі ставка мөлшері және (немесе) салық салудан босату көзделген әрбір қызмет түрі бойынша кірістер мен шығыстарды айқындау түсініледі.

Мұның өзінде бір қызмет түрінен тартқан шығыстар мен (немесе) алынған (алынуға тиіс) кірістерді басқа қызмет түріндегі табыс салығын есептеу кезінде есепке алуға жол берілмейді, олардың кірістеріне салықтың әртүрлі ставкалары қолданылады немесе салықпен салық салудан босату болады.

Белгілі бір қызмет түріне жатқызылған барлық шығыстар мен кірістер тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

В, Д бағандарында 30 % және 10% ставкалары бойынша кірістеріне табыс салығы салынатын қызмет түрлерінің көрсеткіштері көрсетіледі.

Е, Ж және К бағандары бойынша қызмет түрі көрсеткіштері көрсетіледі, ол бойынша Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органымен келісім-шартпен байланысты 34 Жарлықтың 8-тармағына сәйкес стандарттық салық жеңілдіктері ұсынылады.

Осы бағандарды толтыру үшін осы Нұсқауға 4-қосымшаны басшылыққа алу қажет.

Е және Ж бағандарын келісім-шартпен белгіленген жеңілдікті ставкасы бойынша салық салынатын кіріс (салық салынатын кірістің жеңілдікті өсімі) бөлігі табыс салығы салынуға жататын салық төлеуші толтырылады.

Аталған бағандар есепті салық жылы аяқталғаннан кейін салық төлеушімен ұсынылатын осы Нұсқауға 4А қосымшасына сәйкес стандарттық салық жеңілдіктерін алу кезінде табыс салығы сомасы есебінің мәліметтері негізінде толтырылады.

Е бағанында 4А қосымшасының 8 бағанында айқындалған және белгіленген жеңілдік ставкасына сәйкес табыс салығының тиісті сомасы кірістің жеңілдікті ставкасы бойынша салық салынатын өсім көрсетіледі. Мұның өзінде, салық төлеуші "Е" бағанының атауында Қазақстан Республикасы инвестициялар жөніндегі уәкіл органымен жасалған келісім-шартта белгіленген салық салынатын өсімнің табыс салығы салынатын салық ставкасын көрсетуі тиіс.

Ж бағанында 4А-қосымшасының 9 бағанында айқындалған және белгіленген ставкаға сәйкес табыс салығының тиісті сомасы минус өсіммен салық салынатын кіріс көрсетіледі. Мұның өзінде, салық төлеуші "Ж" бағанының атауында салық салынатын кіріске қолданылатын жалпы табыс салығы ставкасын көрсетуі тиіс.

З бағанында қызмет түрі көрсеткіштері көрсетіледі, олардың салық салынатын кірістері Жарлықтың 34-бабындағы 1 тармақтың 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10 тармақшаларына сәйкес табыс салығымен салынатын салықтан босатылады.

И бағанының 34-баптың 8-тармағына сәйкес инвестициялар жөніндегі Қазақстан Республикасы уәкілетті органмен келісім-шартқа сай олардың салық

салынатын кірістері табыс салығымен салық салынудан босатылатын ұйымдармен толтырылады. Мұндай ұйымдар болып саналады: қайтадан құрылған инвестицияланатын заңды тұлғалар; келісім-шарт жасау жылына қарай соңғы календарлық үш жылда салық мақсаттарында есептелген шығындары бар инвестицияланатын заңды тұлғалар; шығын базасында құрылған заңды тұлғалар; Осы бағанды толтыру үшін осы Нұсқауға 4 қосымшаны басшылыққа алу қажет.

"К" бағанында В, Д, Е, Ж, З, И бағандарының жиынтық жалпы көрсеткіші көрсетіледі.

Жарлықтың 13-бабында белгіленген түзетулерді есепке ала отыра жылдық табыстың жалпы шегі тиісті бағаналарға 1 жол бойынша енгізіледі. Мұның өзінде, К бағанында анықталған мөлшер Декларацияның 18 жолындағы мәліметтермен сәйкес келуі керек.

2 жол бойынша шегерімге қабылданған шығыстар көрсетіледі. Осы жолға К бағанында анықталған шегерім сомасы Декларацияның 31 жол мәліметтерімен сәйкес келуі керек.

3 жол бойынша 1 жолда көрсетілген жиынтық жылдық табысқа түзету енгізілген және осы қосымшаның 2 жолы бойынша шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептелетін, салық салынатын кіріс ретінде айқындалады. Мұның өзінде, К бағанындағы мәліметтер Декларацияның 32 жолындағы мәліметтермен сәйкес келуі керек.

Е бағанында 3 жол Қазақстан Республикасы инвестициялар жөніндегі уәкілетті органымен жасалған келісім-шартта белгіленген жеңілдік ставкасы бойынша салық салынатын табыс салығымен салық салынатын кірістің өсімі көрсетіледі. Осы жолды толтыру үшін Нұсқауға 4А-қосымшасы белгілеген стандарттық салық жеңілдіктерін алу кезінде 8 жолда көрсетілген табыс салығы сомасы есебіндегі мәліметтер қолданылады.

Ж бағанында 3 жол осы Нұсқауға 4А-қосымшасы белгіленген стандарттық салық жеңілдіктерін алу кезінде 9 жол бойынша айқындалған заңды тұлғаның минуспен жеңілдік өсімінің салық салынатын кірісі көрсетіледі.

4 жолда Жарлықтың 27-бабына сәйкес кейінге қалдырылатын залалдар көрсетіледі. Е бағанында 4 жол толтырылмайды. Мұның өзінде, К бағанындағы мәліметтер Декларацияның 33 жолындағы мәліметтермен сәйкес келуі керек.

5 жолда Жарлықтың 34-бабының 1-тармағындағы 5, 8-тармақ бөлімшелерінде, сондай-ақ 2, 3, 6, 7, 9, 10-тармақтарындағы табыс салығына салынатын салықтан босатылған заңды тұлғалардың кірістері көрсетіледі. Е бағаны осы жол бойынша толтырылмайды. Мұның өзінде, К бағанының мәліметтері Декларацияның 32.1-ден 34.10-ға дейінгі жол сомаларына тең болуы керек.

6 жолда Қазақстан Республикасы инвестициялар жөніндегі уәкілетті органымен жасалған келісім-шартқа сәйкес салық салынудан босатылатын салық

салынатын кірістің өсімі көрсетіледі. Осы жолды толтыру үшін осы Нұсқауға 4А қосымшасында белгіленген стандарттық салық жеңілдіктерін алу кезінде 8 жолда көрсетілген табыс салығының есебіндегі мәліметтер қолданылады. Осы жол бойынша Е, Ж, З, И бағаналары толтырылмайды. Мұның өзінде, 6 жол бойынша К бағанындағы мәліметтер Декларацияның 34.10 жолымен тең болуы тиіс.

7 жолдағы "З" және "И" бағаналары 3 жолдағы "З" және "И" бағаналарының мағыналарына көшіріледі. 7 жол бойынша "К" бағанындағы мәліметтер Декларацияның 34.11 жолымен тең болуы керек.

8 жолда 3 жол бойынша көрсетілген мөлшерден 4, 5, 6, 7 мағыналары жолдарын есептен шығара отыра әрбір бағана бойынша жеке айқындалып, өткізілетін шығындар мен ұсынылатын жеңілдіктерді есепке ала отыра салық салынатын кіріс айқындалады. Мұның өзінде, "К" бағанының осы жол бойынша мағынасы Декларацияның 35 жолына тең болуы керек.

9 жол бойынша әртүрлі ставкалармен салынатын салықтардың кірістер бөлігінде табыс салығының сомасы көрсетіледі. Табыс салығы сәйкес бағаналар бойынша осы қосымшадағы 8 жол негізінде көрсетілген салық салынатын кірістің мөлшеріне белгіленген әрбір баған бойынша табыс

салығының ставкасын көбейтумен есептеледі.

"В" және "Д" бағаналары 9 жолдағы мәліметтер тиесінше Декларацияға 14-1-қосымшаның 2а, 2в жолдарына көшірілуі тиіс.

"Е" және "Ж" бағаналары 9 жолдың жиынтық мағынасы Декларацияға 14-1-қосымшаның 2г жолына көшірілуі тиіс.

9 жол "К" бағанының мағынасы Декларацияға 14-1 қосымшаның 2 жолына көшірілуі тиіс.

14-1 ҚОСЫМША

Ескерту. 14 қосымшасы 14-1-қосымшасы деп саналды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

I бөлім. Салықты есептеу мен жүргізілген
төлемдер бойынша есеп айырысу

1 жолда Декларацияның 35 жолы негізінде айқындалған салық салынатын
кірістің сомасы көрсетіледі.

2 жолда Жарлықтың 30 бабына сәйкес салық төлеушімен қолданылатын
ставкамен сәйкес айқындалған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын және
(немесе) салық салудан табыс салығымен босатылған салық салынатын
кірістері бар жағдайда 2 жол бойынша Декларацияға 14-қосымшада айқындалған
табыс салығының шегі көрсетіледі:

2 жол бойынша - "К" бағанының 9 жолынан;

2а жолында 30% ставка бойынша "В" бағанындағы 9 жолдан;

2в жолы 10% ставка бойынша - "Д" бағанындағы 9 жолдан;

30 % ставка бойынша 2а жолында "В" бағанындағы 9 жолдан;

2б жолы бойынша 20% ставкада - "Г" бағанындағы 9 жолдан;

2в жолы бойынша 10% ставкада - "Д" бағанындағы 9 жолдан;

инвестициялық келісім-шарттар 2г жолында - "Е" және "Ж" бағаналары
бойынша 9 жолдың жиынтық мәні.

3 жол бойынша осы қосымшаның 1 және 2 жолдарындағы айырым ретінде
айқындалатын таза кіріс көрсетіледі.

4 жол Жарлықтың 37-бабының ережесіне сәйкес алынатын шетелдік заңды
тұлғаның тұрақты мекемесінің таза табысына табыс салығының сомасын көрсету
ү ш і н а р н а л ғ а н .

Егер заңды тұлға Қазақстан Республикасы резиденті емес болып табылса
және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты мекемесі бар болатын болса,

онда Жарлықтың 35-бабы табыс салығының жай ставкасы бойынша және Жарлықтың 37-бабы бойынша 15 проценттік ставкамен осындай тұрақты мекеменің таза кірісіне салық салу заңды тұлға-резидент емес тұрақты мекеменің кірісіне салық салуды қарастырады.

Жарлықтың 37-бабымен 15 проценттік мөлшерде қарастырылған таза кіріске салынатын салық сомасы Қазақстан Республикасы және шетелдік заңды тұлға тіркелген ел араларында жасалынған қос салық салынуын болдырмау туралы тиісті Конвенция Ережесінің негізінде азайтылуы мүмкін.

4-а жолы бойына 20-8-баптың 3-тармағына сәйкес есептелген негізгі құралдарды бағалаудан түскен салық сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, негізгі құралдарды бағалаудан түскен салық сомасы 5в қосымшаның 7 жолынан осы н ұ с қ а у л ы қ қ а к ө ш і р і л е д і .

5 жолда заңды тұлғаның табыс салығына есептелген жалпы сомасы 2 және 4 жолдардың сомасы ретінде есептеліп көрсетіледі. Ол Декларацияның 36 жолына к ө ш і р і л е д і .

6 жолда заңды тұлғамен жүргізілген аванстық төлемдер мен алынған есеп айырысулар к ө р с е т і л е д і .

6а жолында ағымдағы жылдың табыс салығын төлеу шотына бұрынғыдан көшірілген асыра төлеу көрсетіледі.

6б жолында салық жылы үшін салық төлеуші жүргізген аванстық төлемдердің жиынтық мөлшері есепке алынады.

6в жолында Қазақстан Республикасынан тыс жерде төленген, кірістен ұсталған, аталған Декларацияда көрсетілген және Қазақстан Республикасында қоса есептеуге қабылданған салық сомасы көрсетіледі. Берілген ведомоста кіріс түрі, кіріс төлеген ел және ұсталынған кіріс сомасы көрсетіледі. Ведомоста кірістің бүкіл есептелген сомасы мен шетелде төленген салық көрсетілетінін де еске алу қажет. Мұның өзінде, салықтың есептелетін сома мөлшері Қазақстан Республикасында қолданып жүрген ставкалар бойынша осы кіріске Қазақстан Республикасында есептелген болып салық сомасы мөлшерінен асуы мүмкін емес.

6г жолында Қазақстан Республикасында есептелген сыйақы (мүдде) сомаларынан ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

6 жолындағы мәліметтер Декларацияның 37 жолына көшіріледі.

Егер 6 жолда аталған аванстық төлемдер мен қоса есептеулердің жүргізілген шамасы 5 жолда есептелген сомадан үлкен болған жағдайда айқындалып 7 жол бойынша асыра төлем сомасы көрсетіледі. 7 жолдың мәліметтері Декларацияның 38 ж о л ы н а к ө ш і р і л е д і .

8 жол бойынша 6 жолда көрсетілген табыс салығы сомасы және жүргізілген аванстық төлемдер мен қоса есептеудің 5 жолда есептелген айырымы ретінде

анықталып төленуге тиісті табыс салығы көрсетіледі. 8 жолының мәліметтері Декларацияның 39 жолына көшіріледі.

9 жолда айыппұл санкцияларының есептелген сомасы көрсетіледі. 9а, 9б, 9в, 9г тиісті жолдарына - Заңның 163-163-7 және 164-баптарына сәйкес есептелген айыппұл санкциялары енгізіледі. 9 жолындағы мәліметтер Декларацияның 40 жолына енгізіледі.

10 жолда төленуге тиісті табыс салығы мен айыппұл санкцияларының жалпы сомасы анықталады. 10 жолдағы мәліметтер Декларацияның 41 жолына көшіріледі.

II бөлім. Алдағы төлем шоттарына асыра төлеу сомасын аудару

Бұл бөлім салық төлеуші табыс салығы бойынша алдағы төлем шоттарына немесе басқа салықтардың төлем шоттарына өзінің асыра төлеу сомасын көшіру тілегі туралы жеке көрсете алуы үшін арналған.

1 жолға осы қосымшаның I бөліміндегі 7 жолда және Декларацияның 38 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

2 жолда табыс салығы, ҚҚС және акциздер бойынша алдағы төлем шоттарына төлеуге салық төлеуші көшіре алатын асыра төлеу сомасы көрсетіледі. Мұның өзінде, аванстық төлемдер жарнасы мерзімі бітуінің күні көрсетіледі. 2 жолдың мәліметтері Декларацияның 42 жолына көшіріледі.

III бөлім. Басқа ақпарат

Ескерту. Қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

1 жол. Осы аумақтық органның статистикасы бойынша экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру түрлерін белгілеңіз.

2 жол. Аумақтық органның статистикасы бойынша КМЖЖ-нің (кәсіпорындар мен мекемелердің жалпы жіктеуішінің) кодын көрсетіңіз.

2-1 жол. Аумақтық органның статистикасы бойынша ЭҚЖЖ-нің (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің) кодын көрсетіңіз.

3-жол. Ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетіңіз.

4-жол. Ұйымның меншік нысанын көрсетіңіз.

5-жол. Салық есебінде есептемелер әдісіне көшу.

5.1. 1.07.97 ж. жағдайы бойынша салық есебінен есептемелер әдісіне көшкен кезде пайда болған табыс салығы сомасы мен белгіленген тәртіп бойынша салық

органына мәлімделген соманың айырмашылығы көрсетіледі.

5.2. 20.06.97 ж. N 1001 "Салық төлеушілердің салық есебінде есептемелер әдісіне көшуі туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының 2-тармағына сәйкес айқындалатын табыс салығы сомаларының айырмашылығы көрсетіледі.

5.3. 1997 жылдың II жартысы мен 1998 жыл үшін табыс салығы сомаларының айырмашылығын жабу үшін жұмсалған сомалар көрсетіледі.

5.4. 1.01.199_ жылғы жағдай бойынша табыс салығы сомаларының айырмашылығы.

5.5. Оның ішінде берешектер бойынша.

15, 15-1, 15-2, 15-3 қосымшалары
Ескерту. Бөлім жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Бухгалтерлік баланс (Жылдық бухгалтерлік баланстың N 1 нысаны), қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беру (қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп берудің N 2 нысаны)*

*Жылдық бухгалтерлік баланс N 1 нысаны және Қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беру N 2 нысаны банктермен толтырылады.

Бухгалтерлік баланс (Жылдық бухгалтерлік баланстың нысаны), қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беру (қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп берудің N 2 нысаны) бухгалтерлік есеп және қаржы есеп беруі бойынша Қазақстан Республикасы заңдылығымен сәйкес дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп берулері саналады.

15, 15-1, 15-2, 15-3 қосымшаларында аталған мәліметтер салық салу мақсаттары үшін қандай-да бір түзетулерсіз жүргізіледі.

15а-ҚОСЫМША

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің

Декларация бойынша кірістердің қаржылық есептемесінің кірісін
(шығынын) салыстыру

Қаржылық есеп бойынша кіріс (зиян) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептеме жөніндегі заңдарына сәйкес әзірленген "Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте" анықталған, заңды тұлғаның таза кірісі (зияны) болып табылады.

Осы қосымшада салыстырып тексеру үшін салық төлеушінің салық заңдарының ережелеріне сәйкес қаржылық есебі бойынша анықталған таза кірісті (зиянды) түзетеді.

1-жолда қаржылық есепке байланысты таза кіріс (зиян) көрсетіледі, егер зиян сома дөңгелек жақшада тұрса().

2-жолда 14-қосымшаның 1-бөлімінің 8-жолында көрсетілген есептелген салықтың сомасы беріледі.

3-жолда салық салынуға тиісті, бірақ өткен кезеңнің бухгалтерлік есебі бойынша кірісте көрсетілмеген кіріс көрсетіледі (жол жетпесе, кірістердің мәні ашылған ведомость қоса тіркеледі).

3-тармақтың барлық сомалары қосылады және "жиынтығында" деген жолда жиынтық көлем анықталады.

4-жолда бухгалтерлік есепте ескерілетін, бірақ салық заңдары бойынша шегерімге жатпайтын шығындар көрсетіледі (жол жетпесе шығындардың мәні ашылған ведомость қоса тіркеледі). Ондай сомалар салық заңдарында белгіленген шектеулерге байланысты пайда болады.

5-жолда 1-ден 4-ке дейінгі жолдар көрсетіледі, егер 1-жолда оң сома болса.

6-жолда бухгалтерлік есепте көрсетілген, бірақ бұл декларацияға

енгізілмеген кіріс көрсетіледі (жол жетпесе кірістердің мәні ашылған ведомость қоса тіркеледі).

7-жолда осы декларацияда шегерімге жатқызылған, бірақ бухгалтерлік есеп бойынша шығындарға жатқызылмаған шығындар көрсетіледі (жол жетпесе шығындардың мәні ашылған ведомость қоса тіркеледі).

8-жолда 6 және 7-жолдардың сомасы анықталады.

15а-қосымшаға кірістер мен шығыстардың үлгілік тізбесі

Ескерту. Бөлім өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің

V990802_

бұйрығымен.

3-жол бойынша

1) ғимараттардың, құрылыстардың, сонымен қатар амортизацияға жатпайтын активтердің инфляцияға байланысты түзетілген құны ескерілген құнының өсімінен түскен кіріс (декларацияның 2-жолынан);

2) 20-баптың 7-тармағына және 42-баптың 3-тармағына (декларацияның 13-жолынан) сәйкес кіріс;

3) басқа шығындар (декларацияның 15-жолынан).

4-жол бойынша

1) теріс бағамдық айырма;

2) төленген және бюджетке енгізілуге тиісті айып санкциялары;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормадан тыс іссапар, өкілдік шығындар;

4) жинақтық және қайтарылатын сипаттағы сақтандыру жөніндегі шығындар;

5) негізгі құралдарды таратудан (жоюдан) және шығарып тастаудан шеккен зияндар;

6) материалдық емес активтерді жоюдан (таратудан) және шығарып тастаудан түскен зияндар;

7) алынған кредиттерге салық заңдарында белгіленген сомалардан артық төленген сыйақы (мүдде);

8) мемлекеттік әлеуметтік сала объектілерін ұстауға байланысты

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативтерден артық шығындар;

9) негізгі құралдарды жөндеуге байланысты 21-бапта белгіленген шектеулерден артық шығындар;

10) күмәнді қарыздарға байланысты резервтер құру жөніндегі шығындар;

11) тауар-материалдық қорлардың нормативтен тыс шығындары, бұзылуы және жетіспеуі, өндірістік емес басқа шығындар және залалдар;

12) айыптылары анықталмаған тонаушылықтан немесе айыпкер жағының есебінен қажетті соманың өтеуін қайтару айыпкер жағының есебінен қажетті

соманың өтеуін қайтару мүмкін болмаған жағдайда шеккен зияндар;

13) уақытша тоқтатылған өндірістік қуаттарды және объектілерді ұстауға жұмсалған шығындар;

14) қызметкерлердің демалысына резервтер құру жөнінде бөлінген қаржылар;

15) негізгі құралдарды жөндеуге арналған болашақ шығындарға резервтер құру жөнінде бөлінген қаржылар;

16) негізгі құралдардың, материалдық емес активтерді амортизациясына бөлінген, бухгалтерлік есепте есептелген қаржылар;

17) ұйымдардың дебиторлық берешегін қосқанда, талап-арыз мерзімі өтіп кетуге байланысты шығарып тасталған дебиторлық берешек сомасы, бұған күмәнді талаптарға байланысты резерв есебінен шығарып тасталған сомалар қосылмайды;

18) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес шығындар.

6-жол бойынша

1) оң бағамдық айырма;

2) негізгі құралдарды өткізуден түскен кіріс;

3) мемлекеттік бағалы қағаздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы

органдардың бағалы қағаздары бойынша сыйақы (мүдде);

4) бағалы қағаздарды өткізуден түскен кіріс;

7-жол бойынша

1) салық салу үшін есептеп шығарылған, негізгі құралдардың амортизациясына бөлінген шығындар;

2) салық салу үшін есептеп шығарылған, материалдық емес активтердің амортизациясына бөлінген шығындар;

3) шегерімге жатқызылған технологиялық жабдықтың қалған амортизациясының құны немесе сомасы;

4) өндірістік мақсаттарға арналған меншікті құрылысқа байланысты шегерімге жатқызылған шығындар;

5) тауар-материалдық қорлардың шегерімге жатқызылған, инфляция деңгейі ескерілген толық бағалау сомасы.

156-ҚОСЫМША

Бөлінбеген кірістің (жабылмаған зиянның) сомаларының бар екендігі және жылжуы туралы

1-жолда салық жылының басындағы бөлінбеген кірістің (жабылмаған зиянның) сомасы көрсетіледі.

2-жолда салық жылы бухгалтерлік есеп бойынша алынған және бөлінбеген кірісті (жабылмаған зиянды) арттыруға бағытталған таза кірістің сомасы көрсетіледі.

3а-3в-жолдарда басқа көздерден алынған бөлінбеген кірісті арттыруға бағытталған сомалар көрсетіледі.

4-жолда 1-ден 3-ке дейінгі жолдардың сомасы анықталады.

5-жолда дивидендтерді төлеуге бағытталған сома көрсетіледі.

6а-6в-жолдарда 5-жолда көрсетілген сомалардан басқа бөлінбеген кірісті азайтуға жатқызылған сомалар көрсетіледі.

7-жолда 5 және 6-жолдардың сомасы анықталады.

8-жолда салық жылының соңындағы бөлінбеген кірістің (жабылмаған зиянның) қалдығы анықталады.

1-а қосымша

ЕСКЕРТУ. 1а-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 нұсқауына
2 қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_

Ескерту. Қосымша өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

САЛЫҚТЫҚ МАҚСАТТА ТІРКЕЛГЕН АКТИВТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ АУДАРЫМДАР ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Шегерімге жатқызылуға тиіс амортизациялық аударымдарды есептеуге арналған объектілер тіркелген активтер болып табылады.

Тіркелген активтер - салық төлеушінің бухгалтерлік балансына ескерілетін және кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын негізгі құралдар және материалдық емес активтер.

2. Негізгі құрал-жабдықтар - сатып алынған кездегі құны кем дегенде 40 айлық есеп көрсеткішті құрайтын, қызмет мерзімі бір жылдан артық материалды активтер.

3. Заңды (құрылтайшылар мен қатысушылардың шығындарын қоса алғанда) және жеке тұлғаларды кәсіпкерлік қызметте ұзақ мерзімді (бір жылдан артық) кезең ішінде пайдаланылатын материалды емес объектілерге шығарған шығындары материалды емес активтерге жатады.

Материалды емес активтерді амортизациялауға қатысты құнға, егер салық төлеушінің кірісіне салынатын салық есебі кезінде шегеріліп қойған болса, оларды сатып алу немесе өндіру жөніндегі шығыстар қосылмайды.

4. Тіркелген активтер құны осы қосымшада белгіленген тәртіпте және жағдайларда амортизациялық аударымдарды есептеумен шегерімге жатады.

5. Амортизациялық аударымдар мынадай негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептеледі:

- 1) тұрғын-үйлер;
- 2) ғимараттар;
- 3) таратушы құрылғылар;
- 4) жұмыс және күш машиналары мен жабдықтары;
- 5) мәліметтерді өңдеу жөніндегі компьютерлік, периферийлік құрылғылар мен жабдықтар;

- 6) көлік құралдары;
- 7) аспаптар;
- 8) өлшеу және реттеу приборы мен құрылғылар, лабораториялық жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар және керек-жарақтар;
- 9) жұмыс малы;
- 10) көп жылдық көшеттер;
- 11) алдыңғы тармақшаларда аталмаған басқа да негізгі құрал-жабдықтардың түрлері.

Көп жылдық көшеттер және жұмыс малы бойынша, егер аталған активтерді кәсіпкерлік қызметте салық төлеушілер пайдаланған жағдайда амортизациялық аударымдар есептеледі.

6. Амортизациялық аударымдар мынадай негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелмейді:

- 1) жер;
- 2)

- 3) азық-түліктік мал;
- 4) мұражай құндылықтары;
- 5) архитектура және өнер ескерткіштері;
- 6) автомобиль жолдары, жалпы пайдаланатын жаяу соқпақтар, гүлзарлар, саябақтар;
- 7) аяқталмаған күрделі құрылыстар;
- 8) фильм қорына жататын объектілер;
- 9)

- 10)

11) оларды пайдалануға берген сәтке дейін қоймаларда орнатуға монтаждауда олардың толықтай тоқтауы жағдайы кезінде уақытша тоқтата тұру, қайта құру және техникалық қайта жарақтану болып табылатын объектілер.

7. Амортизациялық аударымдар мынадай материалдық емес активтердің түрлері бойынша есептеледі:

- 1) лицензиялық келісімдер;
- 2) сауда маркілері және тауарлық таңбалар;
- 3) патенттер;
- 4) бағдарламалық қамтамасыз ету;

- 5) табиғи ресурстарды, жерді пайдалану құқығы;
- 6) өнеркәсіптік үлгілер;
- 7) ұйымдастыру шығындары.

8. Амортизациялық активтерді өндіруге (сатып алуға) нақты шығындар жұмсалмағандықтан, олар амортизациялауға жатпайды.

9. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар айқындауға арналған есепті кезең салық жылы болып табылады.

Бұл ретте, салық төлеуші салық жылы шегінде өзгелей есепті кезенді (айды, тоқсанды) белгілеуге және ай сайын немесе тоқсан сайын амортизациялық аударымдар есептеуге құқылы.

Салық төлеуші пайдаланатын амортизациялық аударымдар есептеуге арналған кезең, сондай-ақ пайдаланылатын амортизация нормалары салық жылы ішінде өзгертуге жатпайды.

Амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер амортизациялық қосымша топтар бойынша таратылуға жатады.

Әрбір қосымша топтар бойынша амортизациялық аударымдар осы Қосымшамен белгіленген тәртіпте қосымша топтың құн балансына амортизация нормаларын қолдану жолымен есептеледі. Салық төлеуші таратылған немесе қайта құрылған жағдайда, амортизациялық аударымдар салық жылындағы қызметінің кезеңінде түзетіледі.

2. 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша амортизациялық қосымша топтардың құн баланстарын қалыптастыру тәртібі

10. 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша негізгі құралдардың қосымша топтарының құн баланстарын қалыптастыру үшін 2000 жылғы 1 қаңтарда енгізілген амортизациялық қосымша топтардағы ерте қолданысқа енген амортизациялық топтарға негізгі құралдарды аударуды салық төлеуші жүргізуі қажет.

1999 жылғы декларацияның 13-қосымшада көрсетілген материалдық емес активтер бойынша топтың құн балансының көлемі көшіріледі және 2000 жылдың 1 қаңтарындағы 9-топтың 2-қосымша тобы құн баласының көлемі болып табылады.

Негізгі құралдарды аудару салық төлеушінің таңдауы бойынша ықшамдалған және бөлек тәсілмен жүргізіледі.

10 - 1. Ықшамдалған әдіс:

1) (тұратын үйлерден, ғимараттардан және құрылыстардан басқа) 1999 жылғы

декларацияның 9-қосымшасында көрсетілген топтың баланстық құнына салық салу мақсатында ескерілген бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын барлық негізгі құралдардың 2000 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық құны бойынша айқындау;

2) осы қосымшаның 3-бөлімінің 18-тармағында келтірілген қосымша топтар бойынша аталған негізгі құралдарды бөлу және осы бухгалтерлік есеп бойынша әрбір қосымша топтар бөлігіндегі негізгі құралдардың қалдық құнын айқындау. Бұл ретте, барлық қосымша топтардың қалдық құны 1)-тармақшада айқындалған барлық негізгі құралдардың қалдық құнына тең болуы керек;

3) барлық негізгі құралдардың қалдық құнына қосымша топ негізгі құралдардың қалдық құнының үлес салмағын айқындау: 2)-тармақша бойынша айқындалған негізгі құралдардың қалдық құнын 1)-тармақшаға сәйкес айқындалған негізгі құралдардың жалпы қалдық құнына бөлу;

4) 1999 жылғы декларацияның 9-қосымшасының мәліметтері бойынша 7-топтан (тұрғын үйлер, ғимараттар және құрылыстар) басқа, топтың құн балансының жалпы көлемін айқындау: декларацияның 9-қосымшасындағы М бағаны бойындағы 1-ден 6-ға дейінгі жолдардағы сома;

5) 2000 жылдың 1 қаңтарындағы күйі бойынша әрбір қосымша топтың құн балансының көлемін 4-тармақшаға сәйкес айқындалған (тұрғын үйлерден, ғимараттардан және құрылыстардың басқа) топтың құн балансының жалпы көлеміне 3-тармақшаға сәйкес айқындалған топтың үлес салмағына оларды к ө б е й т у ж о л ы м е н а й қ ы н д а у ;

6) "тұрғын үйлер, ғимараттар, құрылыстар" 7-тобы бойынша 1999 жылғы декларацияның 9-қосымшасындағы деректер негізінде 2000 жылғы 1 қаңтардағы I қосымша топ пен II топтардың құн балансын қалыптастыру қажет.

Мысал. 1) тұрғын үйлер, ғимараттар және құрылыстарды есептемегенде, барлық негізгі құралдардың қалдық құны 2000 жылдың 1 қаңтарындағы күйі бойынша заңды тұлғаның бухгалтерлік есеп деректері бойынша 3 370,0 мың теңге, ал декларацияның 9-қосымшасындағы мәліметтер бойынша "тұрғын үйлер , ғимараттар, құрылыстар" 7-тобынан басқа топтардың құн балансының көлемі -

2 800,0 мың теңге құрады.

2) Аталған негізгі құралдар осы қосымшаның 3-бөлімінің 18-тармағында келтірілген қосымша топтар бойынша таратуға жатады:

5-қосымша тобы (ұялы байланыс жабдықтары)

7-қосымша тобы (автомобильдер)

8-қосымша тобы (компьютерлер)

9-қосымша тобы (офис жиһазы).

3) Бухгалтерлік есеп деректері бойынша әрбір қосымша топтың бөліктегі

негізгі құралдардың қалдық құнын айқындау қажет:

5-қосымша тобы - 1 710,0 мың теңге,

7-қосымша тобы - 780,0 мың теңге,

8-қосымша тобы - 483,0 мың теңге,

9-қосымша тобы - 397,0 мың теңге.

4) Негізгі құралдардың жалпы құнында әрбір қосымша топтың үлес салмағы:

5-қосымша тобы - 50,74 %

7-қосымша тобы - 23,15 %

8-қосымша тобы - 14,33 %

9-қосымша тобы - 11,78 %

5) Әрбір қосымша топтың 2000 жылдың 1 қаңтарына жаңа құн балансының есеп айырысуы декларацияның 9-қосымшасында айқындалған және 1)-тармақшада

көрсетілген барлық топтың баланстық құнының көлеміне 4)-тармақшаға сәйкес айқындалған үлес салмағын қолдану жолымен жүргізіледі:

5-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге x 50,74 % = 1 420,7 мың теңге

7-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге x 23,15 % = 648,2 мың теңге

8-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге x 14,33 % = 401,2 мың теңге

9-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге x 11,78 % = 329,9 мың теңге

Жиынтығы: 2 800,0 мың теңге

6) "Тұрғын үй, құрылыс" және "Ғимарат" тобы қосымша топтарының құндық балансын айқындау үшін 7-топ бойынша декларацияның 9-қосымшасы М бағанында

көрсетілген сомаларды осы қосымшаның 3-бөлімі 8-тармағында келтірілген I-II-топтың қосымша топтарына бөлу қажет.

7-топ бойынша есепте болған 1999 жылғы декларацияның 9-қосымшасындағы мәліметтер қайта қалыптастырылған қосымша топқа көшіріледі:

1-қосымша топ (ғимарат, гараж) - 1 700,0 мың теңге

2-қосымша топ (жылыжай) - 450,0 мың теңге.

10-2. Бөлек әдіс:

Аталған әдіс жеке-жеке әрбір негізгі құралдың қосымша топтардың қалдық құнын анықтау үшін қолданылады. Бұл ретте, салық төлеуші әрбір жылға бөлек негізгі құралдардың қалдық құнына есеп айырысу жүргізуге құқылы.

Негізгі құралдар қосымша топтарының құн балансын 2000 жылдың 1 қаңтарындағы күйі бойынша қалыптастыру есебін салық төлеуші өз бетімен

құрады және қосымша топтардың жоғарыда аталған құн балансын есептеу және айқындау тәртібі бойынша деректердің барлық қажетті және толық көлемі болуы керек. Есеп айырысуды салық төлеуші 2000 жылғы декларациямен бірге салық органына беруі керек. Есеп айырысу салық төлеушіде талап арызының ескіру мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

3. ТІРКЕЛГЕН АКТИВТЕРДІҢ АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ АУДАРЫМДАРЫН ЕСЕПТЕУДІҢ ТӘРТІБІ

11. Амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер функционалды белгісі бойынша біріккен амортизациялық қосымша топтар бойынша таратылуға жатады.

12. Әрбір қосымша топтар бойынша амортизациялық аударылымдар амортизация нормаларын қолдану жолымен, бірақ есепті кезеңнің аяғындағы қосымша топтардың құн балансына осы қосымшада белгіленген шектен жоғары емес есептеледі.

Салық төлеуші таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда, амортизациялық аударымдар салық жылында қызмет кезеңіне түзетіледі.

13. Тұрғын үйлер, құрылыстар және ғимараттар бойынша амортизациялық аударымдар әрбір объекті бойынша бөлек айқындалады.

14. Салық төлеуші амортизациялық аударымдарды әрбір тіркелген активтер бойынша бөлек аударуға құқылы.

Бұл ретте, қосымша топтардың құн балансы салық төлеуші салық төлеуші объекті бойынша өткізетін осы есепке алу негізінде айқындалады.

15. Есепті кезең басында әрбір амортизациялық қосымша топ бойынша қосымша топтардың құн балансы деп аталатын жиынтық сома айқындалады.

Салық жылының соңына шағын топтың құн балансы былай айқындалады:

бұрынғы салық жылында есептелген, амортизация сомасына кемітілген, бұрынғы салық жылының соңына топтың құн балансы ретінде айқындалатын салық жылының басына топтың құндық балансы, сондай-ақ осы бөлімнің 13-15 және 26 тармақтарына сәйкес жүргізілген түзетулері ескеріп

қ о с у (а л у)

кесімді активтерді қайта бағалау сомасы

қ о с у

осы бөлімнің 7-тармағына сәйкес айқындалған құн бойынша кесімді активтердің есепті кезеңінде кеткен

16. Келіп түсетін кесімді активтер топтардың құндық балансында көрсетіледі:

1) жарғылық капиталға салым ретінде сатып алу, тегін алу және алу кезінде -

оларды сатып алу, шығару, құрылыс, монтаждау және орнату бойынша шығыстарды енгізетін құн бойынша, сондай-ақ олар бойынша салық төлеушінің шегерімге құқығы бар шығыстардан басқа олардың құнын ұлғайтатын басқа да шығыстар ;

2) оларды толық тоқтату жағдайы кезінде консервация, қайта жөндеу және техникалық қайта жарақтандыруда орналасқан негізгі қаражаттарды пайдалануға енгізу кезінде - баланстық құн бойынша.

17. Шығарылатын кесімді активтер топтардың құндық балансында көрсетіледі :

1) сату, тегін беру кезінде, жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде - с а т у қ ұ н ы б о й ы н ш а ;

2) оларды толық тоқтату жағдайы кезінде, консервацияға, реконструкцияға және техникалық жарақтандыруға негізгі қаражаттардың объектілерін беру кезінде - баланстық құн бойынша ;

3) кесімді активтерді сақтандыру жағдайында, есептен шығару, жоғалту, жою , бүлдіру, жоғалту кезінде сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру ұйымы сақтандырушыға төленетін сақтандыру төлемдерінің сомасын ескере отырып айқындалған құн бойынша. Егер сақтандыру шартына сәйкес тиісті сақтандыру төлемдері кесімді активтер бөлігіне жатса, онда есептен

шығарылған кесімді актив құны кесімді активтің сақтандырылмаған бөлігіне жататын баланстық құн мен сақтандыру төлемдерінің сомасы ретінде айқындалады.

Кесімді активтердің есептен шығару, жоғалту, жою, бүлдіру, жоғалудың өзге жағдайларында - баланстық құн бойынша.

18. Амортизацияға жататын кесімді активтер амортизацияның мынадай шекті нормаларымен топтар бойынша таралады:

Топтард Тіркелген активтердің Негізгі құралдар Жаңа негізгі құралдар
ың атауы бойынша бойынша
қосымша амортизацияның амортизацияның
топтард шекті қосымша нормасы (%)
ың N нормасы (%)

I Үй-жайлар, құрылыстар
1 Үй-жайлар, құрылыстар 8
II Ғимараттар

1	Мұнай және газ скважиналары	20
2	Мұнайгаз қоймасы	10
3	Кеме жүретін, су каналдары	10
4	Көпірлер	7
5	Бөгеттер, плотиналар	7
6	Өзен және су жағасы ғимараттары	7
7	Кәсіпорындардың темір жол жолдары	8
8	Жағалауды күшейту, жағалауды қорғау ғимараттары	7
9	Резервуарлар, цистерналар, бактер және басқа да ыдыстар	8
10	Шаруашылық ішілік және шаруашылық аралық суғару желісі	7
11	Жабық коллекторлық- дренаждық желі	7
12	Ұшу-қону алаңы, жолдар, әуе кемелерінің тұратын орны	8
13	Парктер мен зоопарктердің ғимараттары	8
14	Спорт-сауықтыру ғимараттары	
15	Жылыжайлар мен парниктер	10
16	Басқа да ғимараттар	7
III	Беру құрылғылары	
1	Электр беру және байланыс құралдары мен желілері	10
2	Ішкі газ құбырлары мен тұрба құбырлары	8

3	Су құбыры, канализация және жылу желілері	7	
IV	Күш машиналары мен жабдық		
1	Жылу техникалық жабдық	15	15
2	Тұрба жабдығы және газтұрба қондырғылары	15	15
3	Электродвигательдер мен дизель-генераторлар	10	10
4	Кешенді құрылғылар	8	
5	Басқа да күш машиналары мен жабдықтары (жедел көліктен басқа)	7	
V	Қызметтің түрлері бойынша жұмыс машиналары мен жабдықтары (жедел көліктен басқа)		
1	Қара, түсті металлургия машиналары мен жабдықтары	20	20
2	Химия өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары	20	20
3	Мұнай айыру және мұнайхимия өнеркәсібінің машиналары және жабдықтары	20	20
4	Мұнайгаз өндіру машиналары және жабдықтары	15	15
5	Жүк көтерімділігі 40 тоннадан және одан карьерлік автосамосвалдарды қоса алғанда, тау-кен руда өнеркәсібінің	25	25

	машиналары және жабдықтары		
6	Электрондық өнеркәсіп жабдықтары	20	20
7	Құрылыс материалдарын шығару жөніндегі машиналар және жабдықтар	20	20
8	Қағаз өңдеу, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің машиналары және жабдықтары	20	20
9	Полиграфия өнеркәсібінің машиналары және жабдықтары	15	15
10	Жеңіл өнеркәсіп машиналары және жабдықтары	20	20
11	Тамақ, балық, ет және сүт өнеркәсібінің машиналары және жабдықтары	20	20
12	Сауда және қоғамдық тамақтану машиналары және жабдықтары	15	15
13	Көлік, машина және тетіктер шығару үшін жабдықтар	20	20
14	Ауыл шаруашылығы тракторлары, машиналары және жабдықтары	20	20
15	Құю өндірісі үшін машиналар және жабдықтар, абразивтік және алмаз өндірісінің жабдықтары	20	20
16	Коммутациялар мен беру мәліметтерінің сандық	25	

	электрондық жабдықтары, сандық жүйелердің, берудің жабдықтары, байланыстың сандық өлшеу техникасы		
17	Спутниктік, ұялы байланыс, радиотелефон, пейджинг және транкинг байланыс жабдықтары	15	
18	Беру жүйесі коммутацияларының ұқсас жабдықтары	10	
19	Киностудиялардың арнайы жабдығы, медициналық және микробиологиялық өнеркәсіп жабдықтары	8	
20	Басқа салалардың машиналары және жабдықтары	10	
VI	Басқа да машиналар және жабдық (жылдам көліктен басқа)		
1	Өнеркәсіптік тракторлар	20	20
2	Металкесуші жабдық	15	15
3	Компрессорлық машиналар және жабдық	15	15
4	Ұсталық-престеу жабдықтары	15	15
5	Носостар	20	20
6	Көтеру-көлік, тиеу-түсіру машиналары және жабдықтары, жер-карьерлік және жол-құрылыс жұмыстары үшін машиналар және	15	15

	жабдықтар		
7	Ұсақтап-үгіту, свай жұмыстары үшін машиналар және жабдықтар, сұрыптау, байыту жабдықтары	20	20
8	Суасты техникалық жұмыстары үшін машиналар және жабдықтар	20	20
9	Электрпісіру және кесу үшін машиналар және жабдықтар	10	10
10	Технологиялық процестердің барлық түрлері үшін ыдыстар	8	8
11	Басқа да машиналар мен жабдық	10	
VII	Жедел көлік		
1	Теміржолдың жылжымалы құрамы	15	15
2	Теңіз, өзен флоты, балық кәсіпшілігінің флоты	10	
3	Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы, өндірістік көлік (жеңіл автомобилдер мен таксиден басқа)	10	
4	Жеңіл автомобилдер мен такси	7	
5	Магистралдық тұрбақұбыры	15	15
6	Коммуналдық көлік	10	10
7	Әуе көлігі	15	15
8	Басқа да көлік құралдары	7	
VIII	Компьютерлік, перифериялық құрылғылар және мәліметтерді өңдеу		

	жөніндегі жабдық	
1	Компьютерлер	30
2	Перифериялық құрылғылар және мәліметтерді өңдеу жөніндегі жабдықтар	20
IX Басқа топтарға енгізілмеген кесімді активтер		
1	Көп жылғы отырғызулар	8
2	Материалдық емес активтер	15
3	Офистік жиһаз	10
4	Инструменттер, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы мен оған жататындар	8
5	Көшіру-көбейту техникасы	15
6	Өлшеу және реттеу приборларымен құрылғылары, лабораториялық жабдық	10
7	Басқалары	7

Егер есепті кезең болып табылатын айдағы (тоқсандағы) жағдайда амортизациялық аударымдардың нормасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = (1 - (1 - 0,01 N)^{1/t}) \times 100, \text{ онда}$$

n - амортизацияның ай сайынғы (тоқсан сайынғы) нормасы;

N - амортизацияның жылдық нормасы;

t - салық жылындағы есепті кезеңдер саны.

19. Салық төлеуші пайдалануға енгізілген машиналар мен жабдықтар бойынша бірінші салық жылында қосымша аталған кесімді активтерді кәсіпкерлік қызметінде үш жылдан кем емес пайдалану жағдайында жоғары нормалар бойынша амортизациялық аударымдарды есептеуге құқылы.

Үш жылдық кезең аяқталуына дейін оларды сату жағдайында жүргізілген

шегерім сомасы жиынтық жылдық кірістің ұлғаюына жатады.

Осы норманы салық салу және капиталдық салуларды қаржыландыруға босатылған қаражаттарды пайдалану мақсатында айқындалған таза кіріс бар кезде табиғи монополистер қолданады.

2	0	.
2	1	.

22. Егер шыққан кесімді активтердің құны салық жылының соңындағы шағын топтың құндық балансынан асатын болса, асу шегі салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне енгізілуге жатады. Бұл орайда, салық жылының соңындағы осы шағын топтың құндық балансы нөлге тең болады.

23. Шағын топтың барлық кесімді активтер шыққан кезде есепті кезеңнің соңындағы осы шағын топтың құндық балансы шегерімге жатады.

24. Егер осы бөлімнің 11-тармағына сәйкес айқындалған кесімді активтің қалдық құны оның алғашқы құнынан 5 проценттен кем еместі құрайтын болса, салық төлеуші осындай кесімді активтің қалдық құнын шегерімге жатқызуға құқылы.

25. Ағымдағы жал жағдайында берілген (алынған) кесімді активтердің құны жалға алушының топ құндық балансында ескеріледі.

қаржылық лизинг (қаржылық лизинг бойынша берілген (алынған) негізгі қаражаттар құны лизинг алушының топ баланс құнында ескеріледі.

Бұл орайда, лизинг берушіде тиісті шағын топтың құндық балансы қаржылық лизингке берілген негізгі қаражаттар құнына азайтылуы тиіс.

26. Салық төлеуші бухгалтерлік есепте оны жүзеге асыру жағдайында салық салу мақсатында негізгі қаражаттарды қайта есептеуді дербес жүргізуге құқылы.

Бұл орайда, салық салу мақсатында қолданылатын негізгі қаражаттардың құндық ұлғаю индекстері бухгалтерлік есепте тиісті негізгі қаражаттарды қайта бағалауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылған коэффициенттерден аспауы тиіс.

27. Негізгі қаражаттарды бағалауға дейінгі сомаға 15 проценттік ставка бойынша табыс салығы салынады.

Табыс салығын төлеу бағалауға дейінгі жүргізу айынан кейінгі ай ішінде жүргізіледі.

28. Бағалауға дейінгі нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдарға шегерімдерге жатқызудан есепті кезең ішіндегі салық төлеуші алған шығыстар салық салу мақсатында есептелмейді.

29. Табиғи монополистердің негізгі қаражаттарын қайта есептеу табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жүргізіледі.

30. Теріс бағамдық айырма сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік) кепілімен қамтамасыз етілген шетел валютасындағы

несие қаражаттарына жүзеге асырылған ғимарат, құрылыс құнының қайта бағалау сомасы салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне енгізілмейді.

31. Кесімді активтерді сатып алуға алынған кредиттер (несиелер) үшін сыйақы (мүдде) оның ішінде қаржылық лизинг түрінде құрылыс жүргізу кезеңіне алынған кредиттер (несиелер) үшін сыйақыдан (мүддеден) басқа Заңның 16-бабында белгіленген тәртіпте шегерімге жатады.

3 2 .

33. Өз құрылысын жүргізу кезеңінде алынған кредиттер (несиелер) үшін сыйақы (мүдде) құрылыс объектісінің құнына енгізіледі және амортизациялық аударымдарды есептеу жолымен шегерімге жатқызуға жатады.

Құрылыс аяқталғаннан кейін төленетін кредиттер (несиелер) үшін алынған сыйақы (мүдде) Заңның 16-бабына сәйкес шегерімге жатады.

34. Шегерім осы шағын топқа кіретін негізгі қаражаттарды жөндеуге шығыстар бойынша әрбір шағын топқа қатысты жіберіледі.

35. Әрбір шағын топ бойынша негізгі қаражаттарды жөндеуге шығыстар сомасы салық жылының соңына шағын топтың құндық балансына 15 процент шегерілгенде шегеріледі.

Егер салық төлеуші өзге есепті кезенді (ай, тоқсан) қолданатын болса, онда жөндеуге шығыстар есепті кезеңнің соңына шағын топтың құндық балансына айқындалады.

36. Республикалық және жергілікті бюджеттерден алынған субсидиялар есебінен жөндеуге шығыстар шегерімдерге жатпайды және шағын топтың құндық балансын ұлғайтпайды.

37. Егер салық салу мақсатында кесімді активтер есебі объектілер бойынша дербес жүргізілетін жағдайда Заңның 21-бабының 2-тармағымен белгіленгеннен жоғары жөндеуге шығыстар шектері жөндеуге шығыстар жүргізілген олар бойынша тиісті негізгі қаражаттардың құнын ұлғайтуға жатады.

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының

1995 жылғы 28 маусымдағы

№ 33 нұсқауына

3 қосымша

V990802_

бұйрығымен.

(салық төлеушінің
тіркеу нөмірі)

(аудан, қала)
бойынша салық инспекциясы

(төлеушінің толық атауы) табыс ету мерзімі _____
нақты табыс етілді _____

Салық есептерінде залалды ауыстыру

Т Ә Р Т І Б І

1. Кәсіпкерлік қызмет залалдары (жылдық жиынтық табыстан асқан шегерімдерден асырылуы) келешектегі кезеңдердің салық салынатын кірісін өтеу үшін бес жыл мерзімге дейін көшіріледі.

Осы ереже 1999 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Кәсіпкерлік қызметтен келтірілген залал (көзделген шегерістердің жылдық жиынтық табыстан асып түсуі) болашақ кезеңдердің жылдық жиынтық табысының есебінен өтеу үшін бес жылға дейінгі мерзімге ауыстырылады.

1-мысал:

1. 1996 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша кәсіпорын 1000 мың теңге мөлшерінде зиян шекті.

2. 1997 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 500 мың теңге табыс алынды. Осыған байланысты 1996 жылғы залалдың бір бөлігін жабудың мүмкіндігі табыс болды: $1000 - 500 = 500$

1997 жылдың пайдасымен өтелмеген 500 мың теңге, кейінгі 4 жылда кәсіпорын жеткілікті табыс табатын болса, осы жылдардағы салық салуға дейінгі табыс есебінен өтелуі мүмкін.

Жылдар | Қызмет қорытындысы | Табыс (+) немесе залал (-) | Салық

1996 | - 1000 | - 1000 | -

1997		+ 500		- 500		-
1998		+ 700		+ 200		600

2-мысал:

1. Кәсіпорын 1996 және 1997 жылдардың жұмыс қорытындылары

бойынша тиісінше 1000 және 200 мың теңге залал шекті.

2. 1998-2003 жылдардың қорытындылары бойынша тиісінше 100, 200, 300, 200, 50 және 400 теңге табыс алды.

Залал 5 жыл бойына кейінгі 5 жылдың пайдасымен өтелмеген, ал алтыншы жылы табыс алынған мұндай жағдайда, 2003 жылдың барлық пайдасына салық салынады. Мәселен, 1996 жылдан қалған 200 мың теңге залал есепке алынбайды. Сондай-ақ 1997 жылдан қалған 150 мың теңге залал да есепке алынбайды.

Жылдар | Қызмет қорытындысы | Табыс (+) немесе залал (-) | Салық

1996	- 1000	- 1000	-
1997	- 200	- 1000 және - 200	-
1998	+ 100	- 900 және - 200	-
1999	+ 200	- 700 және - 200	-
2000	+ 300	- 400 және - 200	-
2001	+ 200	- 200 және - 200	-
2002	+ 50	- 200 және - 150	-
2003	+ 400	+ 400	120

3-мысал:

1. Кәсіпорын 1996 жылы және 2002 жылы тиісінше 1000 және 500 мың теңге залал шекті.

2. 1997-2001 жылдары және 2003 жылы тиісінше 50, 60, 100, 50, 100 және 1000 мың теңге пайда тапты.

Жылдар | Қызмет қорытындысы | Пайда (+) немесе залал (-) | Салық

1996	- 1000	- 1000	-
1997	+ 50	- 950	-
1998	+ 60	- 890	-
1999	+ 100	- 790	-
2000	+ 50	- 740	-

2001	+ 100	- 640	-
2002	- 500	- 500	-
2003	+ 1000	+ 500	150

Бұл ретте, егер кейінгі 5 жыл бойына залал өтелмеген болса, ал алтыншы жылы залал шексе, жетінші жылы тек 2002 жылы шеккен залал ғана 1996 жылы шеккен залалды есептемей есепке алынады, бұл ретте 640 мың теңге.

4-мысал:

1. Кәсіпорын 1996 және 1998 жылдан тиісінше 100 және 2000 мың теңге залал шекті.

2. 1997 және 1999-2003 жылдары табыс алынды.

Жылдар | Қызмет қорытындысы | Пайда (+) немесе залал (-) | Салық

1996	- 1000	- 1000	-
1997	+ 500	- 500	-
1998	- 2000	- 500 және - 2000	-
1999	+ 600	- 1900	-
2000	+ 100	- 1800	-
2001	+ 1000	- 800	-
2002	+ 500	- 300	-
2003	+ 500	- 200	-

Бұл ретте, егер бір залалды өтеудің 5 жылы ішінде залал шеккен болса, онда жаңадан шегілген залал үшін де кейінгі 5 жыл өтеу мерзімі ретінде қолданылады.

5-мысал:

1. Кәсіпорын 1996 және 1997 жылдары 1000 мың теңгеден зиян шекті.

2. 1998-2003 жылдары табыс алынды.

Жылдар | Қызмет қорытындысы | Табыс (+) немесе залал (-) | Салық

1996	- 1000	- 1000	-
1997	- 1000	- 1000 және - 1000	-
1998	+ 500	- 500 және - 1000	-
1999	+ 1000	- 500	-
2000	+ 100	- 400	-
2001	+ 200	- 200	-
2002	+ 300	+ 100	30

2003 + 3000 + 3000 900

Егер залал алғашқы екі жылдың қызметі бойынша алынған болса, залалды өтеу кейінгі 5 жыл ішінде әр жыл бойынша залал шеккен сәттен бастап қабылданады.

6-мысал:

1. Кәсіпорын 1996 жылы 1000 мың теңге залал шекті.
2. Кейінгі 5 жылда 700 мың теңге және 2002 жылы 500 мың теңге табыс алынды.

Жылдар | Қызмет қорытындысы | Табыс (+) немесе залал (-) | Салық

1996	- 1000	- 1000	-
1997	+ 300	- 700	-
1998	+ 200	- 500	-
1999	+ 100	- 400	-
2000	+ 50	- 350	-
2001	+ 50	- 300	-
2002	+ 500	+ 500	150

Егер залал кейінгі 5 жыл бойына өтелмеген болса, ал алтыншы жылы табыс алынған болса, залалды есепке алу тоқтатылады.

2. 1999 жылғы 1 қаңтардан залалдарды көшіру келешектегі кезеңдердің салық салынатын кіріс есебінен өтеу үшін үш жыл мерзімде жүргізіледі.

Көшіру тәртібі осы қосымшаның 1-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Мұның өзінде салық төлеуші 1999 жылғы 1 қаңтарға дейін және аталған күннен кейін тартқан залалын жеке ескеріп, жылдық жиынтық табыс пен олар бойынша жүргізілген шегерімдер туралы еркін нысанда жасалған декларацияны аумақтық салық органына бір мезгілде тапсырады.

Ескерту. 1-тармағы өзгертілді, 2-тармақпен толықтырылды

- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4. N 929

V 9 9 0 8 8 7 _ б ұ й р ы ғ ы м е н .

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы

№ 33 нұсқауына

4 қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгертілер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының 1996 жылғы 29 қаңтардағы № 24
бұйрығымен. V 960015_

Ескерту. Нұсқаулық 4-қосымшасымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік
кіріс министрлігінің 1999.05.19. № 519 V990802_ бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын
инвестициялық қызметтер бойынша стандартты салық жеңілдігін
алу кезіндегі табыс салығын есептеу тәртібі

1. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісім-шартқа сәйкес салық төлеушілерге салық салынатын кірісті алу сәтінен бес жылға дейінгі мерзімге табыс салығын төлеуден босату, бірақ келісім-шартты жасау сәтінен 8 жылдан астам емес мерзімге ұсынылуы мүмкін.

Табыс салығы бойынша жеңілдіктерді ұсынудың нақты мерзімдері экономиканың басым бағыты мен инвестициялардың негізгі капитал көлеміне байланысты және келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша белгіленеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.12.22. № 1573 V991039_ бұйрығымен.

2. "Салық жеңілдіктерін берудің жетілу рәсімдері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік инвестиция жөніндегі комитетінің 07.08.1998 ж. № 131 қаулысымен бекітілген инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезіндегі стандарттық салық жеңілдіктерін берудің мөлшері мен тәртібі туралы Ережеге сәйкес стандарттық салық жеңілдіктерін беруде табыс салығы бойынша стандарттық жеңілдіктерді анықтау базасы:

а) жаңадан құрылған ұйым үшін - есепті кезеңде алынған салық салынатын кірістер. Мұның өзінде жаңадан құрылған ұйым жаңа, әділет органдарына тіркелген болып табылады, заңды тұлғалардың экономика секторының басымдығындағы жаңа өндіріс ұйымын құру мақсаты болып табылады;

б) жұмыс істеп тұрған ұйым үшін - келісім-шарт жасалынған күнтізбе жылдың алдындағы үш жылда салық салынатын кірістер тиісті орташа жылдық инфляция индекстеріне түзету енгізіліп айқындалған ең жоғарғы салық салынатын табыспен салыстырғандағы есепті кезеңдегі салық салынатын кіріс

өсімі болып табылады.

Егер заңды тұлғалар кем дегенде үш жыл жұмыс істеген жағдайда - заңды тұлғалар жұмыс кезеңі үшін (күнтізбе жылы) орташа жылдық инфляция индекстеріне түзету енгізіліп айқындалған ең жоғарғы салық салынатын табыспен салыстырғандағы есепті кезеңдегі салық салынатын кіріс өсімі.

Егер келісім-шарт жасалынған жылдың алдындағы бір немесе үштің екі жыл жиынтығы бойынша заңды тұлғаларда шығындар болған жағдайда ең жоғарғы салық салынатын табыс есебі тек заңды тұлғаларда салық салынатын табысы болған сол кезең бойынша жүргізіледі.

Егер келісім-шарт жасалынған жылдың алдындағы соңғы үш күнтізбе жылдың ішінде инвестициялайтын заңды тұлғада салық мақсаттарында есептелген шығындары бар болған жағдайда, немесе егер жаңа заңды тұлға шығын базасында құрылса, салыққа салынатын жеңілдік есепті кезеңде алынған толық көлемдегі салық салынатын кірістерге жатады.

3. Жұмыс істеп тұрған өндіріс үшін салық салынатын кірістің жеңілдік берілген өсімінің есебі мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$X = \frac{НД_0}{мұнда} - \frac{НД_м}{мұнда}$$

X - келісім-шарт жасалынған күнтізбе жылдың алдындағы үш жылда салық салынатын кірістер тиісті орташа жылдық инфляция индекстеріне түзету енгізіліп айқындалған есеп жылының салық салынатын кірістер және ең жоғарғы салық салынатын табыстар арасындағы айырмашылық сияқты есептелетін салық салынатын кіріс өсімі;

НД₀ - есеп жылының салық салынатын кірісі;

НД_м - алдағы үш жыл үшін инфляция индекстеріне тиісті түзетілген салық салынатын кірістермен салыстырған кезде айқындалған ең жоғарғы салық салынатын табыс.

1 - м ы с а л :

А заңды тұлғасы 01.12.1994 ж. әділет басқармасында тіркелген.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар бойынша уәкіл органымен жасалынған

келісім-шартқа сәйкес 01.01.1998 ж. бастап стандарттық салық жеңілдіктері берілді. 1998 жылы А заңды тұлғасынан салық салынатын кіріс 300 млн. теңге көлемінде алынды.

Келісім-шарт жасалынған жылдың алдындағы үш жыл ішінде А заңды тұлғаларының салық салынатын кірістері:

1995 ж. - 150 млн.теңге;

1996 ж. - 180 млн.теңге;

1997 ж. - 230 млн.теңге құрады.

Келісім-шарт жасалынған жылдың алдындағы үш жыл үшін орташа жылдық инфляция индекстері:

1995 ж. - 39,3 %;

1996 ж. - 17,4 %;

1997 ж. - 9,6 % құрады.

Жеңілдік берілген өсім есебі:

а) келісім-шарт жасалынған жылдан 1998 жыл қатынасы бойынша орташа жылдық инфляция индекстері:

1995 ж. - 179,2 % (1,393 x 1,174 x 1,096);

1996 ж. - 128,7 % (1,174 x 1,096);

1997 ж. - 109,6 % (1,096) құрайды.

б) салық салынатын кіріс мөлшерінің ең жоғарысын айқындау үшін алынған

түзетілген орташа жылдық инфляция индекстері:

1995 ж. - 268,8 млн.теңге (150 x 179,2 %);

1996 ж. - 231,7 млн.теңге (180 x 128,7 %);

1997 ж. - 252,1 млн.теңге (230 x 109,6 %) құрайды.

Осылай есеп жылында салық салынатын кірістер өсімін айқындауда 1995 жылы 268,8 млн.теңге мөлшерінде алынған ең жоғарғы салық салынатын т а б ы с т а р а л ы н а д ы .

в) жоғарыда келтірілген формулаға сәйкес есеп жылында жеңілдік берілген салық салынатын кірістер өсімінің мөлшері айқындалады:

$$300 - 268,8 = 31,2 \text{ млн.теңге.}$$

г) егер А заңды тұлға 1999 жылға 320 млн.теңге мөлшерінде салық салынатын кіріс алса, 1998 жылға пайдаланылған орташа жылдық инфляция индексі 1999 жыл қатынасы бойынша 108 % құрады, артынша 1999 жылы жеңілдік берілген өсім мөлшері 29,7 млн.теңге (320 - (268,8 x 108 %)) құрады.

4. Есепті кезең мәліметінде өсімдерді есептеу үшін алынған ең жоғарғы салық салынатын табыс келісім-шарт әрекеті күнтізбе жылдың басынан басталмайтын жағдайда келісім-шарттың әрекет ететін айлар саны есеп жылында түзетілуі к е р е к .

Мұның өзінде, есеп жылының жеңілдік берілген салық салынатын кіріс өсімі есеп жылындағы жұмыс кезеңіне сәйкес есептелген келісім-шарт жасалынған күнтізбе жылдың алдындағы үш жылда салық салынатын кірістер тиісті орташа жылдық инфляция индекстеріне түзету енгізіліп айқындалған осы есеп жылындағы салық салынатын кірістер мен ең жоғарғы салық салынатын

табыстар арасындағы айырмашылық сияқты есептелетін мынадай формула бойынша :

$$X = \text{НДо} - (\text{НДп} \times q / 12),$$

м ұ н д а :

X - келісім-шарт жасалынған күнтізбе жылдың алдындағы үш жылда салық салынатын кірістер тиісті орташа жылдық инфляция индекстеріне түзету енгізіліп айқындалған есеп жылының салық салынатын кірістер және ең жоғарғы салық салынатын табыстар арасындағы айырмашылық сияқты есептелетін салық салынатын кіріс өсімі;

НДо - есеп жылының салық салынатын кірісі;

НДм - алдағы үш жыл үшін инфляция индекстеріне тиісті түзетілген салық салынатын кірістермен салыстырған кезде айқындалған ең жоғарғы салық салынатын табыс .

q - есеп жылындағы келісім-шарт әрекет еткен сәттен басталған айлар саны.

2-мысал (1-мысал негізінде).

А заңды тұлғасы 01.12.1994 ж. әділет басқармасында тіркелген. Қазақстан Республикасының Инвестициялар бойынша уәкіл органымен жасалынған келісім-шартқа сәйкес 01.01.1998 ж. бастап стандарттық салық жеңілдіктері берілді. А заңды тұлғаларынан есеп кезеңі үшін (01.08.1998 ж.- 31.12.1998 ж.) 200 млн. теңге мөлшерінде салық салынатын кіріс алынды.

1995 жылы А заңды тұлғаларынан есепті кезеңінің жеңілдік берілген өсімін айқындау үшін алынған және түзету енгізілген инфляция индексі есебімен ең жоғарғы салық салатын табыс 268,8 млн.теңге құрады.

Осылай келісім-шарт жұмыс істеген 5 ай үшін есептелген 1998 жылғы жеңілдік берілген салық салынатын кіріс өсімі:

$$200 - (268 \times 8/12) = 20,8 \text{ млн.теңгеге тең.}$$

5. Салық төлеуші стандарттық салық жеңілдігін алу үшін өзі тіркелген жердегі аумақтық салық органына:

Қазақстан Республикасы Инвестиция бойынша уәкіл органмен жас алынған келісім-шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

аймақтық салық органына сәйкес куәландырылған алдындағы үш жыл үшін жылдық кіріс жиынтығы мен өндірістік шегерімдер туралы декларация;

өткен үш жыл үшін декларация мәліметі негізінде жеңілдік берілген өсімді есептеу үшін алынған инфляция индекстері есебімен ең жоғарғы салық салынатын табыс есебі және заңды тұлғалар басшысының қолы қойылған және мөртабанмен куәландырылып құрылған.

6. Салық есеп жылының аяғында салық төлеуші жылдық кіріс жиынтығы мен өндірістік шегерімдер туралы декларацияны белгіленген мерзімде тапсыру үшін

өзі тіркелген жердегі салық органына осы Нұсқаудың 4А қосымшасында белгіленген нысан бойынша жеңілдік берілген салық салатын кірістер өсімі

есебін тапсыруға міндетті.

7. Келісім-шарт аталған жеңілдік берілуіне сәйкес бұзылған жағдайда салық төлеушінің бүкіл қызмет кезеңінде Қазақстан Республикасы салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкцияларын қолдана отырып табыс салығы бюджетке есептелуге және енгізілуге жатады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 Нұсқауына
4А қосымша

Ескерту. Нұсқаулық 4А-қосымшасымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Заңды тұлғаның атауы _____ СТТН _____
Мекен-жайы, телефоны _____ Ауданы _____ Қала, облыс _____
Банк _____ Банк шоттары _____
Салық органы атауы _____ Салық органының мекен-жайы _____
_____ жылғы стандартты салық жеңілдіктерін
алу кезінде табыс салығы сомаларының есебі

N ! _____ жылғы ең ! Есепті жылға қолда-! Инфляция !Есепті кезең-! Түзету
!жоғарысы ретін-!нылатын орташа жыл- !индексі !дегі келісім-!енгізілген
!де қолданылатын!дық инфляция индексі!ескеріле- !шарт күшінде !салық
!салық салынатын! _____ !тін (2 x 3!болатын ай !салынатын
!кіріс _____ ! _____ !топ) салық!саны
!(4x5/12топ)
! _____ ! _____ !салынатын ! _____ !

! ! !ең жоғары ! !

! ! !кіріс ! !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

(таблицаның жалғасы)

Есепті кезең де ! Есепті кезеңдегі салық ! _____% белгіленген
алынған салық !салынатын кірістің !сатвка бойынша салық
салынатын кіріс !жеңілдікті өсімі !салынатын есепті
мөлшері !(7-6 топтар) !кезеңдегі кіріс
! !(7-8 топтар)

7 ! 8 ! 9

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі Салық қызметі органы

Біз осы есептеуде келтірілген мәліметтердің
толықтығы мен растығы үшін заң алдында жауап
береміз.

Басшы _____ Заңды тұлғаларға салық
(тегі, аты-жөні) (қолы) салу бөлімінің

Бас бухгалтер _____ бастығы _____
(тегі, аты-жөні) (қолы) (күні, қолы)

Күні _____

ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық 6, 6а, 6б, 6в, 6г, 6д, 7, 7а, 8,
9-қосымшалармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық
комитетінің 1997.02.03. N 25 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық
инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 нұсқауына

5 қосымша

ЕСКЕРТУ. 6-қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 6-қосымша 5 қосымша деп аталды, қосымшаның мәтіні өзгертілді
- ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. 5-қосымшасы өзгертілді, 2-мысалдағы үшінші сөйлем жаңадан
жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.4.
N 929

V990887_

бұйрығымен.

Табыс салығы бойынша ағымдағы және мәлімделген
аванс төлемдерін төлеу тәртібі

Заңды тұлғалар осы Нұсқаулықтың 5А-қосымшасына сәйкес салық жылының
20-қаңтарына дейінгі айларға бөлінген табыс салығының сомасы туралы
анықтаманы тапсыруға міндетті. Аванстық төлемдердің сомасы салық
органдарына мәлімделген салық жылы жөніндегі болжамды табыс салығы
сомасының 1/12 бөлігі тұрғысынан әрбір айдың жиырма күнінен кешіктірмей
бюджетке енгізілуге тиіс. Есепті салық жылының қаңтар айындағы аванстық
төлемдері анықтама берілген күннен бастап 5 күннің ішінде, 25 қаңтардан
кешіктірместен төленеді.

Қажет болған жағдайда есептік салық жылы үшін болжамды табыс салығының сомасы туралы өзгерген анықтаманы тапсыру жолымен болжамды табыс салығының мәлімделген сомасын түзетуге құқықты.

Жұмысы маусымдық сипаттағы заңды тұлғалар салық жылы ішінде төленуге тиісті аванстық төлемдерді бюджетке салық қызметі органдарында келісілген мерзімдер мен мөлшерлерде енгізуге міндетті.

Салаланған филиалдары мен бөлімшелері бар салық төлеушілердің ұсынымдары бойынша төлеушінің тұрақты орнындағы салық органы өзгеше, бірақ белгіленген мерзімнен соң 20 күннен аспайтын мерзімді белгілей алады.

Табыс салығының бюджетке біркелкі түсуі және айыппұл шараларын болдырмау үшін есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-іне дейін салық төлеушілер тоқсан сайын, 5Б-қосымшасына сәйкес салық жылының басынан бастап үдемелі қорытынды бойынша табыс салығы жөнінде болжамды есептер т а п с ы р а д ы .

Аталған есептер тапсырылған соң төленуге тиісті табыс салығы енгізілген аванстық төлемдердің сомасынан асып кеткен жағдайда салық төлеуші асып кеткен соманы аванстық төлемнің кезекті мерзімі жеткенге дейін бюджетке төлеуге міндетті. Енгізілген аванстық төлемдердің сомасы табыс салығының сомасынан асып кеткен жағдайда артық төленген сома қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық төлеушіге есептеледі немесе қайтарылады.

Енгізілген аванстық төлемнің көлемінен асқан төленуге тиіс табыс салығынан ауысқан өтемақы сомасын төлемеген жағдайда аванс төлейтін кезекті мерзімнің басынан бастап, аванс төленген соңғы күнге шейінгі мерзім арасында салық төлеушіге айыпақы есептеу түрінде айыппұл санкциясы салынады.

М ы с а л ы :

Кәсіпорын 1997 жылға жобаланған табыс салығының көлемі 120 млн. теңге деп белгілеген. Осыған сәйкес ол 1997 жылдың 20 қаңтарынан бастап 20 желтоқсанға дейін әр ай сайын 10 млн. теңге табыс салығын төлеп отыруға тиіс. Алдын ала жасалған есеп бойынша 1997 жылдың бірінші тоқсанында төленуге тиісті табыс салығы 39 млн. теңге, демек ай сайын кәсіпорын 13 млн. теңге төлеуге тиіс. Бірінші тоқсан үшін есеп берудің соңғы мерзімі 15 мамыр, ал кезекті аванстың өтемақысын төлеудің соңғы мерзімі 20 мамыр екендігін ескере келе, кәсіпорын 10 млн. теңге сомасындағы аванс өтемақысының сомасына қоса, бірінші тоқсанда төленбеген 9 млн. теңге сомасы көлемінде қосымша төлемақы төлеуге міндетті. Кәсіпорын қажет болған жағдайда 1997 жылғы табыс салығының жобаланған сомасына 120 млн. теңгенің орынына 156 млн. теңге көрсетіп сәуір айы үшін қосымша 13 млн. теңге төлеп 1997 жылдың 20 мамырынан бастап 13 млн. теңге көлемінде аванс өтемақысын төлеуге міндетті.

Жыл бойына төленетін есептелетін сомасы нақты есептелген табыс салығынан 10%-ке көп болған жағдайда салық төлеушіге салық төлеуге жататын пайданың 2 проценті көлемінде, ал 25 проценттен асып кеткен жағдайда салық төлеуге жататын табыстың 5%-і көлемінде айыппұл салынады. Мұның өзінде айыппұл санкцияларын қолдана отырып егер аванс төлемдері есептелетін сомаға бір жыл үшін нақты есептелген табыс салығының сомасы шектен шықса бюджетке бір жыл ішінде төлемеуге әкеліп соқты.

М ы с а л ы :

1997 жылы төленеді деп жобаланған табыс салығының жобасы туралы анықтамада кәсіпорын 120 млн. теңге төлейді деп жоспарланды да, салық қызметі органдарын алдын-ала жасалған есепті тапсырған жоқ. Сосын 1997 жылдың қорытындысы бойынша барлық жылдық табыс және заңды тұлғалардан алынған табыс бойынша кәсіпорын табыс салығының көлемін 156 млн теңге сомасы көлемінде көрсетіп декларация тапсырады. Өйткені, аванстық төлемдер сомасынан табыс салығы асуы 25 проценттен (156: 120 x100-100) астамды құрады, кәсіпорын салық салынатын кірістің 5 % мөлшерінде айыппұл төлейді.

Салық төлеуге тиіс табыстан төленетін заңды тұлғалардың және салық төлеушімен алынатын табыс салығының сомасы салық бюджеттің кірісіне жылдық жалпы табыс бойынша есептеп шығарылған табыс жайлы декларация жарияланғаннан 10 күннің ішінде, салық қызметінің хабарлауын күтпей-ақ 10 сәуірден кешіктірмей келесі есепті жылында қосымша төленеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 Нұсқауына
5А қосымша

Ескерту. 6Б-қосымша 5А қосымша деп аталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

салық төлеушінің
реттік саны

Аудандық, қалалық _____

бөлімі бойынша

салық төлеушінің толық
аты-жөні

А Н Ы Қ Т А М А

заңды тұлғалардың табыстарының

_____ 1997 жылғы табыс салығының _____

жобаланған сомасы

1. Салық салынатын табыстың жорамалы _____
2. Белгіленген кезеңдегі жасалған шығынның
сомасы (әрбір салық жылы бойынша _____
көрсету керек)
3. Ауыстырылған шығынның есебімен
жорамалданған салық салынатын кіріс _____
4. 1997 жылғы салық салынатын кірістің
жорамалданған сомасы _____
5. Әр ай сайын бөлінген табыс салығына
аванс төлем ақысы _____

Барлығы | I | II | III | IV | V | VI | VII | VIII | IX | X | XI | XII

(Заңды тұлғаның
басшысы)

(Бас бухгалтер)

(қолы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 Нұсқауына

5Б қосымша

ЕСКЕРТУ. 6В-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі
Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980548_

бұйрығымен.

Ескерту. 6В-қосымша 5Б қосымша деп аталды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999.05.19. N 519

V990802_

бұйрығымен.

Ескерту. Қосымша толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

(СТТН)

(ауданы, қаласы)
бойынша салық комитеті

(тұрған орыны)

(тапсыратын уақыты)

(телефоны)

(тапсырылған уақыты)

(банктік деректемелері)

199 __ жылдың _____ үшін
тұлғаның табыс салығы жөніндегі
АЛДЫН-АЛА ЕСЕБІ

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге
1. Салық салынатын кіріс	
2. 27-бапқа сәйкес болатын шығындар	
3. 34-бапқа сәйкес салық салудан босатылған кірістер	
4. Ұшыраған шығындар мен берілген жеңілдіктерді ескергендегі салық салынатын кіріс	
5. Есептелген табыс салығының сомасы	
6. Шетелдік салық есебі	
6-1. Сыйақы (мүдде) бойынша төлем көзінен ұсталған салық есебі	
7. Төленуге тиіс табыс салығының сомасы	

8. Іс жүзінде төленген аванстық төлемдер

9. Тиісті: төленуге

қайтаруға

Заңды тұлғаның басшысы

Бас бухгалтер

(қолы)

(қолы)

Салық комитетінің қызметшісі

(қолы)

ҚАБЫЛДАП АЛДЫМ:

ТАПСЫРЫП БЕРДІМ:

(қолы)

(қолы)

Ескерту.

1. 1-жолда заңды тұлғаның жылдық жиынтық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын салық салынатын кірісі көрсетіледі. Мұнда жылдық жиынтық кірістен шығарып тасталатын түзетулердің көлеміне үйлестіріледі.

2. 2-жолда 27-бапқа сәйкес пайда болған кәсіпкерлік әрекеттің шығындары көрсетіледі.

3. 3-жолда 34-бапқа сәйкес салық салудан босатылған кірістер көрсетіледі.

4. 4-жолда ұшыраған шығындар мен көрсетілген қызметтер (1-жол - 2-жол 3-жол) ескеріле отырып салық салынатын кіріс көрсетіледі.

5. 5-жолда 30-бапқа сәйкес ставкалар бойынша есептелген табыс салығының

с о м а с ы

к ө р с е т і л е д і .

6. 6-жолда салық төлеушіден Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде ұсталған және Қазақстан Республикасының есебіне қабылданған шетелдік салықтың сомасы көрсетіледі. Есептелетін салық сомасының мөлшері Қазақстан Республикасында қолданылатын ставкалар бойынша осы кіріске жатқызылатын салықтың сомасынан артық болмауға тиіс.

6-1 жолы. 6-1 жолы бойынша төлем көзінен осы салықты ұстап қалуды растайтын құжаттар болған кезде төлем көзінің сыйақыдан (мүддеден) ұстаған салық сомасы көрсетіледі.

7. 7-жолда есепті кезеңде төленуге тиісті табыс салығының сомасы (5-жол - 6-жол) көрсетіледі.

8. 8-жолда салық төлеуші аударған аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі.

9. 9-жолда есепті кезеңдегі табыс салығы мен аударылған аванстық төлемдер сомасының арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын салық төлеушіге қосымша төленетін немесе қайтарып берілетін табыс салығының сомасы көрсетіледі.

М ы с а л ы .

1998 жылдың басында А-заңды тұлғасы 5 мың теңге мөлшерінде табыс салығы артық төлеушілердің қатарында болатын.

Аталған заңды тұлға 1998 жыл үшін 120 мың теңге сомасында табыс

салығының болжамды сомасы туралы анықтама тапсырды және тапсырылған анықтамаға сәйкес 1-тоқсан үшін 30 мың теңге сомасында аванстық төлем жасады. Табыс салығының болжамды сомасы туралы 1-тоқсанның сына ағымдағы

өзгерістерді заңды тұлға енгізбеген.

1998 ж. 1-тоқсаны үшін алдын ала тапсырылған есепте заңды тұлға 1-тоқсан үшін 45 мың теңге мөлшерінде төленуге тиісті табыс салығының іс жүзіндегі сомасын көрсеткен. Сөйтіп 1998 ж. 1-тоқсаны үшін төленуге тиісті салықтың сомасы 10 мың теңгеге тең келеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 шілдедегі
N 33 Нұсқаулығына 5в қосымша

Ескерту. 5в қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен.

V011388_

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен.

V011582_

СТН _____ бойынша Салық комитеті
(қаласы, ауданы)

Мекен-жайы _____

Телефон _____
(беру мерзімі)

Банк, банк шоттары _____
(нақты берілді)

Негізгі құралдарды қосымша бағалаудан
алынатын табыс салығының есебі

Көрсеткіштер	Жол N	Сома,
	мың	теңге

- | | | |
|--|---|--|
| 1. Бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша негізгі құралдардың баланстық (қалдық) құны | | |
| 1) қайта бағалау жүргізілгенге дейін | 1 | |
| 2) қайта бағалау жүргізілгеннен кейін | 2 | |
| 3) қайта бағалау сомасы, барлығы | 3 | |
| 2. Салықтық есеп мәліметтері бойынша негізгі құралдардың қалдық құны: | | |
| 1) қайта бағалау жүргізілгенге дейін | 4 | |
| 2) қайта бағалау жүргізілгеннен кейін | 5 | |

3. Қоса бағалау сомасы - барлығы (5-жол - 4-жол) 6
4. Төлеуге жататын негізгі құралдарды қайта бағалаудан табыс салығының сомасы (6-жол x 15%) 7
5. Төленді 8
6. Қосымша төленуге тиіс 9
-

**САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
САЛЫҚ ОРГАНЫ**

Біз осы есепте көрсетілген деректердің шындығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап береміз

Есепті қабылдаған

Басшы _____ тұлға _____
(аты-жөні) (қолы) (аты-жөні)

Бас бухгалтер _____ 20__ жылдың " ____ " _____
(аты-жөні) (қолы)

МО

20__ жылдың " ____ " _____

Декларацияны құру бойынша
қызмет көрсеткен аудитор _____

(аты-жөні, СТН)

(қолы, мөр)

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 Нұсқауына 6 қосымша

Ескерту. Нұсқаулық жаңа 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік

кіріс министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.
Ескерту. 6 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999.12.22. N 1573 V991039_ бұйрығымен.
Ескерту. Қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 3 қаңтардағы N 3 бұйрығымен. V011388_
Ескерту. Қосымша толықтырылды және өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрінің 2001 жылғы 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен. V011582_

Заңды тұлғаның өз филиалдары, өкілдіктері және
өзге де құрылымдық бөлімшелері үшін
табыс салығын төлеу тәртібі

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабындағы 1-тармаққа сәйкес заңды тұлғалар өз филиалдары, өкілдіктері және өзге де құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі - құрылымдық бөлімшелер) үшін табыс салығын олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге немесе Астана, Алматы қалаларының тиісті қалалық бюджеттеріне не өз қарауы негізінде олардың орналасқан жері бойынша тиісті облыстық бюджеттерге төлеуді жүзеге асырады.

Осы ереже жеке балансы және банк шоты бар құрылымдық бөлімшелерге таралмайды, олар Заңның 6-бабы 7-тармағына сәйкес дербес салық төлеушілер
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Құрылымдық бөлімшелер үшін төленуге тиіс табыс салығы сомасы (оның ішінде тоқсан сайынғы алдын-ала есептер мәліметтері бойынша төленуге тиіс табыс салығы сомасы және аванстық төлемдер анықтамалығында көрсетілгендер) мынадай көрсеткіштердің бір негізінде өз тіркеу орны бойынша аумақтық салық комитетімен келісу жөніндегі өз қызмет спецификасын ескере отырып
з а ң д ы т ұ л ғ а а й қ ы н д а й д ы :

- еңбекақы төлеу қоры; *

* Еңбекақына төлеу қорына енгізілген төлемдерді айқындау кезінде 716 тіркеу нөмірімен 1999 жылғы 26 наурызда ҚР Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен, 1999 жылғы 10 ақпанда ҚР Қаржы министрлігімен келісілген, ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінде 1999 жылғы 10 ақпанда N 49 бұйрықпен бекітілген "Әлеуметтік салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 46 Нұсқауға N-5 қосымшаны басшылыққа алу қажет.

- тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кіріс.

Мұның өзінде, құрылымдық бөлімшелер төлеуге тиіс табыс салығының сомасын бөлу жалпы заңды тұлға бойынша есепті кезеңде есептелген әрбір құрылымдық бөлімшенің пайдаланылатын көрсеткішінің (еңбекақы төлеу қорынан немесе тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістен) үлес салмағын ескере отырып жүргізіледі.

Өз құрылымдық бөлімшелері үшін заңды тұлға төлеуге тиіс салық сомасы осы Нұсқауға 6А қосымшасында белгіленген нысан бойынша заңды тұлғаның бас ұйымы жүргізген, құрылымдық бөлімшелер бөлшегінде табыс салығы сомасы есебінің негізінде айқындалады. Бұл ретте, жеке балансы мен банк шоты жоқ өзге де құрылымдық бөлімшелер үшін заңды тұлғалар төлеуге тиіс салық сомасының есебі әрбір облыс немесе Астана, Алматы қалалары бойынша жеке айқындалады.

Табыс салығы сомасын бөлу есептері мынадай құжаттарды тапсыра отырып, салық заңдарымен белгіленген мерзімдерде бас ұйымның тіркеу орны бойынша салық комитетіне ұсынылуы тиіс:

анықтамада көрсетілген аванстық төлемдерді құрылымдық бөлімшелер бойынша бөлумен - табыс салығының күтілетін сомасы туралы анықтаманы; құрылымдық бөлімшелер бойынша тиісті тоқсан үшін төленуге тиіс салық сомасын бөлумен - алдын-ала есептерді;

жиынтық жылдық кіріс туралы декларацияны және құрылымдық бөлімшелер бойынша салық сомасын есепті кезең үшін декларация бойынша есептелгендерді бөлумен - жүргізілген ұстап қалуларды.

Жеке балансы мен банк шоты бар өзге де құрылымдық бөлімшелер үшін филиалдар мен өкілдіктер табыс салығын төлеуді олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге жүзеге асырылады. Бұл ретте, бас ұйым аталған құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша тиісті салық комитеттерінде табыс салығы бойынша есептерді жүргізу үшін жеке шоттарды ашады.

Жеке баланс пен жеке банк шоты жоқ болған кезде өзге де құрылымдық бөлімшелер үшін табыс салығын төлеу облыстар, Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне окшауланған құрылымдық бөлімшелерге келетін жалпы сомадан бас ұйым жүзеге асырады. Бас ұйым Астана, Алматы қалаларының немесе облыстардың аумағында орналасқан аталған құрылымдық бөлімшелер үшін табыс салығы бойынша есептерді жүргізуге облыстар, Астана, Алматы қалалары бойынша тиісті салық комитеттерінде жеке шоттар ашады.

Бұл орайда, бас ұйымның тіркеу орны бойынша салық органы басшысының қолы қойылған және мөрмен куәландырылған есеп айырысу көшірмелері олардың орналасқан жері бойынша тиісті салық комитеттеріне немесе тиісті есеп берулерді тапсыру үшін салық заңдарымен белгіленген мерзімдерде Астана,

Алматы қалалары бойынша тиісті салық комитеттеріне, облыстық салық комитеттеріне беруге жатады (табыс салығының күтілетін сомасы туралы анықтама, жиынтық жылдық кіріс және жүргізілген шегерімдер туралы алдын-ала есеп айырысулар және декларация).

Табыс салығы сомасын төлеу өз банк шотынан тікелей табыс салығы сомасы есебінің мәліметтері негізінде заңды тұлғаның бас ұйымы жүргізеді.

Салық жылының аяқталуы бойынша бір уақытта табыс салығы бойынша декларациямен бірге заңды тұлғаның бас ұйымы оларды тіркеу орны бойынша салық органының басшысы қол қойған және мөрмен куәландырылған табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысулар негізіндегі құрылымдық бөлімшелердің тексеріс актілерін өз тіркеу орны бойынша салық органына беруге міндетті.

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері бөлшегінде табыс салығы сомасы есебінің мысалы

А заңды тұлғасының құрылымы әртүрлі салық комитеттерінің есебінде тұратын бас ұйым басқармасы мен алты филиалдардан тұрады. Табыс салығының сомасын бөлуді А заңды тұлғасы еңбекақы төлеу қорының негізінде жүргізеді.

А заңды тұлғасының 1999 жылдың I тоқсаны үшін төлеуге тиіс табыс

салығының сомасы алдын-ала есепке сәйкес 500,0 мың теңге құрады. Мұның өзінде, құрылым бойынша жалпы 1999 жылдың I тоқсаны үшін есептелген жалпы еңбекақы төлеу қоры 2000,0 теңге құрады.

Өз құрылымдық бөлімшелері үшін төленуге тиіс табыс салығы сомасын айқындау үшін А заңды тұлғасының бас ұйымы 1999 жылдың I тоқсаны үшін мынадай есепті жүргізеді:

Заңды тұлғаның ! Салық ! Салық ! Еңбекақы ! %-гі ! Құрылымдық бас ұйымның және төлеу комитетінің төлеу қоры, еңбекақы бөлімшелер құрылымдық жүргізі. атауы және мың теңге төлеу үшін төленуге бөлімшелерінің летін мекен-жайы қорының тиіс салық атауы және бюджет үлес сомасы, мың мекен-жайы салмағы теңге

1 2 3 4 5 6

Бас ұйым, Астана Астана Астана қаласы 120,0
қаласының Алматы қаласы бойынша салық
ауданы комитеті

Астана қаласының Астана Астана қаласы 80,0
Сарыарқа ауданы қаласы бойынша
N 1 филиал салық комитеті

Астана қаласы 180,0 36,0% 72,0
бойынша
жиынтығы

Алматы қаласының Алматы Алматы қаласы 85,0
Жетісу ауданы, қаласы бойынша
N 2 филиал салық комитеті

Алматы қаласының Алматы Алматы қаласы 90,0
Алмалы ауданы, N қаласы бойынша
3 филиал салық комитеті

Алматы қаласы 175,0 35,0% 700,0%
бойынша
жиынтығы

Ақмола Ақмола Ақмола облысы 65,0
облысының облысы бойынша салық
Атбасар ауданы, салық комитеті
N 4 филиал

Ақмола облысы бойынша жиынтығы	65,0	13,0%	260,0%
--------------------------------	------	-------	--------

Қостанай облысының Амангелді ауданы, N 5 филиал	Қостанай облысы бойынша салық комитеті	Қостанай облысы бойынша салық комитеті	50,0
---	--	--	------

Қостанай облысы бойынша жиынтығы	50,0	10,0%	200,0%
----------------------------------	------	-------	--------

Жамбыл облысының Қордай ауданы, N 6 филиал	Жамбыл облысы бойынша салық комитеті	Жамбыл облысы бойынша салық комитеті	30,0
--	--------------------------------------	--------------------------------------	------

Жамбыл облысы бойынша жиынтығы	30,0	6,0%	120,0%
--------------------------------	------	------	--------

Жиынтық	500,0	100%	2000,0
---------	-------	------	--------

2. Жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Заңының 6-бабы 7-тармағына сәйкес заңды тұлғаның өтініші бойынша жеке баланстар мен банк шоттары бар кезде оның құрылымдары дербес салық төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін.

Табыс салығы бойынша бюджетпен дербес есеп айырысуды жүргізуге құқық

алу үшін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелермен бас ұйым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұсынуы тиіс:

- есепті салық жылында айды көрсете отырып, мөрі басылған және заңды тұлға басшысының қолы қойылған өтініш табыс салығы бойынша құрылымдық бөлімшенің дербес есеп айырысулары жүргізіледі;

- тиісті құрылымдық бөлімшеде жеке баланс пен банк шоттарының барлығы туралы аумақтық салық комитетінің растауы.

Табыс салығы бойынша дербес есеп айырысуларды құрылымдық бөлімшелер жүргізуге ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің рұқсатын алу кезінде аталған құжаттың көшірмесі тиісті құрылымдық бөлімшелерді тіркеудің және оны тіркеу орны бойынша аумақтық салық комитетінің бас ұйымы ұсынылуы тиіс.

Тиісті салық жылында бюджетпен дербес есеп айырысу құқығын алған құрылымдық бөлімшелердің табыс салығын есептеу және төлеу осы Нұсқаумен белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Мұның өзінде, мынадай құрылымдық бөлімшелер осы Нұсқаумен белгіленген мерзімдерде өз тіркеу орны бойынша салық органына табыс салығы бойынша декларацияны ұсынуы тиіс.

Табыс салығы бойынша бюджетпен дербес есеп айырысу жүргізуге құқық құрылымдық бөлімшеге берілетін шешім өзгертілген кезде заңды тұлға тиісті құрылымдық бөлімшені және бас ұйымды тіркеу орны бойынша салық органдарын хабардар етуге міндетті және құрылымдық бөлімшенің дербес есеп айырысуы аяқталатын айды көрсете отыра мөр қойылған және заңды тұлға басшысының қолы қойылғандығын растайтын құжатты ұсынуы тиіс.

Әлеуметтік салық бойынша дербес есеп айырысуды жүргізуге құрылымдық бөлімшенің өз құқығын заңды тұлға өзгерткен сәтінен бастап табыс салығын есептеу мен төлеу осы қосымшаның 1-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізілуі тиіс.

Құрылымдық бөлімшелер бойынша табыс салығын есептеудің дұрыстығын, сондай-ақ төлемнің толықтығы мен уақтылығын бақылау құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша салық органына жүктеледі."

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 Нұсқауына
N 6А қосымша

Ескерту. 6А қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.12.22. N 1573

V991039_

бұйрығымен.

Заңды тұлға атауы _____ СТТН _____
Мекен-жай, телефон _____ Аудан _____ Қала, облыс _____
Банк _____ Банк шоттары _____
Салық органының атауы _____ Салық органының мекен-жайы _____
Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелер бөлшегіндегі
табыс салығы сомасының есебі

N ! Заңды тұлғаның бас ! Салық ! Тиісті салық ! Тауарларды
ұйымның және төлеу органдарының (жұмыстарды,
құрылымдық жүргізі. атауы және қызмет көрсетулерді)
бөлімшелерінің летін мекен-жайы сатудан кіріс немесе
атауы және бюджет еңбекақы төлеу
мекен-жайы көрсеткіші, мың теңге

1 2 3 4 5

Заңды тұлға бойынша
барлығы

таблицаның жалғасы

%-гі заңды тұлға бойынша ! Құрылымдық бөлімшелер үшін
жалпы көлемдегі үлес салмақ. төленуге тиіс салық сомасы,
тың көрсеткіші _____ мың теңге

100,0

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі _____ Салық органы
Біз осы есепте келтірілген мәліметтердің _____
шындығы мен толықтығы үшін Заң алдында _____ Заңды тұлғаларға салық
жауап береміз _____ салу бөлімінің
_____ бастығы _____

Басшы _____ (күні, қолы)
(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(аты-жөні) (қолы)

Күні _____ МО

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 28 маусымдағы
N 33 Нұсқауына 7 қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999.05.19. N 519 V990802_ бұйрығымен.

N 1 нысанындағы әрдайымғы мекеме құрмай Қазақстан Республикасында
қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғадан табыс салығынан босату,
табыс салығы ставкасын төмендету туралы Өтінішті ресімдеу тәртібі мынадай:

